

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

МЕМЛЕКЕТ, ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ



МЫШЛЕНИЕ КАК ТВОРЧЕСТВО

Алматы
2014

ӘӨЖ 342.5:1/14 (035.3)

КБЖ 67.400.6+87.3

М 44

ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі басыпаға ұсынған

Жалпы редакцияны басқарған:

З.К. Шәукенова, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

С.Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар:

М. Сәбит, философия ғылымдарының докторы, профессор

Б. Сатершинов, философия ғылымдарының докторы, доцент

С. Колчигин, философия ғылымдарының докторы, профессор

А. Камалиденова, философия ғылымдарының кандидаты

Авторлық ұжым:

Әбішев Қ., философия ғылымдарының докторы, профессор (ұжымдық монографияның жетекшісі) (*алғы сөз, 1, 2, 3 тараулар, қорытынды*); **Кокушева Ә.**, докторант (*4 тарау*); **Жетпісбаева М.**, философия ғылымдарының кандидаты (*5 тарау*).

Авторский коллектив:

Абишев К., доктор философских наук, профессор (руководитель авторского коллектива) (*введение, 1 глава, заключение*);

Изотов М., доктор философских наук, профессор (*2 глава*).

М 44 Мемлекет, оның басқару формалары / Жалпы ред. басқ. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов = **Мышление как творчество**. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 224 б.

ISBN – 978-601-304-025-7

Ұжымдық монография мемлекет, оның түпкі мәні, басқару формалары туралы мәселелердің философиялық мазмұнын жан-жақты ашуға арналған. Бұл тақырып қоғамдық ойдың тарихында ең өзекті мәселелердің бірі ретінде қаралып келеді. Қазіргі кезеңде осы мәселелер, көбінесе, тарихи, социологиялық, саясаттану тұрғысынан талданып жүр. Авторлардың пікірінше, мемлекеттің түпкі мәні де, оның басқару формалары да барлық мәдениеттер мен өркениеттер үшін ортақ негізде құрылады.

Бұл ұжымдық монография ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар, мемлекеттің мәні, басқару формалары туралы мәселелерге қызығушылық білдіретін жалпы оқырман қауымға арналады.

Коллективная монография посвящена уяснению философского содержания государства, форм его правления, а также анализу творческой функции мышления человека. Функция отражения является хотя и важной, но второстепенной. Понимание творчества как сущностного назначения мышления, идеального в человеческой жизни единственно и может объяснить бытие человека в мире, его историю, его деятельность, а не отражение мышлением бытия вообще и общественного бытия в частности. Такое понимание ставит на первый план ценностно-мотивационную сферу человеческого мышления, а познавательно-отражательную – на второй.

Коллективная монография адресуется ученым, преподавателям, а также всем, кого волнуют актуальные проблемы философии.

ӘӨЖ 342.5:1/14 (035.3)

КБЖ 67.400.6+87.3

ISBN – 978-601-304-025-7

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014

**МЕМЛЕКЕТ, ОНЫҢ БАСҚАРУ
ФОРМАЛАРЫ**

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАР (Антика және Орта ғасыр ойшылдары).....	8
2 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҮЗІМДЕР (Жаңа дәуір).....	24
3 МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСҚАРУ ФОРМАСЫНЫҢ АДАМ МӘНІНЕ НЕҒҰРЛЫМ САЙ ФОРМАСЫ ЖӨНІНДЕ (Маркстік теория).....	58
4 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	80
5 М. ШОҚАЙ КЕЛЕШЕК ТҮРКІСТАН ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАСЫ ТУРАЛЫ.....	92
ҚОРЫТЫНДЫ.....	111

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекет, оның түпкі мәні, басқару формалары қоғамдық ойдың бүкіл тарихында ең өзекті мәселелердің бірі ретінде қаралып келді. Қазіргі кезеңде бұл мәселе, көбінесе, тарихи, социологиялық, саясаттану жағынан талданып жатады. Тақырып тарихи, социологиялық тағы басқа қырларынан емес, философиялық мәні тұрғысынан болғандықтан, Қазақстанның қоғамдық ғылымында ол жөнінде әдебиет жоқ деуге де болады. Авторлардың пікірінше, мемлекеттің түпкі мәні де, оның басқару формалары да, жалпы алғанда, барлық мәдениеттер мен өркениеттер үшін бірдей болып есептеледі. Мемлекеттің түпкі мәніне оның тек әрбір жеке мүшесінің еркі мен құқығын құрметтеуге құрылған басқару формасы неғұрлым сәйкес келеді, ал оған кереғар түрлері оның мәнінен алыстайды. Осы тұжырым бұл еңбектің негізгі нәтижелерінің бірі болып табылады. Авторлар оның дәлелі – «қоғамның ең алғашқы ұйымдасу қалыптары», – дейді. Ежелгі ең қарапайым ұйымдық (рулық тайпалық) формаларда жеке адамның алатын орны мен рөлі әлдеқайда орнықты. Қазақтардың хандық дәуірдегі жағдайы осы шамалас. Көптеген тарихи деректерге сүйенсек, оларда демократиялық тәртіптердің деспотиялық үстемдіктен тарихи ерте пайда болғаны айқын деп тұжырымдалған.

Көшпенділер қоғамындағы жеке адамның алатын орны мен рөлі – оның рулық қатынастарға қаншалықты берілгендігіне қарамастан отырықшыларға қарағанда әлдеқайда еркіндікте болғандығы белгілі. Көшпелілердің қадірлеген тарихи құбылысы – *еркіндік* ұғымы – жалпыадамзаттың түпкі құндылығы, өмірінің түпкі мәні. Бұл еңбекте көшпенділердегі еркіндік құбылысы жан-жақты, әсіресе А.Тойнбидің көшпенділердің еркіндігі жайлы ойларымен салыстыра зерттелген.

Сонымен қатар, қазіргі күні ХХ ғасырдың басындағы кейбір нақты мәселелерге байланысты Ә. Бөкейханов пен М. Шоқайдың айтқан жеке құнды пікірлері өте құнды болып табылады. Аталмыш монографиялық жұмыстың көздеген мақсаты – мәселені философиялық мәні тұрғысынан зерделеу.

Жалпы қоғамдық құрылым, соның аясындағы мемлекеттік құрылым адамдардың өзі қандай субъектілік қалыпта болса, соған тәуелді. Себебі, адамдар – қоғамды, мемлекетті құрушылар. Қандай дәуірде қандай адамдар қауымдастығы қандай негізгі құндылықтарды, мақсаттарды ұстанады, не нәрселерді ең биік асылдықтар деп, соған бой ұрады, дұрыс та, бұрыс та болсын, олар соған сай әлеуметтік түзімдер жасайды.

Бірақ, мысалы, Аристотельдің айтуынша, мемлекет тек өз азаматтарының бақыты үшін құрылады. Жаңа дәуір ойшылдары, әсіресе, Руссо мен Кант адамның түпкі табиғатының өзі еркіндік, олай болса, мемлекеттік құрылым осы еркіндік принципіне негізделуі қажет деп санаған.

Авторлар осы идеяларды талдай отырып, Қазақстанда тәуелсіз мемлекеттік форма әрбір азаматты дербес субъект ретінде қарай алатын мемлекеттік жүйе болуы тиіс деп ойлайды. Ондай жүйе – демократиялық республика. *Демократиялық жүйе – адам табиғатына, оның түпкі мәніне сай келетін басқару жолы.* Демократияның балаң, әлі жетілмеген түрі – қауымдық құрылым. Империялар құрылмай тұрған дәуірдегі адамдар қатынасы, оның Қазақстандағы көшпенді қоғамдық тәртіптің формасы – хандық билік те осы демократиялық жүйенің біршама өзгерген түрі. Көшпенділерде диктатуралық, тираниялық биліктің болуы мүмкін емес еді.

Осы концепциялық тұрғыдан қаралған «ойлаудың құндылықтық-пиғылдық саласының ерекшеліктері» мәселесіне арналған бөлігінде большевиктер билеген кеңестік дәуірдегі тарихты материалистік тұрғыда түсінудің түпкі принциптерінің жалған көзқарас екендігі сарапталады. Авторлар ең алдымен бейнелеу теориясын теріс деп санайды. Лениндік бейнелеу теориясы деп аталған көзқарас ойлаудың түпкі мәнін көрсете алмайды, себебі, бейнелеу бар объектінің ой жүзіндегі бейнесін құра алады. Тек бар нәрселердің идеал-

дық бейнесін түзу адамдар өмірінде, қоғамда үнемі болып жататын жаңа үдерістердің өзгешеліктердің бейнесін көрсете алмайды. Бейнелеу бар нәрселерді идеалдық түрде қайталаумен ғана шектеледі. Ал адамдар өз іс-әрекеттерінде әрқашан өмірде бұрын болмаған, өздерінен тыс табиғатта тіпті болуы мүмкін емес жаңа нәрселерді – жаңа қатынастарды, бұйымдарды, құрал-жабдықтарды түзіп, орнатып жатады. Ол жаңа нәрселердің ойлаудағы бейнелері, идеалдары, мақсаттары т. б. олардан сөз жоқ, бұрын қалыптасады. Ең алғашқы тас балталардан бастап, қазіргі ракеталарға дейінгі құралдар адамдар ойлауында олардан бұрын пайда болады, тек содан кейін ғана олар материалдық, заттық түрде іске асырылып жатады.

Яғни, әркім үшін күнделікті тәжірибеден белгілі осындай – үдерістер адамдар тарихында, әлеуметтік өмірде идеалдықтың, ойлаудың шын мәнінде іс-әрекеттік қимылдардан, оларды іске асырудан уақыт жағынан бұрын ғана емес, қайта адамдардың материалдық болмысын анықтайтын шешуші анықтаушы фактор екенін көрсетеді. Яғни, бұл тұрғыдан философияның негізгі ойлаудың болмысқа қатынасы туралы мәселеде – ойлаудың бірінші, ал болмыстың екінші екені ақиқат. Философия тарихында осы мәселелердің маңында қаралған негізгі ой жүйелер талданып, ондағы материалистік көзқарастардың, соның ішінде маркстік материализмнің идеялық адасушылық екендігі баяндалады.

1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАР (Антика және Орта ғасыр ойшылдары)

Мемлекет мәселесі, жалпы билік туралы мәселе ерте замандардан-ақ қоғамдық-саяси ойдың өзекті бөлігі болып келеді. Мемлекеттің түпкі мәні, әрине, билік ұғымына келіп тіреледі. Көп жағдайларда тіпті билік пен мемлекетті бір нәрсе деп қарау үйреншікті қалып алатыны да бар. Жалпы философиялық ойда (оны ерте кезде метафизика деп те атағаны мәлім) мемлекетті оның жеке өзгеше формаларынан оқшау, дербес ұғым ретінде қарастыру қалыптаса бастаған.

Мемлекеттің түпкі табиғаты (мәні), оның қандай бастаулардан туындайтыны, түпкі нәр алатын тамырлары жөніндегі ізденулерді біршама шартты түрде екі типке бөлуге болады деп ойлаймыз. Олардың біріншісі – мемлекеттің, жалпы биліктің шығу көзін адамдар әлемінен тыс, тіпті кейде табиғаттан да тыс күштерден іздейді. Бұл ең алдымен әртүрлі діни бағыттарға тән. Мемлекетті, оның тәртіптері мен талаптарын дүниеден тыс құдіретті күштердің адамдар үшін жер бетінде орнатқан тәртібі деп түсінетін көзқарастар өткен дәуірлерде кең тараған. Қазіргі кезеңдерде де үлкен ықпалы бар. Осы типтес бағыттағы қисындарға Антика дәуіріндегі Платонның, Аристотельдің, Орта ғасырларда әл-Фарабидің Жаңа дәуірдегі Спинозаның, Гегельдің, Ницшенің, Шпенглердің философиялық жүйелерін жатқызуға болар еді. Бұл салаға мемлекеттің, жалпы биліктің шығар көзін әлемдік, табиғат күштерінің арасындағы өзара байланыстарынан көретін толып жатқан қисынсымақтар да жатады. Олардың ішінде кез-келген себеп пен салдардың байланысын мемлекеттің, адамдардың ара қатынастарымен бара-бар деп санайтын, тек сыртқы ұқсастыққа негізделетін көзқарастар да бар. Сондай тым тұрпайы көзқарастарға Э. Канеттидің тек

механикалық сипаттағы түзімдері мысал бола алады. Осы типтес көзқарастарды құрайтын ой жүйелерін шартты деп есептейтін себебіміз – олардың біразы түпкі себепті адамдар дүниесінен тыс күштерден көре отырып көп жағдайда олардың қоғамдағы өзара қатынастарына үлкен мән беріп, талдайтындарымен ұштасып жатады. Бұл, мысалы, Гоббс, Вольтер, Руссо, Канттарда бар. Екінші типті билікті, оның негізгі формасы – мемлекетті – адамдардың өздерімен, адамдар құратын дүниемен байланыстырып, негізінде сол арқылы түсіндіруге ұмтылатын ой жүйелерін құрайды. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері Жаңа дәуірдің белгілі тұлғалары Гоббс, Локк, Юм, Монтескье, Вольтер, Руссо, Кант, Фихте, Маркс т. б.

Әлеуметтік ойдың, соның ішінде философиялық ойдың тарихында көбінесе қоғам мен мемлекетті ажырата берген жоқ. Олар бір нәрсе сияқты қаралып жүрді. Бұл әсіресе Антика дәуірінде басым болды.

Мемлекет туралы жүйелі түрде әрі ол туралы белгілі бір идеяны негіздеп өрбітуді алғаш рет Платон іске асырды. Бұрын да айтқандай Платонның ой үйірінде мемлекет ұғымы қоғам ұғымымен бара-бар. Жалпы алғанда ол дұрыс та. Платон заманында қоғам әлі өте кең түрде іштей жіктеліп, өмірдің толып жатқан салаларына бөлініп, бір-бірінен алшақтап кете қойған жоқ. Сондықтан мемлекет те қоғамнан бөлектенген өзгеше құрама ретінде көріне қоймаған. Қоғамдық тұтастықтың бүтіндігін ой жүзінде көріп, қамтып қарастыру қазіргіден көрі оңайырақ. Өз кезіндегі Афиналардағы біршама дамыған демократиялық басқаруды Платонның теріс бағалағаны белгілі. Ондағы азаматтардың әсіре белсенділігі, жүйелі заңдардың әлі бекімегендігі, маңызды шешімдердің халық жиналыстарында қабылданып, олардың жиынға қатысқандардың көңіл күйіне орай өзгере беретіндігі белгілі топтардың байып, өздеріне көрші полистерді бағындыруға, басып алып үстемдік құруға ұмтылулары т. т. өзгерістер Платонның кезінде жүйелі тәртіптен көрі анархияға ұласатындығы оның теріс бағасына негіз де бергендігі айқын. Платонның өзінің ақсүйектер тұқымынан шыққандығы да оның осы көңіл күйіне әсер еткен болар. Афиналардағы демократиялық тәртіптерді аса жек

көріп кетуіне әсіресе өзі аса бағалайтын ұстазы Сократты халық жиналысының шамалы ғана артық дауыспен өлім жазасына бұйырған шешімі әсер еткен дейді.

Осы айтылған кейбір жәйттерден-ақ Платонның демократияға, жалпы қарапайым бұқараға қатынасының төмен екендігі түсінікті. Демократия оның ойынша қарадүрсіндердің билігі. Көптеген сұхбаттарында (диалог), «Мемлекетте де» халық туралы оның сөздері менмендікке толы. Халық, яғни, қаралардан, тіпті тобырлардан тұрады. Тобырдағы адамдарға тек пікір тән, бірақ таным жоқ. Таным тектілерге ғана тән. Таным барлық құбылмалы көріністердің, өзгерістердің ар жағындағы ешқашан бұлжымайтын, өзгермейтін болмысты көре алады. Құбылыстардың әр тегінің түпкі идеясы бар. Яғни бүкіл құбылыстар, болмыстар дүниесінің ар жағында мәңгі идеялар жүйесі бар. Идеялар әрбір тектің түпкі үлгілері, таза мәндер. Табиғаттағы, адамдардағы құбылыстар сол мәңгі үлгілердің тек солғын бейнелері, солғын ұқсастықтары, көлеңкелері. Табиғаттағы құбылыстар бірінші көлеңке, ал табиғат құбылыстарына еліктеп адамдар жасайтын заттар, мүліктер, істер көлеңкенің көлеңкесі.

Платон философиясы сондықтан бүкіл әлемді, ондағы денелерді жанды, зерделі (разумно) деп түсінуге негізделген. Ең жетілген, ең биік зерделі нәрселер мәңгі айнымас қозғалыста болады, яғни олар қозғалады, бірақ өзгермейді. Осындай денелерге ол ең алдымен аспан денелерін – күн, жұлдыздарды жатқызады. Себебі олар қатаң тәртіппен айнымас қозғалыста. Оларда өзіндік мәні таза күйінде, түпкі идеясы біршама сәйкестік формасын тапқан. Ал ең тәртіпсіз қозғалыста, құбылмалы жағдайда жүретіндер – тірі жәндіктер, жануарлар, әсіресе адамдар. Осы тұрғыдан қарағанда адамдар – ең жетілмеген зерделілер. Олар құратын қоғамдағы, мемлекет формалары үнемі өздері сияқты тұрақсыз, өзгермелі. Солардың ішінде әсіресе, тирания, демократия сияқты түзімдер.

Адамдар бүкіл космостың бір бөлігі ғана. Олар Космостың мәңгі заңдарымен өмір сүруі керек. Ал космосты, мәңгі идеялар жүйесін ұлы Жаратушы (Демиург) орнатқан. Мәңгі Космос өзгермек емес. Адамдар болса одан ауытқып, алшақтай бер-

мей Космостық тәртіп бойынша өз дүниесін, яғни өз қоғамын, мемлекетін құруы тиіс. Яғни мемлекет те мәңгі бұлжымас тәртіпте жасалуы тиіс.

Платон философиясында, тіпті жалпы сол дәуірдегі қоғамдық ой үрдісінде даму идеясы әлі жоқ, әлі белгісіз деп есептейтін баға (мысалы, А.Ф.Лосев, т. б.) дұрыс деп ойлаймыз. Өйткені Платон өзгермелікті, тұрақсыздықты жетілмегендіктің белгісі деп қарайды. Ал даму ол тұрғыдан тіпті ақылға сиымсыз нәрсе деп қабылданар еді.

Яғни, Платон мемлекеттің мәңгі өзгермейтін, ең жетілген түрін табу керек деп есептеді. Ал ондай биліктің Космостық құрылымында үлгі боларлық нышаны қайсы? Оның ойынша ондай нышан – бүтіннің бөлікке үстемдігі немесе одан басымдығы. Егер бүкіл Космосты бүтін деп қарасақ, – ал ол тап солай, – онда адамдар да соның бір бөлігі. Мемлекет те еңдеше жалпы космостық заң немесе принцип бойынша құрылуы керек. Ол принцип адамдарда әділеттілік деп аталса, онда бүкіләлемдік әділеттілік, ол – бүтіннің өз бөліктерінен басымдығы, тіпті оларға үстемдігі. Онда адамдар өміріндегі бүтіндікті не құрайды? Платонша ол – мемлекет, ал адамдар, олардың әртүрлі топтары – бөліктер. Платон өз кезіндегі үш адамдар тобын атайды: шаруалар, қолөнершілер және сақшылар. Бүтіндіктің мүддесі, яғни бүтіндікті сақтау ең биік мүдде. Ол ең жалпы мүдде ешбір жеке мүддемен үйлеспейді. Бүтіндік өзі өзі үшін түпкі мақсат. Ешбір жеке адамның, топтың мүддесі, мұқтаждықтары жалпы мүдденің өзгеше көріну түрі емес. Себебі тұтастық, бүтіндік бөліктерді тудырады, әрі оларға абсолюттік мағынада тәуелсіз. Космостық ауқымда болсын, мемлекет ауқымында болсын. Сондықтан адамдарда бақыт деп есептелетін нәрселер шын мәнінде тұтастықтың бақыты, жеке адамның, адамдар топтарының мөлдек бақыты болмайды, олай деп ойлау – жалғандық. Платонның ұғымында мемлекеттік тұтастықтың бақыты да жеке адамның өз жанында күй кешетін бақыты емес. Ол тіпті жеке түрде бола алмайды. «... Ешкім де – еркек те, әйел де – ешқашан бастықсыз қалмау керек. Маңызды істерде де, ойында да ешкімде өз қалауынша әрекет етуге өзін үйретпеуі тиіс: жоқ, қашанда болсын, – соғыста да, бейбіт

шақта да бастыққа қарайлап және оның нұсқауларымен өмір кешу керек. Тіпті ең ұсақ-түйек нәрселерде де сол нұсқауларды басшылыққа алып отыру керек, мысалы, оның бірінші бұйрығымен орнында тоқтап, ілгері жүріп, жаттығуларға кірісіп, жуынып, тамақтанып, күзетке тұруға және тапсырмаларды орындауға түнде ояну керек. Ең қауіпті жағдайларда да тек бастықтың түсіндіруімен ғана жауды қудалап немесе шегініс жасау керек. Қысқасы, адам жаны басқалардан оқшау бір нәрсе істей алмайтын болып, тіпті оның қалай болатынын түсінбейтін болып машықтансын. Мейлі барлық адамдардың өмірі барлық уақытта мүмкіндігінше неғұрлым толығымен ынтымақта және бірдей болсын... Бағыныштылықсыздық барлық адамдардың, тіпті адамға тиісті жануарлардың да өмірінен аластатылуы керек» [1, 444 б.]. Солай бола тұра Платон мемлекеттегі екі топтың адамдарында жеке меншіктің, жеке от басының болуын мойындайды. Олар – шаруалар мен қол өнершілер. Бірақ, ең жоғарғы топ – сақшыларда меншік те, жеке от басын құру да болуға тиіс емес. Оларда әйелдер де, перзенттер де ортақ. Сақшылар (стражи) мемлекеттің тұтас мүдделерін қорғаушылар. Сақшыларда әсіресе ешбір Платонның өз сөзі бойынша – өз тәнінен басқа – меншік бола алмайды. Жеке жанның тек өзіне ғана қатысты мүдде-мақсаттар түгіл, ешқандай сезім, жан толғаныстары да болуы тиіс емес. Олар өз балаларын да біле алмайды, білуге тиіс те емес, екі адам арасында жекелік жақындық, достық, сүйіспеншілік сезімдер де мемлекеттің бүтіндігіне, оның ішкі беріктігіне жат нәрселер.

Платонның жетілген (идеалдық) мемлекет туралы идеясы бойынша онда жалпылықтың абсолюттік үстемдігі болу қажет, бірақ жекелікке, өзгешелікке орын жоқ. Жекеліктің болуы мемлекеттің тұтастығын бұзады, оны ірітеді.

Жекеліктің өзіндік ерекшелігін мойындамайтын Платонның жалпылық идеясы абстракциялық сыңаржақтылыққа жақын.

Ертедегі гректерде әрбір кішігірім қалашықтардың өз алдына дербес мемлекет (полис) болып құрылғаны мәлім. Қала көбінесе белгілі бір өңірдің орталығы. Ауыл шаруашылығының, қолөнердің ұйытқысы. Оларда мемлекет басқарудың патша-

лық, аристократиялық, олигархиялық және демократиялық формалары қалыптасты. Іс жүзінде олардың әр қайсысы да таза күйінде әрдайым бола бермеген. Алғашқы қауым, ру-тайпалар басқа этникалық топтар іштей жіктеліп және басқа тайпалық одақтармен араласа берген сайын билеу, басқару қызметінің бөлініп, оқшау бір адамдар тобы атқаратын үлесіне айнала берген. Алғашқы патшалық форма тікелей ру басыларынан өрбуінен деуге болады. Бірақ, ол патшалық әлі ешбір деспотиямен байланысты емес. Деспотиялық немесе тираниялық форма (егер оны форма деп айтуға болса) соғыс жағдайларында, белгілі бір қаруланған күшті халықтың басқа бөлігіне қарсы тұра алатын кезеңдерде пайда бола алады. Оны бұрын да айтқанымыздай, Платон басқару формасы ретінде атағысы да келмеген сияқты. Өйткені ол жекеліктің жалпылықтың, бүтіндіктің түріне ие болып, оны бұзудың формасы. Оның ойынша тирандық басқару ең жарамсыз, өйткені тиран билеуде тек өзінің айнымалы көңіл күйіне ғана сүйенеді. Мысалы, Платонның «Заңдар» (Законы) деп аталатын соңғы көлемді еңбегінде осыған байланысты мынандай сөздер бар: «...Парсылар халықты еркіндіктен айырды және деспотиялық бастаудың өріс алуына қажеттіліктен тыс тым артық мүмкіндік берді...» [1, 291, 302 бб.]. Платон дәуірі қарапайым қауымдастықпен құрылған алғашқы мемлекеттік жүйелердің іштей бөлшектеніп, жіктеліп, ел-жұрттың көбейіп, қоғамдардың ұлғайып, байып келе жатқан кезіндегі қайшылықтар кезі еді. Ол қарапайым қауымдастықтардағы ішкі берік тұтастықты биік мұрат деп түсінген болса керек. Осы мұраттың көзімен қарағанда ол үшін Афиналар емес, Спарта артығырақ көрінген. Спартаның ішкі өміріндегі аса қатаң бірегейлікті, азаматтардың тым бірдей әскери тәртіпке жақын өмірі оған қияли мемлекеттің үлгісіндей көрінген болар.

Оның үстіне Платонның есейген шағында қалыптасқан дүниетанымы да, жалпы философиялық ұстанымдары да оның мемлекет туралы мұраттарына негіз болды деуге болады. Ұстазы Сократтың аса зор ықпалының негізгі өзегі – ол танымды пікірге қарсы қойып, оның негізгі принциптерін айқындауында. Жас Платонға айрықша әсер еткен нәрсе

– Сократ не нәрсе туралы сөз болса да, соның түпкі мәнін анықтауға ден қоятындығы болған. Ол кезде шау тартқан Сократ Афиналардың көшелерінде белгілі бір істердің білгірі деп есептелетін кісілерге сол істің өзі не нәрсе деген сияқты сауалдар қойып әңгімеге тартып жүреді екен. Өзін мемлекет ісіне дайындап жүрген біреуден: сен әділеттіліктің не екенін жақсы білетін боларсың, өйткені мемлекет ісінің мақсаты сол ғой, маған соны түсіндірші деген сияқты. Нәтижесінде оның әділеттің не екендігін білмейтіндігі анықталады. Яғни Сократтың негізгі ойлау әдісі әңгіме болып отырған нәрсенің ұғымын анықтау. Бұрынғы ойшылдарда бұл айтылып келсе де, Сократ пен кейін осы әдісті дамытқан Платонның бұл толық мағынасында ашқан ұлы жаңалығы деуге болады. Егер әділеттілік туралы қанша бас бар болса, сонша пікір болуы мүмкін, бірақ оның ұғымы біреу-ақ. Әрине, белгілі бір тарихи дәуірде, белгілі бір мәдиеттің ауқымында. Әділеттілік мемлекеттің түпкі мақсаты, ал ол – бүтіннің бөлікке үстемдігі. Яғни, ол бүкіл космостық принцип болғандықтан ешбір өзгеруге тиіс емес. Бүкіләлемдік идеялар дүниесінде әділеттіліктің де үлгісі бар, адамдар соған тек еліктей алады.

Мемлекет туралы өз идеяларын Платон Сократтың атынан баяндағаны белгілі. Сократтан жазба мұра қалмағандықтан олардың көзқарастарының қаншалықты бірдей екендігі туралы айту қиын. Платонның «Сократтың ақталу сөзі» («Апология Сократа») деп аталатын алғашқы еңбегінің мәнінен Сократтың демократиялық көңіл күйге әлдеқайда жақын екендігі сияқты әсер қалады. Оның екі шәкірті – Платон мен Ксенофонттың ол туралы жазғандарында Сократтың рухани бейнесі біршама әртүрлі. Платонның «Критон» деп аталатын сұхбатында (диалогында) у ішіп өлуге кесілген Сократ досы Критонның Афиналардан қашып кетуді ұйымдастырғанын айтып жасаған ұсынысына қарсы келіп, мемлекеттің шешімі тіпті әділетсіз болған күннің өзінде де оның азаматтары соған көнуі тиіс деген ойды айтады. Бұдан *біріншіден*, мемлекеттің шешімі әділетсіз де болатыны оны бүкіл космостық тәртіп деуге қайшы, *екіншіден*, ондай шешімді өзгертуге де болады деген мағына шығады. Бұл әлдеқайда демократиялық тұрғы. Өзін өлімге бұйырған

шешімді Сократ әділетсіз деп есептейді, бірақ азаматтар сондай шешімдерге қарсы шыға берсе, онда мемлекет жойылады, ал бұл бәрінен де қауіпті. Ол шешім демократиялық жолмен, яғни халық болмашы ғана артық дауыспен (ол кезде халыққа азаматтарды ғана кіргізген) қабылдағандықтан бөліктің бүтінге бағынуы туралы ұстанымға сәйкес келеді, бірақ егер сол халық біршама көпшілік дауыспен Сократты жазықсыз деп шешім қабылдаса, ол да сол принципке сай келеді. Ол принцип, олай болса, мағынасы жағынан әртүрлі бола бере алады екен. Және ол формальдық жағынан ұстанылатын принцип болғандықтан жалпы демократиялық мазмұнға алаңсыз қайшы емес.

Осындай мағынаға Платон алғашқы еңбектерінде жол бере алғанмен (мүмкін ол Сократтың әсері де болған болар) кейінгі «Мемлекет», әсіресе «Заңдар» («Законы») деген көлемді шығармаларында жекеліктің мемлекеттің тұтастығындағы аз да болса рөлінің болуын жоққа шығаруға дейін ұласады. Солай болып тұрса да Платон шығармаларын бәрін дерлік монологқа емес, диалогқа құрды (Сократтың атынан дедік). Яғни талқылану, әртүрлі көзқарастардың жарысы түрінде. Ал диалог – демократиялық жүйелерде ғана өріс ала алатын форма. Тарихи кейінгі дәуірлерде бекіп алған деспотиялық, тираниялық басқару жүйелерінде диалогтарға көбінесе орын жоқ, қатаң монологтық бірдей ойлау, бірдей түсіну, бірдей айту тәртіптері орын алады. Адамдар дамуының жоғарырақ деңгейінде, яғни сол Платон заманының өзінде де, адамдардың бірдей ойлауы мүмкін емес. Қаншалықты қатал биліктер де өз идеологиясына сай бірдей ойлауға қол жеткізе алған емес. XVII ғасырда Б.Спиноза айтқандай табиғат әр адамға бір-бір бастан бергендіктен әркім өз басымен ойлауға тиіс. Сөйлеуде белгілі бір бірдейлікке мәжбүрлеу мүмкін болар деген ол, бірақ бірдей ойлауға мәжбүр ету мүмкін емес дейді.

Антика дәуірінде мемлекет туралы жүйелі түрде сараланған тағы бір елеулі еңбек қалдырған Платонның шәкірті *Аристотель* болды. (Б.д.д. 384–322 ж.ж.). Бұл жөнінде ол «*Саясат*» аталатын көлемді кітап қалдырды.

Мемлекет Аристотель үшін биліктің ұйымдық ең жоғарғы формасы. Бірақ билік бүкіләлемнің негізгі принциптерінің бірі.

Ал ол бүтіннің бөлікке үстемдігі, артықшылығы. Бұл тұста ол Платонмен бірдей көзқараста. Аталған еңбегінде мемлекеттің шығу негізін ол былай түсіндіреді: «Сонымен мемлекет табиғатынан өмір сүреді және табиғатынан әрбір адамнан бұрын: сондықтан жеке адам оқшауланып қалғанда өзі өздігінен бола алмайтындықтан, оның мемлекетке қатынасы кез-келген бөліктің бүтінге қатынасындай. Ал қарым-қатынастарға қабілетсіз немесе өзін-өзіне жеткілікті деп есептеп, оларды қажет етпейтін болса, ол жануарға айналып, я құдайға айналып, мемлекеттің элементі болудан қалады. Барлық адамдарға табиғат мемлекеттік қарым-қатынасқа деген талпынысты берген, ал осы қарым-қатынасты алғаш ұйымдастырған адам адамзатқа ұлы игілікті табыс етті. Қалыптасуының шегіне жете алған адам тірі жәндіктердің ішіндегі ең жетілгені, ал керісінше, заң мен құқықтан тыс өмір сүретін адам – олардың ең жаманы, өйткені қаруланған әділетсіздік – ең зардапты нәрсе; табиғат адамға ақыл мен адамгершіліктің күшін сыйлап, осындай қару берді, ал оны кері бағытта да қолдану әбден мүмкін. Сондықтан адамгершіліктен махрұм адам ең арсыз, ең анайы, жыныстық және талғамдық ұмтылыстарында ең дөрекі мақлұқ болып шығады. *Әділеттілік ұғымы мемлекет хақындағы түсініктермен байланысты, өйткені әділеттіліктің өлшемі болып қызмет ететін құқықтық-саяси қарым-қатынастарды реттейтін тәртіп*» [2, 315 б.].

Яғни бүкіл жақсылық, жамандық, игілік, жалпы адамгершілік, әділеттілік, әділетсіздік, құқық, ақыл т. б. барлығы адамдардың түзетін нормалары емес, оларға табиғаттан берілетін немесе берілмейтін қасиеттер. Бірақ, оларды ұстану немесе ұстанбау әр адамның немесе олардың тұтас кейбір құрамаларының өз таңдауларына да бағынышты. Мемлекет осы табиғат заңдарынан шығатын табиғи туынды, адамдардан бұрын әрі оларға тәуелсіз. Солай бола тұрса да адамдарда таңдау еркіндігі бар, өйткені олар сол тәртіпті ұстана білсе – адамдар, ұстана алмаса – жануарлар. Сондай еркіндіктің болуы адамдарға жауапкершілік жүгін артады, себебі ұстану-ұстанбау олардың өз шешімі болып шығады. Бірақ, өз қағидаларынан шығатын осы соңғы логикалық қорытынды туралы Аристотель анық түрде көрсете бермейді.

Билік барлық жағдайда үстемдік түрінде көріне бермейді, ол бүтіннің өз бөліктерінен артықшылығы, беделділігі, ықпалдылығы, өз бөліктерін тудыра алатындығы, ұйыстыра білетіндігі т.т. Зорлық үстемдіктің ең жарамсыз түрі, тіпті оның табиғатын бұзады.

Биліктің түрлері көп: Отбасы иесінің оның мүшелеріне, жанның тәнге, бір адамның екінші адамға, бір жанды жәндіктердің екінші жәндікке, еркін туғанның құлға және әрине, ерікті азаматтардың мемлекеттің тәртібіне т. т. Бұлардың ішіндегі ең жетілгені – мемлекеттік билік. Мемлекеттік билік тек адамдарға ғана тән. Табиғат адамдарға ғана мемлекеттік өмірге құлшынысты дарытқан. Ол құлшыныс бұлтартпас қажеттілік емес. Тіршілік мұқтаждық байланыстарына сай адамдар әртүрлі ұйымдар, топтастықтар құра береді, оларда да билік бар, бірақ мемлекеттік билік ең қымбат, ең жоғары бақытты өмір үшін құрылады.

Ал бақытты өмір әрине, әр азаматтың мемлекеттің тұрақтылығына, беріктігіне қызмет ету. Ол тұрақтылық үнемі әділеттілікті қамтамасыз ету. Әділеттілік дегеніміз не деген сұрақ бойынша ол көптеген ол туралы пікірлерді саралап шығады, оларға: күштінің құқы, дәулетінің құқы, игі жақсылардың құқы т.т., ал соған байланысты күшті, дәулетті, игі жақсы, т.т. мағынасы нені білдіреді дегендердің бәрін дегендей тәптіштеп талдап шығады. Нәтижесінде Аристотель азаматтардың – олар қандай топқа жатпасын – жалпы құқықтарында артықшылықтардың болмауына қарай ойыспайды, себебі артықшылықтар теңсіздікке әкелсе ол наразылықтар туғызып, бірлікті бұзады.

Мемлекеттің түпкі негізіне байланысты Аристотель Платонмен пікірлес болғанымен әртүрлі топтар мен жеке адамдардың жекелік мүдделеріне ой жүйесінде орын қалдырады. Ондай мүдделердің үйлесімдігіне көп көңіл бөлген. Түпкі принциптерді нақты өрбіту мәселелеріне ауысқан сайын Аристотельдің түсінуі Платоннан алшақтай берген. Мысалы жеке адамның жеке мүддесін алаңсыз тәрік етуде ол Платонмен келіспейді. Бірақ Платон ойларын Сократтың атынан айтатындықтан Аристотель де сыни көзқарастарын Сократтың

атына бағыштайды. Оның Платонға арналған сын екендігі, әрине түсінікті. Платон біздің досымыз, бірақ ақиқат бәрінен қымбат деген сөзді Аристотель айтқан деседі.

Мемлекетке байланысты Аристотель азамат ұғымына айрықша көңіл бөлген. Байырғы дәуірден бастап өз кезіндегі көптеген грек мемлекеттерінің полистік жақтарынан келе жатқан көптеген тәртіптерді талдай отырып, ол азаматтыққа кімдерді жатқызуға болады дегенге талдау жасайды. Адамдардың негізгі мекеніне, рулық-тайпалық, шыққан тегіне, жасына, жынысына, ықпалдылығына, байлығына т. т. көптеген ерекшеліктеріне талдау жасай келіп, ол ең алдымен мемлекетті алғашқы құрғандардың құқығын бірінші орынға қояды. Азамат ұғымы яғни мемлекетті құрған қауымдастықтың мүшесі. Ол гректерде 18 жасқа толған ересек ер. Ол мемлекетте заң шығарушы, атқарушы билікке, сот істеріне қатысуға құқылы да, міндетті де. Яғни көбінесе грек полистерінде кәмелетке толмаған жастар, қартайған кісілер азаматтықтан босатылып жүрген. Сирек жағдайларда әйелдер азаматтық құқыққа ие болған. Мысалы, Перикл кезіндегі Афиналарда. Сырт елдерден келіп қоныстанғандар азаматтыққа қабылданбаған. Сан жағынан едәуір болса да. Мысалы, Афиналарда – метектер. Азаматтар Аристотельдің айтуынша ең жетілгендер. Бақытты өмірді ол осы мемлекет ісін атқарумен байланысты қарастырады. Әйелдерді де ол азаматтық істерге жарамсыз дегуге бейім. Құлдар жөнінде тіпті әңгіме жоқ. Олар табиғатынан біреуге меншік бола алатындар. Азаматтық билікке қабілеттер де табиғаттан берілген. Мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз ете алатын әділеттілік идеясы да Аристотельде түбірінен басқаша. Әділеттілік оның түсінуінде барлық азаматтардың, сол мемлекетті құрған барлық топтардың бір ортақ мүдделерін қамтамасыз етуде. Басқару формасы осындай топтардың арасалмағына тәуелді болу керек. Басқару формасын тек дәулеттілердің ықпалымен солардың мұқтажына сай құратын болса, ол дұрыс емес. Ол наразылықтар туғызады. Ал тек жарлылар басым болып, дәулеттілердің меншігін талауға құрылса, ол да жарамсыз болып шығады. Ол да әртүрлі қайшылықтар мен бүліктерге әкеледі. Сол сияқты игі жақсыларды, жеке

көрнекті, білгір беделділерді де мемлекет істерінен аластатса да ол мемлекетке нұқсан. Осы сияқты тағы да басқа жағдайларды ескере отырып Аристотель: мемлекет еш уақытта тек зорлыққа құрылып, түбінде баянды бола алмайды деген ұлы қорытынды жасайды. Бұл, әрине, мемлекеттің азаматтарына қатысты түйін. Мемлекет ісінде оның шешімдеріне бағыну – ол зорлық емес. Азаматтар билеуге де, бағына білуге де қабілетті болуға тиіс. Құлдың да иесіне бағынуы – зорлық емес. Құл да – адам, бірақ жетілмеген адам. Азаматтар айтылған мағынада мемлекеттің иелері. Басқа жұрттан келгендер мемлекеттің иелері бола алмайды. Билік орындарында ешкім өле-өлгенше отыра алмайды. Олар ауыстырылып отыруы керек. Кейбір грек мемлекеттерінде (ал олар 300-ден астам болған деседі, – Қ.Ә.) билік орындарына, мысалы, архонттар, – сайланып отырған, сот орындарын жеребе бойынша кезектесіп орындау да болыпты. Аристотель осындай тәжірибелердің бәрінде қай жерде, қай кезде және қалай іске асырылып отырғанын тәптіштей баяндаған. Сыни талдау жасаған. Афиналарда ерте кезде Солонның түзген заңдары да, Аристотельдің идеялары да түптеп келгенде демократиялық сарында. Олар бойынша мемлекетте бір топтың немесе басқа топтарға үстемдігі болуға тиіс емес. Соның ішінде азшылықтың көпшілікке де, көпшіліктің азшылыққа да. Мемлекет жалпы үстемдікке құрылуға тиіс емес. Бүтіннің бөлікке үстемдігі принципі бір топтың немесе жеке бір адамның басқалардың өмірлік мүддесін тәрік ету деген емес, бөліктердің мүдделік үйлесімдігі. Жалпылық жекеліксіз бола алмайды. Яғни, мағынасы жағынан Аристотельдің бүтін және бөлік туралы принципі тіпті басқаша. Ол кезіндегі басқару формаларының көпшілігін Аристотель мемлекеттің түпкі мәніне толық сәйкес келмейді деп есептеген, бірақ оған жақын келетін үш форма бар деп есептеді: патшалық, олигархиялық және демократиялық. Демократиялық басқарудың да оның ойынша кейбір кемшіліктері бар. Осы жөнінде Аристотельдің өз уәждеріне қарасақ, ол былай дейді: «Демократиялық құрылымның негізгі бастауы – еркіндік. Жалпы көпке таралып кеткен пікір бойынша тек осы мемлекеттік құрылымда жұрттың бәрі де еркіндікті пайдалана алады, өйткені жұрттың

айтуынша, қандайда болсын демократия соған ұмтылады. Ал еркіндіктің шарттарының бірі – кезекпен бағыну және басқару. Шынында, демократиялық құқықтың негізгі бастауы теңдік – ізгіліктің негізінде емес, сандық негізде іске асырылады; егер әділеттілік осындай болатын болса, онда жоғарғы билік, әрине, халық бұқарасына тиесілі, көпшіліктің шешімі әрі ақырғы әрі әділетті – деп есептелуге тиіс. Барлық азаматтар, делінеді, тең құқықтарды пайдалануы керек, сондықтан да демократиялық билік негізінде дәулеттілерде емес, жарлыларда, өйткені олар көпшілік қой, ал ең жоғарғы күші бар шешім – көпшіліктің шешімі» [2, 477 б.].

Аристотель мұнда басқарудың басқа формалары сияқты демократияның да кемшіліктерін көрсеткісі келеді. Оның ойынша демократия жағдайындағы теңдік барлық уақытта әділеттілікпен барабар емес. Көпшілік дауыспен азшылықтың мүддесіне зиянды шешімдер де қабылдауы мүмкін, әрі болып жатады. Көпшіліктің зорлығы да әділеттілікке сай келмейді. Ең білікті, ең қабілетті, әділеттілігімен көрінген адамдар шеттеліп те қалады. Мемлекеттің қандай басқару формасының тиімді екендігі халықты құрайтын азаматтар топтарының ерекшелігіне тәуелді дейді ол. Бай адамдардың да, аса кедейлердің де көп болуы ол үшін қолайлы емес. Ондайда тұрақтылық болмайды. Орташалардың басым болғаны жақсы. Дәулет жағынан ғана орташа емес, ұстанымдары жағынан да. Басқарудың формасы демократияның да, олигархияның да, патшалықтың да кейбір ұтымды белгілерін ұштастыра алса, сол жақсы. Ол өмірде іс жүзінде болған емес. Аристотельдің келешекте болса дейтін формасы осындай. Осындай болуға тиіс басқару формасын ол *полития* деп атады. Гректердің сол кездегі әрбір қаласы өз алдына мемлекет болып отырған кезінде басқару формалары жиі ауысып отырған. Көп жағдайда тираниялық түрде орнығып отырған. Әсіресе тиранның өзімшілдік билігі ішкі толқуларды, билік үшін тартыстарды, төңкерістерді, зұлымдықтарды жиі туғызғаны тарихтан белгілі. Аристотельден бұрын Платон да ол туралы аса жиренішпен айтып отырған. Сиракуздардың тираны кіші Дионисийдің Платонды құлдыққа сатып жібергені осындай сезімді шегіне жеткізсе керек.

Аристотельдің түсінуінде мемлекеттік бүтіндік пен тұрақтылықты жеке адамдар мен олардың топтары басқаларға зиян келтірмей өз мүдделерін күйттеу арқылы қамтамасыз етеді. Жекеліктер тек өзіндік өзгешелігі арқылы бүтіндікті толықтырады. Бірақ сол жекеліктің өзін Аристотель мемлекеттегі барлық адамдарға тән деп мойындамайды. Әйелдерді мысалы азаматтар қатарына жатқызуды ол қолдамайды. Олардың табиғи ерекшеліктері оның ойынша бұл қызметке сай емес. Құлдар табиғатынан тек сөйлей алатын құралдар ғана. Шет жұрттан келіп қоныстанғандар бұл мемлекетті құрғандар және солардың ұрпақтары емес. Яғни азаматтар мемлекетті мекендейтіндердің көпшілігі де болмауы мүмкін.

Егер Платонның болуға тиіс қияли мемлекеті адамдардан алыс, оларға үстем, оларды жасаушы, оларға жат дүлей күштей болып тұрса, Аристотельдің жетілген де, қияли да мемлекеті оның өз азаматтарына жақын, олардың мүдделерін қорғайтын құрылым. Ондай мемлекет ешбір зорлықпен сыйыспайды, зорлық принципімен ешбір мемлекет баянды бола алмайды.

Мемлекеттің басқару формасы жөнінде Араб-түрік философиялық дәстүрінің Орта ғасырлардағы аса ірі өкілі өз кезінде Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деп танылған Әбу Насыр әл-Фараби осы бағыттағы ойшыл болды. Әл-Фараби Платон сияқты адамды, оның мемлекетін бүкіл әлемдік жүйеден шығаруға тырысқан. Оның өзгешелігі – Алланы алғашқы себеп, бірінші қозғаушы деп есептейді. Бүкіл материалдық дүние, яғни ол бұлай деп табиғатты атайды, – Алланың туындысы. Бірақ, бәрін тудырушы құдіретті күшті – Алланы, – ол материалдық емес, таза идеалдық деп біледі. Ол идеалдықтан болмыстың он сатысы шығады. Олардың әрқайсысының субстанциясы өз ішінде, олар да материалдық емес, идеалдық, әр қайсысы өзінен кейінгі сатыны жаратады. Аспан денелері – осындай болмыстың сатылары, қатаң айнымас жолмен қозғалады, бірақ ешбір материалдықпен байланыссыз таза идеалдық күштер. Ең соңында ғана олардан эманация жолымен табиғи заттар дүниесі пайда болады. Адамдар да солай. Құдіретті қозғаушы күш бәрін де қамтиды, бәрін де біледі, ол ақырғы себептілік,

ол мәңгілік, ол өзгермейді, пайда болмайды, жоғалмайды. Ол бірлік, ол бөліктерден құралмайды, онда ішкі айырмашылық бола алмайды. Ол – абсолют. Абсолютті алғашқы деу уақыт бойынша емес. Оның материалдық дүниеден бұрын болды, тек кейінірек дүниені жаратты деу оның ұғымымен сиыспайды, жаратушымен оның жаратындылары бір нәрсе, бәрі де мәңгілік. Өйткені жаратындылары кейін пайда болды деу – оған дейін жаратушының өзі де жаратушы емес деген ұғымға әкелер еді. Яғни материалдық дүние де мәңгілік. Олай болса, әрбір материалдықтың түпкі мәні – идеалдық. Адамдар мен олардың құрамалары да солай. Фарабидің айтуынша аспан денелерінің бәрі де идеалдық нәрселер: күн де, планеталар да, ай да т. б.

Фарабидің жалпы дүниетанымы – объективтік идеализм. Адамдар мен олардың құратын дүниесі Жаратушы мен оның жаратындыларының арақатынасының үлгісіне сай келу керек. Яғни қоғам, мемлекеттік құрылыс. Әрине, адамға ойлау қасиеті дарытылғандықтан оларда еріктілік, еркін ырық бар. Сондықтан олар іс-әрекеттерін өз мұқтаждықтарымен, ойлауымен анықтай алатындықтан әлемдік үлгіден ауытқи береді.

Қоғам және мемлекеттің пайда болуы туралы *Фараби* (870–950) ұстанымы Платон мен Аристотельдің көзқарастарына жақын. Әрбір адам өзіне қажетті нәрселердің барлығын өзі қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан ол басқаларға да қажетті белгілі бір нәрсені атқаруы тиіс. Яғни өз дәуіріндегі бір шама қалыптасып үлгерген қоғамдық еңбек бөлісті тарихтың түпкі бастауы деп қарайды.

Қоғамдық әрі мемлекеттік құрылым туралы Фарабидің көзқарасы толық жіктеліп көрсетілмеген. Бірақ қаланы ол мемлекет болудың ең қолайлы формасы деуге жақын. Бұл жөнінде ол қаланың басшысы қандай болу керек екені туралы жазғандарында біршама анық көрсеткен. Оның ойынша қаланың басшысы әрі заң шығарушы, әрі басқарушы. Бірақ олардың барлығын қала тұрғындарының бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрыптарын ескере атқару керек. Оның ойынша қала басшысын ақылды, білімді, әділетті, адам т. б. ізгілікті қасиеттерімен белгілі болып жүрген кісілерден қою

керек. Яғни шыққан тегіне, байлығына, күшіне қарай емес. Билік атадан балаға берілетін мұра бола алмайды. Фараби ізгіліктілерден басшы болу керек дегенде оларды сайлау керек дегенді айтпайды. Бірақ елге ықпалды адамдар өз орталарының өкілі ретінде жиналып шешу ол замандарда үйреншікті жағдай болатын. Түріктерде тайпа, ру билері, беделділері, батырлары, көсемдері жиналып ханды сайлау ертеректе болып отырған. Ал бұл – сайлаудың белгілі бір түрі. Фараби үшін ол кезде бұл әркімге түсінікті табиғи тәртіп, оны тіпті түсіндіріп жатудың өзі артық.

Сондықтан да біздің ойымызша Фарабиді Монархиялық билікті жақтаушы деу қате. Қоғамдық құрылыс оның түсінуінше тірі организм құрылысына ұқсас. Ал онда бәрін жандырып тұратын орталық, ол – жүрек. Ақылды бірінші қасиет деп қарайтын Фараби үшін қоғамның жүрегін оның басшысынан көру оған қайшы сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ, біздіңше олай емес. Басшы, әрине, ақылды, көреген, дана болуы керек, әйтседе өз халқы үшін жүрек болу оны барынша сүю дегенмен бара-бар сияқты. Ақылдың, білімнің болуы өз еліне деген сүйіспеншілікпен ұштаса бермейді. Мұны Фараби жақсы білсе керек.

Платон, әсіресе Аристотельдің тирандық билеуге жиренішті қатынасын Фараби де толық қостайды. Ол да мемлекетті басқару тек әділ заңдардың негізінде іске асу керек дейді. Фараби шығармаларында басқару формаларын патшалық, аристократиялық, олигархиялық, демократиялық деп жіктей талдау жоқ. Бірақ билеушінің халқының игілігіне қызмет етуі оның түпкі міндеті деп қарау оның ойларында ішкі өзегі.

2 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҮЗІМДЕР (Жаңа дәуір)

Адамдар дүниесін, соның ішінде мемлекетті жалпы Бүкіл-әлемдік құрылымның тек бір жалғасы ретінде қарайтын-дардың арасындағы көрнекті тұлғалардың бірі – *Г.В.Ф. Гегель (1770–1831)*. Гегельде мемлекет мәселесі оның «Құқық философиясында» қаралады. Гегельде барлық материалдық нәрселер табиғат, адамдар, олардың қоғамы өзі өздігінде негізделген дүние емес. Олардың барлығын тудыратын күш, ол Абсолюттік идея. Ол идея христиан дініндегі құдайдың басқаша атауы емес, бірақ оның гегельше өзгертілген мағынасы деуге болады. Ол бүкіл әлемнен тыс идеалдық күш. Ол өз аясынан шығып, даму процесіне өтеді, материалдық формаға ауысады, ол адамзат тарихына ұласады. Жаңды табиғатта, адамдарда, олардың қауымдастықтарында рух түрінде ояна бастайды. Механикалық – физикалық деңгейде рух гегельше айтқанда өздігінде, яғни онда өзін-өзі танымайды, бірақ табиғаттың түпкі негізі – Өлі табиғаттың да, жаңды табиғаттың да субстанциясы – рух. Жаңды табиғат сатысында рух өзін-өзі тани бастайды. Гегельдің тілімен айтқанда өз-өздігінен («в себе») өзі-өзі үшін («для себя») деңгейіне көтеріледі. Осы жолдың соңында ол адамзат тарихына ауысады. Бірақ Гегель мұны табиғаттың өз дамуы демейді, ол абсолюттік идеяның өзінің дамуы әрі өзін-өзінің тануы. Өз дамуында пайда болатын әрбір тың формаларды, мағыналарды материалдық, болмыстық түрде іске асырып отырады. Яғни табиғаттың, адамзаттың дамуы түрінде рухтың дамуы көрінеді. Тіпті адамзат тарихының кезеңінде де барлық реалдық көріністері мен оқиғаларда, жеке адамдар мен олардың қауымдастықтарында солардың ішкі қозғаушы күші болып тұратын рух ұзақ уақыттарда жеке өткінші мақсаттардан бөлек

түпкі мақсат деп қабылдай бермейді. Гегель осындай тарихи оқиғалардың тікелей қатысушыларының өздері біле бермейтін бүкіл жалпы мақсаттары субстанциялық мақсат деп атайды. Жеке, шекті рух деп аталатын индивидтердің ғана емес, жеке халықтардың болмысы да абсолюттік рухтың өткінші формалары ғана. Осыны Гегель қысқаша ғана былай анықтайды:

«Өзіне шекті бір аяқталған түр беретін айтылған жеке халықтық рухтардан және өзінің осы дүниелік сипатынан арылып отыратындықтан ойлау үрдісіндегі бүкіләлемдік тарихтың рухы өзінің нақты бүкілжалпылығын таниды және аясында өзін-өзі үшін еркін білуші зердесі бар абсолюттік рухты мәңгі шын ақиқат ретінде тануға дейін көтеріледі, ал қажеттілік, табиғат және тарих оның сол мағынасын, оның бір сәтте тоқтап өтетін құдіретінің мекені екенін ашуға қызмет етеді» [3, 371].

Сонымен Гегельдің философиясында жеке адамның, халықтың, ұлттың т. т. еркіндігі үнемі айтылып отырады, оның ішкі табиғаты сондай жекеліктерде реалдық түрге ие болған рухтың еркіндігі екен. Одан, бірақ, гегельше, жеке адам, халық, ұлт субстанциялық рухтың ойыншығы деген тұжырым оларды төмендеткен болып шықпайды. Өйткені олардың барлығы да сондай түрлерде әрекет етуші рухтың өзі. Рух одан өзін-өзі төмендеткен болып шықпайды. Өйткені онда жеке адам, халық, ұлт т. т. рухтан бөлек өзгеше бәр нәрселер деген түсінік шығар еді.

Рух – ол еркіндік. «Еркіндік идеясынан басқа ешбір идея туралы оның айқынсыздығы, алуан түрлі мағыналылығы, соншалықты зор түсініксіздіктер туғыза алатыны, әрі туғызып отырғаны туралы айту мүмкін емес және ешбір басқа идея жөнінде әшейінде соншалықты аз түсіністік деңгейде айтылып жүрмейді. Еркін рух шынайы рух болғандықтан одан шығатын түсініспестіктердің практикалық зардабы тым зор, себебі индивидуумдар мен халықтар өз түсініктеріне өзіне өзі бар абстракциялық еркіндік туралы ұғымды енгізген кезден бастап басқа еш нәрсенің ондай жеңімпаз күші жоқ, өйткені еркіндік рухтың шындығы ретінде оның нағыз мәні» [3, 291–292].

Әрбір жеке адам шектелген рух ретінде басқа да өзіндей шектелген рухтардың ара қатынастарындағы өзара тәуелділік

жүйесінде бүкіл жалпылық мағынадағы рухқа қол жеткізеді. Әрбір шектелген рухта рух бір қайталанбас өзгешелікке ие болады және олар әр қайсысы басқаларды осы өзіндік өзгешелігімен толықтырады. Сол арқылы жалпы бүтіндік қалыптасады. Еркіндік, бірақ, рухтың объективтік көріну формаларына ауысқанға дейін еркіндік, яғни идеалдық түрінде. «Еркіндік белгілі бір әлемнің шындығына айналғанда қажеттілік формасына ие болады» [3, 293 б.] (автордың аудармасы). Егер осы ойларды абсолюттік идея мен абсолюттік рухтан көрі адам ойлауы тұрғысынан қарасақ, онда Гегельдің айтқандары шындыққа әлдеқайда жақын көрінеді. Объективтік рух деп Гегель жалпы қоғамдық көлемде мораль, адамгершілік нормаларын, көркемөнерді, философияны т. б. айтады. Олар ұзақ дәуірде жеке адамдар ойлауларының объективтік шындыққа, материалдық формаларға ауысып, өзара ықпалдасып ортақ жалпы мазмұндарының түзілуі болып есептеледі. Осы жалпы мазмұндар, тәртіптер, талаптар әрбір жеке адам үшін сырттан таңылатын күштердей қабылдануы заңды. Ондай талаптар мен нормалар заңдық күшке ие бола бастайды. Оларды Гегель моральдық дейді (моральность). Ішкі ой жүзіндегі еркіндік сыртқы іс-әрекеттер, реалдық қатынастарға ұласуға ұмтылады; осы ұмтылыс еркін ырыққа айналады. Сыртқы іс-әрекеттер ретінде адамдардың бір-бірінің ішкі дүниесіндегі тілектері, мақсаттарының, идеяларының басқалардың сезім органдарына әсер ете алатындай, нақтырақ айтсақ, көзбен көріп, құлақпен еститіндей түрге енуі олардың арасында қоғамдық қатынастардың қалыптасуына, яғни қоғамның қалыптасуына апаратын бірден-бір жол екендігін кеңірек көлемде басқа еңбектерімізде айтқанбыз. Бұл туралы басқа түрде Гегель де айтып отыр. «Жалпы алғанда осы реальдылық еркін ырықтың нақты бар болмысы ретінде – құқық» [3, 294 б.] – дейді Гегель. Бірақ құқықтық тек юристік тар мағынада емес, еркіндіктің барлық айқындықтарының нақты бар болмысы деп білу керек деп ескертеді ол. Бұл айқындықтар (белгілері) әрбір жанда оның бүкілжалпы мағынасы болатындықтан жекелік үшін олар оның міндеттері, ал ойлау үрдісі әрі қалпылары түрінде олар мінез-құлықтар (нравы). Құқық болған нәрселер – міндеттер,

міндеттер болған нәрселер – құқық. Өйткені әрбір нақты бар болмыс болып тұрған нәрселер тек еркін субстанциялық ырықтың негізінде ғана бола алады.

Олай болса, бүтіннің, бүкілжалпылықтың, мәннің тағы басқа мазмұнын қалай түсінетінділігіне қарамастан олар бөлікке, жекелікке, құбылыстыққа, кездейсоқтыққа тағы басқаларға үстем. Әрине оларды түсінуде Платон мен Гегельдің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Бірақ жалпы принцип негізінде бір. Платонда, әрине, демократиялық формаға қатаң теріс көзқарас басым. Жаңа дәуірде Француз революциясы ту етіп көтерген бостандық идеясын аса көтеріңкі көңілмен қабылдаған Гегель, сөз жоқ, демократиялық азаматтық қоғам идеясын қолдады, бірақ, оны конституциялық монархия түрінде қостады. Ал ол заңдар жүйесі монарх үшін мемлекет азаматтарының ортақ мүддесі әрі олардың шоғырланған ырқы. Монарх конституцияға бағынып, соны іске асырып отырса, ол халықтың өкілі. «Қоғам мен мемлекеттің барлық мақсаттары әрі ондағы жеке тұлғалардың мақсаттары» [3, 295 б.].

Мемлекеттің шығуына азаматтық қоғамның қалыптасуы негіз болады. Ал азаматтық қоғамның түпкі мазмұны субстанцияның (ал ол абсолюттік) көптеген жеке рухтарға абстракциялық қалпында жіктеледі (отбасы да осындай жекелік). Яғни жеке адамдарға (шекті рухтарға). Олардың әрқайсысы өзіндік өзгешелігінде дербес еркіндікте өмір сүреді. Жеке-жеке алғанда олардың тобы адамгершілік бірлікте болмас еді. Бірақ олардың әр қайсысы бір оқшау өмір кеше алмайтындықтан өзара тәуелділік қатынастар қалыптасады. Бұл өзара қатынаста – бүкілжалпы рух, яғни олардың субстанциясы. Субстанция шын бар нақты болмыс түрінде көрінгенмен оның ішкі мәні рух екендігінде. «Субстанция осылай дербес жекеліктерді, олардың мүдделерін біріктіретін бүкілжалпы байланысқа айналады. Осы байланыстың дамып жетілген тұтастығы азаматтық қоғам немесе сыртқы мемлекет ретінде – мемлекет» [3, 309]. Мұнда бүкілжалпылықтың жекеліктерден оқшауланып, оларға ортақ байланыс түрінде тәуелсіз әрі өктем екендігі айтылып тұр. Әрбір жекелік – абстракция, ал ортақ байланыс оларды бүтіндікте ұстайды. Әрбір жекелік оның өткінші бір қыры ғана, ал бүтіндік

өз тұтастығында нақты. Сонымен, Гегельдің өрбітіп келе жатқан ойы – табиғаттан адамдарда оянып, дамитын абсолюттік рух – субстанция ретінде идеалдық формадан болмыстық, шындық (действительность) формасына ауысу жолында үнемі еркіндіктен қажеттілікке ұласады. Осындай қажеттілік формалары – жеке адамдар, олардың әртүрлі ұжымдасу жолдары, азаматтық қоғам т.т. Ал олардың ең жоғарғы дамыған түрі – ол мемлекет, оның заңдары, басқару формалары, ішкі бөліктері. Әрбір азаматтары сияқты мемлекет те дербес субъект, басқа сондай мемлекеттермен өзара субъектаралық қатынастарда бола алады, болуға тиіс. Жеке азаматтар да субъектілер. Ал оның мазмұнын Гегель былай түсіндіреді: «Құқықта (тікелей) тұлға (личность) деп қаралатын ерікті индивидуум енді субъект ретінде айқындалады – ол өзіне рефлексияланған ырық...» [3, 301 б.]. Меншіктік қатынаста сыртқы затқа бағытталған ырықтан өзін-өзі анықтауға бағытталған ырықты ажырату қажет. Гегельдің ойынша субъектінің тұлғадан айырмашылығы осында.

Мемлекет сонымен Гегель философиясында рух дүниесіндегі еркіндіктен сол рухтың қажеттілік дүниесіне ауысқанда туындайды. Ол шын мағынасында адамдардың өз туындысы емес, рухтың қажетті дамуының белгілі бір сатысы. Адамдардың өздері де түптеп келгенде солай. Ол қандай саты? Абсолюттік рухтың өзінің қажеттілік формасына өтуінің белгісі – оның соған ішкі ұмтылысының ырыққа айналуы – субстанциялық ырық. «Мемлекет – өзін-өзі танитын адамгершілік субстанциясы...», «Мемлекеттің түпкі мәні (сущность) өзі өздігінде және өзі өзі үшін бүкілжалпылық, ырықтың ақылға сиымдылығы...» [3, 316 б.] т. б. анықтамалардың барлығы да мемлекетті адамдардан тыс әрі олардан жоғары күш деп түсіндірудің көріністері. Заңдар оның түсінуінде объективтік еркіндікті білдіреді. Олар әрине, жеке мүдделердің белгілі бір шегін анықтайды. Субстанциялық еркін ырық жеке еркіндіктердің түпкі мәні әрі ақырғы шегі, өйткені олар абсолюттік ақырғы мақсат, оған қайшы келетін жеке мақсаттар – одан ауытқушылық.

Еркіндік пен теңдік – конституцияның түпкі мақсаты. Оның мазмұны өзара тең емес азаматтардың іс-әрекеттеріне біршама тең мүмкіндіктер, жағдайлар жасау, ал жеке қабілеттері,

ұмтылыстары, жігерлері тең емес адамдар тең жағдайларды әртүрлі деңгейлерде игере алатыны заңды нәрсе. Бірақ, заңдар ол теңсіздікке қатыспайды, оны реттемейді. Олар барлық адамдарды абстрактылық тұрғыда меншікке қабілетті деп мойындап, оған құқықты деп таниды. Тек осы тұрғыда олар – тұлғалар (лица, личность). Бұл ретте олар жалпы тұрғыда тең. Бұл ең бастапқы дербестікке құқықтылық. Дербестікке құқықтылық, әрине, әлі іске асырылған дербестік емес. Іске асуда олар әртүрлі бола береді. Іске асырылу – ол еркіндіктің қажеттілікке ауысуының белгілі бір түрі. Осы тұрғыдан Гегель меншікті жеке адамның дербестігінің белгілі бір кепілі деп қарайды. Ол кепілдікті, яғни өз тірегін әркім өзі жасайды, жасауға тиіс.

Бүкіл жалпы абсолюттік ырық-субстанция – жекелік түрлеріне дейін белгілі даму жолынан өтеді, оның әртүрлі сатылары бар екендігін Гегель олардың әрқайсысына талдау жасау арқылы өрбіткісі келеді. Бүкілжалпылық жекеліктерінсіз бүкілжалпылық емес, ол тұтастықтың екінші бір сыңаржағы болып қалар еді. Сондықтан жекелікте өрбүді Гегель мемлекет идеясында демократиялық жүйемен байланыстырады. Платонда бүкілжалпылық жекелікті жоққа шығаруға жақындатса, Гегельде ол керісінше, жекеліксіз мағынасыз болып қалған болар еді.

Гегель мемлекет туралы жалпы қағидасында негізінде оның қандай болуға тиіс екендігін айқындауға тырысады. Ал реальды өмірде, тарихында сол түпкі табиғатына жету жолында дамудың үш кезеңінен өтеді: тек бір ғана адам ерікті, тек кейбір адамдар ғана ерікті (мысалы, гректер мен римдіктер), барлық адамдар ерікті. Осы соңғы көңіл күй Жаңа дәуірде өрістеп келеді. Гегельдің «Бүкіләлем тарихы еркіндік санасының прогресі» деген сөзі осы мағынаны білдіреді.

Мемлекетті Гегельдің ойынша тек халық қана құрады. Бірақ халық (populus) деген ұғымды ол оны құратын жеке адамдарды біріктіре алатын ортақ рухпен байланыстырады. Халық сондықтан ондай іштей бірлігі жоқ жеке адамдардың жәй жиынтығы емес. Ал сондай жиынтықты (Vulgus – тобыр) көп жағдайда халық деп жатады. Халық жеке адамдардың агрегаты емес. Ол іштей берік субъект. Осылай ұйысқан халықтың фор-

масы – мемлекет немесе өкіметтік билік. Халық пен ұлтты осылай түсінуді Гегельден бұрын ойшылдар, мысалы Руссо, Кант, – айтып кеткен болатын. Әрине, біріктіретін күшті әртүрлі мағынада көрсету арқылы.

Тек мемлекет болып құрылғанда ғана халықтың шын тарихы басталады. Көп халықтарда тарих жоқ. Гегельдің жалпы қағидасын ескерсек, халықтың болуы абсолюттік рухтың немесе субстанциялық ырықтың шындыққа айналуының белгілі бір жолын іске асыруды ол халықтың тарихы деп түсінеді.

Гегельдің тұжырымына сәйкес мемлекеті жоқ халықтардың тарихы жоқ. Оның себебін ол халық мемлекет болып құрылғанға дейін тұтас, дербес субъект деңгейінде басқа халықтармен қарым-қатынас жүргізе алмайды.

Осы бағытта ой түзеген көрнекті ойшылдардың бірі – Ф. Ницше (1844–1900). Ницше де Европа тарихындағы жаңа бір өзгерістің қоғамдық көңіл күйдегі кейбір белгілерін сезе отырып, оның негізгі сарындарын ашып бергендей болды.

Ф. Ницше христиан дінінің негізгі ұстанымдарын, солардан бастау алып өрбіген Батыс өркениетінің көптеген негіздерін күйрете сынады.

Ницшенің айтуынша ең мың жылға жақын қалыптасып келген дүниетанымның негізгі құндылықтары өзін-өзі ақтай алмады. Біз мысалы, бүкіләлемнің бірлігіне сендік, оны өзімізге тірек еттік. Ал қазір ол бірліктің тұрақсыздығы айқын бола бастады. Біз жалпылықтың жалқылықтардан, бүтіннің бөлігінен, мәннің құбылыстан, қажеттіліктің кездейсоқтықтардан артықшылығына ұйыдық. Ол тіректердің бәрі де енді босай бастағандай. Олардың бәрін Ницше құндылықтар дейді. Ол құндылықтарға деген сенім қазір әлсірей бастады. Яғни қандай да болмасын құндылықтарға сену болмаса, ол барлық нәрселерге деген немқұрайлылық, ол – нигилизм. Ол нигилизм дәуірі басталды деп есептеген. Яғни еш нәрсеге сенбеу, еш нәрсені адамдардың өмірлік тұрғысы бола алады деп білмеу.

Христиан дінінің құндылықтары да сондай. Оның уағыздайтын негізгі құндылығы бойынша адамдардың бір-біріне деген қарапайымдылығы, әлсіздерге сүйеу болуға дайындық, мүсіркеушілік, бір-біріне деген сүйіспеншілік. Адамдар, әрине

құдайдың құлы, олар әрдайым жаратқанға құлшылық ету жолынан өтуі тиіс, қазіргі жарық дүние, бірақ, оларды таза жолдан тайдыратын қызықтарға толы, о дүниеге ол көбіне оларға бой алдырмай өте алмайды, ол тумысынан күнәкәр. Оның жеңіл-желпі осалдықтарына кешірім қажет.

Қысқаша, тым жалпы схема деңгейінде ғана көрсетілген христиан дінінің осы рухани ұстанымдарына Ницше барынша өшпенділікпен шүйлігеді. Оның бағалауында осы тұрғыдан орнықтырылған әлеуметтік тәртіп – әлсіздердің, бишаралардың үстемдігі. Әлем жалпы, әсіресе осы бағыттағы батыс өркениеті әлсіздерге, өміршеңдігі пәстерге, жігерсіздерге толы, олар көпшілік. Олардың әр қайсысы жеке алғанда түкке тұрмайды, бірақ қосылғанда белең алады. Қосылып үстемдігін орнатады. Оның осы ой жүйесі төменгі келтірілген үзіндіден анығырақ көрінеді: «Моральда кімнің билікке деген ырқы көрінген? Европаның Сократтан бергі тарихына ортақ тән нәрсе моральдік құндылықтарды басқа барлық құндылықтарға үстем етуге әрекет. Жауап. Оның артында үш түрлі күш жасырынған: 1) күштілер мен тәуелсіздерге қарсы табынның инстинкті; 2) бақыттыларға қарсы жапа шегушілер мен сәтсіздікке ұшырағандардың инстинкті; 3) орта деңгейліктердің үздіктілерге қарсы инстинкті... (Моральдің өмірдің негізгі инстинкттеріне қарсы күрес тарихы жер бетіндегі болған ең зор адамгершіліксіздік болып шықты...)» [4, 255 б.]. «...Альтруизм эгоизмнің жалғандыққа барынша бөккен формасы...» [4, 258 б.].

Ницшенің христиандық көзқарас пен демократиялық құндылықтардың іштей туыстас деп қарайтыны көрінеді. Осы тұрғыдан социалистік қағидаларды да бағалайды: Социализм ебелектер мен мақаулардың, ойсыз тайыздардың, көрсеқызарлардың, төрттен үші актерлердің ақырына жете ойластырылған тираниясы... [4, 257 б.].

Барлық адамдарды теңдік жағдайға келтіру, ұстау тіршіліктің ең түпкі заңдарына қайшы. Бүкіл табиғаттың, әсіресе, жанды тіршіліктің негізінде бір ғана заңдылық бар, ол әрқашан нәрсенің теңдікке емес, артықшылыққа ұмтылуы. Бұл билік, үстемдік, өміршеңдік. «...барлық тіршілік етушілер тек билікке, артық билікке ұмтылады... Барлық тірі тіршілікте айдан анық

бір нәрсені көрсетуге болар еді, атап айтқанда, тіршілік өзін сақтауға емес, өзін арттыруға ұмтылады» [4, 259 б.].

Бүкіл адамзат тарихында болып келген қоғамдасуға, бірігуге, мәдениетке, цивилизацияға ұмтылушылық тек адасушылық болып шықты, ол тек пәстіктің салтанатына әкеледі. Адамдарды табиғаттан алыстатқан нәрселерден бас тартып, қайта қайтадан жақындастыру қажет. Шексіз пәстердің салтанаты енді жаратушының әлемге үстемдігінің өзіне қайшы болып шықты. Пәстер енді қандай да болмасын жалқылықтың үстемдігіне мойынсұнғысы келмейді. Ал бұл көңіл күйдің түкпірінде құдай идеясының әлсіреуіне әкелген. Ешкім оның толық, саналы түрде айқын елестетпесе де, адам жандарында құдай өлген немесе өлу алдында. «Құдай өлді!» идеясы Ницшенің оған өкінгендігін білдірмейді. Әлемнен тыс Жаратушы идеясы оның өз тұрғысына да жат. Тіршілік үшін табиғи тартыста өз бойында өміршеңдіктің жігері неғұрлым молдары адам дүниесінің заңы болатын болса, онда жетілгендер жеңіп жатқан болар еді, жігерлілердің ең жігерлілері ұтып жатар еді. Ондай жағдайда адамдар үшін бүкіләлемдік жаратушы идеясының қажеттігі де болмайды. Ең жеңімпаз, ол «асқақ адам» (сверхчеловек). Ол үстемдігін орнатқанда өзіндік идеямен өзіндік тәртіп түзуі мүмкін. Оның осы қызметіне басқалар тек қызмет етуі дұрыс. Осы идеясына сай Ницше жәй адамдарды ол үшін құрал ғана деп біледі. Халық Ницше үшін арығандардың тобыры. Ол тобыр асқақ адам үшін тек құрал. «Құндылық дегеніміз адамның қолы жете алатын ең жоғарғы, ең артық билік, адамзаттың емес, адамның! Адамзат, сөзсіз, мақсат болудан көрі құрал. Әңгіме тип жөнінде: адамзат тек тәжірибеге керек материал, сәтсіз шыққан жарамсыздықтың орасан молдығы, қиратындылардың үйіндісі» [4, 261 б.].

Адамдардың көпшілігіне осындай қатынасты ешбір қымсынбай жариялағанымен Ницше оларға қарсы қырып-жою идеясын ұсынған жоқ. Мысалы, социалистер, Париж коммунасы жөнінде айтқанда аса зор зомбылықтарды келешекте солардан күтуге болады деп болжам жасаған. Асқақ адамдардың билігі туралы ол тікелей зорлыққа ғана сүйенеді демейді. Күш туралы оның түсінігі жалпы ықпалдылық, іс-әрекетіндегі оның

артықшылығы деген мағынаға саяды. Ол ісінің жемістілігімен, табыстылығымен артып тұру керек. Ұлы идеяларымен қалың жұртты еліктіре алу керек. Соларымен өмірде үлкен өзгерістер тудыра алу керек. Асқақ адам (сверхчеловек) өз билігін жүргізе алады. Европа тарихында Ницшенің айтуынша осындай екі адам болды: М. Хайдеггер Ницше туралы талдауында ол қаншалықты христиан дінінің жеке адамды бағалауын сынаса да Антикадан келе жатқан дәстүрді жалғастырды және аяқтады дейді. Ол не дәстүр? Хайдеггердің айтуынша ол дәстүр әсіресе Жаңа дәуірде адамның тұңғыш рет барлық үдерістердің түпкі субъектісі деп қабылдана бастауында. Ол Декарттың: мен ойлаймын, ендеше мен бармын дегенімен айқын бастау алады. Әрбір адамның басқа нәрселердің барлығын, соның ішінде өзінің де барлығын өз ойлауы арқылы дәйектейтінін, жеке адамның дүниенің түп қазығындай болып тұруын Ф. Ницше алаңсыз теріске шығарған жоқ, қайта жалқылықтың, жеке адамның, асқақ адамның шектен тыс шарқұруымен аяқтады.

Ф. Ницшенің кейбір жеке асқақ тұлғалардың айрықша құдіреттей өршілдігіне тым әсіре метафизикалық өң беруі, оларды табиғатынан сондай болуын, оның үстем болуға деген астамшылығын космостың заңы деп қарап, оның жалпы адамзат мораліне тәуелсіз екендігін ақтап, халықтар мен жалпы адамзатты тобыр, құрал, материал деп бағалауы келесі ХХ ғасырдағы тотаритарлық жүйелерге белгілі бір рухани рең берді. Европаның Германия, Италия т. б. елдерінде бір кезде орнаған фашистік тәртіптің идеологтары Ницшенің кейбір идеяларын нәсілшілдік мағынада пайдаланды. Меніңше Ницшенің шығармаларында бір халықтардың басқа халықтардан табиғатынан артық болып жаратылуы туралы идея жоқ. Кейбір жеке адамдардың артық болып тууы туралы ғана идея бар. Ондай ерекше сәтті шыққан туындылар табиғатта сирек кездеседі. Осы тұрғыдан ол Дарвиннің биологиялық эволюция жолында тұтас тұқымдардың өзгеруі жөніндегі теориясына қарсы шықты, яғни оның қағидасы нәсілшілдікпен қиыспайды. Басқа да тіршіліктің формалары сияқты адамдарда да ең қуаттылар – сәтті, сирек, дара туындылар мемлекеттің шығуы, болуының себебін адамдар тарихынан емес, одан

тыс күштерден көретін көзқарастардың белгілі бір белесін құрайтын О. Шпенглердің жүйесі деуге болады. Ол өз ойларында Ф. Ницшенің қағидасын қолдап, соның бағытында болғысы келсе де адамдарды, олардың мәдениетін сыртқы табиғи жағдайлармен түсіндірді. Ал Ницше болса, адамдарды өз табиғатынан шығаруды дұрыс көрді. Солай бола тұра, бірақ, Шпенглерде Ницшемен көптеген ұқсас жақтары бар, әрі Ницшенің даналығына бас ию де жиі ұшырасады. Мысалы Шпенглерде де, Ницшеде де әлемнен тыс идеяны немесе рухты кездестірмейміз. Оларда толық мағынасында тарихты биологияландыру бағытын көреміз. Әлеуметтік болмыстың барлық категориялары космостық өмірден тамырланады. Тірі материяның формалары я макракосмға, мысалы өсімдіктер, я микрокосмға жатады. Соңғысына қарапайымдылардан бастап жануарлардың барлығы жатады. Адамда да, жануарларда да екі бастау бар, біріншіден космостық, олар космостық ырғаққа бағынышты, екіншіден олар тәнімен бөлектеніп, еркін қимыл-әрекетке ие болғандықтан басқа дүниемен өздігінше қатынасты сақтап жүре алады. Адамдық деңгейде бұл үдеріс саналылық сипатқа ие болады және бұл тарихи даму түрінде, яғни белгілі бір бағыттылықта жүре бастайды. Меншік, халық, мемлекет сияқты категориялар тірі тіршіліктің ең төменгі сатыларында-ақ бар. «Меншіктік сезім өсімдіктердің өзінде пайда болады, ал адамдар тарихында өсімдік, нәсілдік белгілер сақталған кездерде жалғаса береді. Сондықтан меншік осы сөздің ең байырғы мағынасында жерге меншік дегенді білдіреді... Өсімдік өз тамырын бойлатып жіберген топырақты иемденеді, ол оның меншігі...». Меншікті теріске шығару шын өмірден (биологиялық), одан тамырлары үзілген, өмірлік ұмтылыстардағы тартыстардан қол үзген қансыз-сөлсіз таза рухани, абстрактылы моральдылықтың көрінісі. Әсіресе осы қағидасында О. Шпенглер Ф. Ницшеге өте жақын. Шын өмірде тіршілік үшін тартыста оларша тек күш жеңеді, ал оның моральға еш қатысы жоқ, ол табиғат заңы. Осы тұрғыдан ол билік, мемлекет мәселелерін меншік мәселесімен байланыстырады.

Меншік үшін күрес өмір үшін, өмірге қажет жағдайлар үшін күрес, ендеше ол билік үшін, артықшылық үшін, өмірлік

күш үшін күрес. «Осыдан меншіктің екі ұдайлы сезімі туындайды: меншіктің үстемдік, билік және оның олжалық сезімдері. Байырғы адам нәсілдік қалыпта болғандықтан онда осы екі сезім егіз болды» [4, 449 б.]. Тамырларын космостық заңдардан тартатын осы екі сезім тарих үдерісінде бір-бірінен ажырап, екі бағытқа негіз болады. Халықтардың, мәдениеттердің, өркениеттің тарихи өмірінің екі бағытына негіз болған осы екі сезімнің арасында үнемі толассыз күрес жүріп жатыр. Бұл жалпы әлемдік тарих. «Билік сезімнен басқыншылық, саясат, құқық, ал олжалық сезімнен сауда, экономика, ақша туындайды. Құқық күштінің меншігіне айналады. Оның құқығы – барлығының құқығы» [4, 36 б.].

Билік бұл тұрғыда тек зорлық мағынасында. Бірақ, ол жалпы өмірдің заңы. Егер күшті жеңетін болса, ол нағыз шын өміршеңдіктің, ең жігерліліктің, ең саулықтың жеңісі. Өмірде тек дене мен жан саулығы қалып, өсіп-өнуі тиіс. Әйтпесе өмірдің өзі жоғалар еді. Адамдар тарихы да солай. Онда да күштілердің жеңуі космостың заңы. Егер оны моральдің тілімен бейнелесек, күштінің жеңуі, әлсіздің құруы – жақсылық, керісінше болса – жамандық. Дарвиннің теориясы да осыны көрсетеді.

Жоғары мәдениет стиліндегі халықтар нағыз тарихи халықтар. Өйткені олар жоғары мәдениеттің туындылары. Халықтар, адамдар мәдениетті жасамайды, мәдениет халықты қалыптастырады. Ал мәдениет өзі белгілі бір ерекше сипаттағы ландшафтарының көрінісі. Өзгеше ландшафт өзгеше мәдениетті тудырады. «Егер біз ұлы мәдениеттердің тарихына көз жіберсек, онда олардың объектісі, қозғалысқа келтіретіні – ұлт. Оның тұрақты қалпы, status мемлекет деп аталады. «Ұлттың үнемі қозғалыстағы, ағымдағы тұрақты формасын ғана алып қарасақ, сол – мемлекет. Мемлекет, ол қозғалыссыз тарих, ал тарих – ағымдағы мемлекет. «Мәдениет – ол ұлттың мемлекет түрінде өмір сүруі» [4, 471 б.].

Мемлекетті бұлай түсіну табиғаттағы барлық тұрақты құрылымдарды мемлекет деп анықтауға негіз береді. Яғни мемлекет онда адамдарда ғана болмайды. «Ең қарапайым түрінде кеңістікте еркін өтіп жатқан өмір сияқты мемлекет те байырғы», – дейді ол [4, 471 б.].

Өмірді, билікті, адамды осылай түсіну Шпенглерді тарихтағы соғыстардың мәнін жоғары бағалауға алып келеді. Өмірдің қандай формасы, қандай мәдениет өміршең, ендеше қандай халық өмір сүруге құқылы, ал қандайларының оған құқығы жоқ екендігін тек соғыс шеше алады. Басқаша түрде айтсақ, қандай мәдениет үстемдік етуге тиіс екендігі де соғыста анықталады.

Өмірдің шын фактілеріне сүйенсек, – дейді Шпенглер, онда тек жақсы, мықты, артықтық және жаман категориялары бар. Олардың алғашқылары күштілікті, соңғысы әлсіздікті білдіреді. «Соғыс, – дейді ол, – ең ұлы нәрселерді тудырушы» [4, 471 б.]. Билік, мемлекет мәселелері адамдардың ең терең, ең маңызды мұқтаждықтарынан туындайтын болғандықтан болу керек, екі мың жылдан астам уақыт ішінде оның шығар көзін бүкіл әлемнің заңдылықтарынан іздеу тоқтамай келеді. Философиялық ой оны тіпті заңғарлығы әлемнің өзінен кем емес, ал кейде одан да асқақ етіп көрсетуге дейін барды. Ал өмірдің, тарихтың өзінде де адамдар қатардағы мемлекет қана емес, құдіретті деп танылған империялар құрды, олардың ұшар басында отырған әміршілер құдай, жаратушы іспеттес болып та көрінеді. Құдай туралы идеяның өзінің түпкі прототипі, түпкі үлгісі осындай әлеуетті әміршілер болған деуге де белгілі бір негіз бар.

Мемлекет туралы қағидалардың екінші типі жалпы алғанда оның шығар көзін адамдардың өз мұқтаждықтарынан іздейді. Оның кейбір сарындарын бірінші типте – Аристотельде, Ницшеде көрдік. Оларды екі типке бөлуде де белгілі бір шарттылық бар.

Шығыста да, Батыста да ертедегі қарапайым ұжымдықтардан кейін қоғам іштей жіктеліп, қатынастар күрделіленген сайын өзін өзі реттейтін, ұйымдастыратын шағын қоғамдастықтарға басқару ісі оқшауланып, онымен айналысатын адамдар тобы құралады. Халық саны көбейіп, әртүрлі топтар пайда болып, олардың арақатынастары саналуан бола берген сайын басқарушы топ та ұлғайып, олардың өзгеше мүдделері қалыптасады. Мемлекеттер ұлғайған сайын оны басқару ісіне мемлекеттің әрбір мүшесінің тікелей қатысуы мүмкін болмай

қала береді. Мүдделердің қайшылығы наразылықтар тудыратыны сөзсіз. Жеке адамдардың берік топтасуы әлсіреп, олардың оқшаулануы күшейе береді. Яғни билік енді қауымның барлық мүшелерінің ортақ ырқы болудан көрі жеке топтардың ырқының көрінісі болуы үйреншікті құбылыс еді. Соның нәтижесінде жалпы тәртіпті қорғау, орнықтырып отыру үшін тұрақты қарулы топтар, органдар, сыртқы қауіптерден сақталу мақсатында тұрақты дайындалған әскер пайда болады. Бұл Антика дәуірінде қалыптаса бастайды. Егер алғашқы дәуірлерде әрбір ересек еркек басқа сыртқы қауіптерден сақтануда жауынгер болуға тиіс болса, енді арнайы дайындалған әскер ғана қажет болды. Халқы әлдеқайда көбейген үлкен мемлекеттерде заң шығару, т. б. жалпы шешімдерге келу үшін халық жиналысын шақыру мүмкін емес. Ол шешімдер және атқарушылық қызметті жеке топ немесе жеке бір адам орындау үйреншікті тәртіпке айналды. Олар, әрине, халықтың ең жалпы мұқтаждықтарын, ырқын іске асыруға тиіс, оны кейбір жеке билік етушілер міндетім деп түсінуі де кездеседі, бірақ көбінесе билеуші топ, не жеке билеуші өз мүддесі үшін берілген құқық деп қабылдауына айнала береді. Тоталитарлық биліктің әртүрлі формалары осылай пайда болуы тиіс. Әртүрлі идеологиялық қағидалар, соның ішінде діни көзқарастар мұны жаратушының жерде орнатқан тәртібі деп бекітеді. Жалпы космостық тәртіп солай деген жүйелер осыны негіздеді деп көрсеттік. Платон т. б. философия ойшылдарының осы кейін ұзақ ғасырлар үстем болған тоталитарлық биліктің жаршылары болғанын айттық.

Бүкіл Орта ғасыр осы идеялардың іске асқан, өмірде салтанат құрған дәуірі еді. Жеке адамдар да басқару ісі олардың тікелей атқаратын істеріне тікелей қатысы жоқ басқа, күнделікті өмірден, яғни өздерінен алыс дүние деп қабылдайды. Басқару ісі соны атқаратындардың немесе жеке билеушінің табиғи меншігіндей, оның туа біткен қасиетіндей көрінеді. Бірте-бірте жеке билеушілердің өздері де, жеке адамдар да бүкіл мемлекетті, әрі өздерінде оның меншігі, тағдырын анықтаушы, қажет десе өмірін сыйлаушы, тіпті жоюшы да деп сене бастайды. Тирандар, әміршілер билігі осылай бекиді. Енді

адамдардың өз туындысы олардың өздерін тудырушы күш, құдірет. Олардың ортақ күші енді өздеріне жат, жау күш.

Шығыста да, Батыста да алғашқы қарапайым, шағын қауымдастықтардағы биліктің олардың әрбір мүшесіне тікелей тиістілігі осылай бірте-бірте жоғалады. Мемлекеттің адамдардан тыс, оларға үстем күш сипатына ие болған жүйелер ұзақ дәуірлерде орнықты. Оның орнығуы Шығыста да, Батыста да көп мыңдаған жылдарды қамтиды. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіптеріне қарсы құрылатын қарулы күштері – полиция, ішкі әскері, қауіпсіздік органдары, тұрақты әскер – барлығы да нағыз автократиялық басқару формаларында ең алдымен өз халқына, оның наразылықтарына қарсы қойылатын күшке айналады.

Батыстың тарихында Қайта өрлеу, Жаңа дәуірде пайда бола бастаған рухани бетбұрыс әрбір жеке адамдарда бола бастаған өзгерістердің нәтижесі деуге негіз бар. Әсіресе Жаңа дәуірде XVII ғасырдан бастап анық байқалған осы өзгеріс жеке әрбір адамның қоғамдасудың аса берік бірліктерінен ажырап, біршама оқшаулануында. Оның мәнісі – адамдардың экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, моральдық, ақырысында саяси өмірдегі өзіндік дербестігінің арта беруі. Ол әркімнің өзіндік мақсаттары, ұмтылыстары, құндылықтарының бола беруінде. Бүкіл тарихта болып келген бұл үдеріс жаңа қарқынға ауысқан. Адамдардың оған дейін болып келген бір-біріне тікелей тәуелділігі объективтенген формалары арқылы дәнекерленген тәуелділікке ауыса бастайды. Оның тағы бір белгісі – әркімнің өз болмысын өзі түзетіні, орнықтыра алатыны. Тәуелсіздіктің мазмұны осында. Әркімнің басқалармен өз мүддесі, мақсаты, құндылығы тұрғысынан қатынасқа келуінде. Сондай қатынастарда басқалардың мүдделерімен байланысында оларды, қажет деп тапса, өзгертуінде. Сол үдерісте мақсаттардың, ырықтардың белгілі бір ортақ мазмұнға ие болуын, соның мүмкіндігінде. Сол мақсат, құндылықтарды әркім өзі қалауында. Тәуелділік ұғымының өзі әр ырықтың өзгеше дербес екендігіне негізделеді.

Сонымен Қайта өрлеу, Жаңа дәуір барысындағы көріне бастаған рухани өзгерістерді неғұрлым айқын сезінетін Еу-

ропа ойшылдары билік және оның ұйымдасу формасы – мемлекеттің шығу көзін, түпкі себебін негізінде адамдардың өздерінен іздеуге бейім. Мемлекеттің қандай болу керектігі туралы мәселені олар адамның жалпы табиғаты, түпкі мәні қандай дегенге тірейді. Ал бұл туралы әр ойшылдың көзқарасы әртүрлі. Тіпті барлығын жаратқан құдай деп түсінетіндердің өздері де (Макиавелли, Гоббс, Руссо) ол адамды осындай етіп жаратты, мемлекет соған сай болу керек деп есептейді. Адамды тек табиғат туындысы деп қарағандар да сондай тұрғыда.

Осы бағытқа, жалпы типтік негізге Жаңа дәуір ойшылдарының көпшілігі жатады деуге болады. Әсіресе, олардың ішінде – мемлекеттің келісім бойынша пайда болу идеясын ұсынғандар. Адам табиғатын әртүрлі түсініктеріне қарамай оларда бір нәрседі бірдейлік бар: әр адам дербес автономды субъект, әркім өз ойларының, істерінің т. б. түпкі инстанциясы, яғни, ақырғы себебі, бірден бір иесі, авторы. Оларды әркім өзі таңдаған. Олардың нәтижелерінің, салдарларының, олар жақсы болсын, жаман болсын, барлық игілігіне де, зардаптарына да өзі жауапты, оларды өз мойнымен көтеруге тиіс.

Мемлекетті келісімнің нәтижесі деп қарайтын ойшылдар, әсіресе Гоббс, Локк, Руссо, тарихтың бастауында әр адам өзінше, басқалардан бөлек, қоғамсыз, мемлекетсіз тіршілік етті деп ойлаған. Гоббстың (1588–1679) айтуынша әркім өз бетінше жеке өмір сүруі кезінде де олардың төмен дәрежеде болса да ойлауы, тілі болса керек. Яғни олар адамдар. Бірақ адамдар бірігіп қауым болып емес, аңдар сияқты тіршілік етсе, оларда ешқандай міндет, борыш, әділеттілік, ар-ұждан сияқты тек қоғамда бола алатын нормалар болмайды. Біреудің мүддесінің екіншісінің мүддесіне еш қатысы жоқ. Әркім не істесе ерікті және ол үшін әділетті. Мұндай ахуалды Гоббс бәрінің бәріне қарсы соғысы деп, ертеден келе жатқан латынша мәтелмен (*Bellum omnia contra omnes*) анықтайды. Өйткені оның ойынша ондайда әр адам әр адамға жау. Осы тынымсыз жаулықта, соғыста адамдар бір-бірін алаңсыз жойып жібермеу үшін және тыныш жағдайда жақсырақ өмір сүру үшін олар келісіп қоғамдасуға, яғни ол үшін мемлекет құруға мәжбүр болған. Мемлекетті құру Гоббс үшін қоғамдасумен

бірдей. Ал оларды құру туралы келісімнің мазмұны мынандай: оған қатысушылардың барлығы өздерінің жеке ырықтарын біріктіріп бір ырық етуге келіседі. Әр қайсысы өз ырықын баз кешіп, ортақ бір ырыққа бас иеді. Ол ортақ ырықты белгілі бір адамдар тобына, не жеке біреуге тапсырады, не бәрі бірігіп шешетін болады. Оның барлығы нақты жағдайларға байланысты. Билеу тапсырылған топты, не бір адамды, оны орындаушыны Гоббс суверен деп атайды. Мемлекет жалпы адамдардың өмірін қорғау үшін құрылатындықтан, ал оның меншігі, еңбегі оның өміріне қажетті жағдайы болғандықтан оған қарсы әрекет келісімге жатпайды. Өмір сүруге құқық адамға табиғаттан берілген, ал табиғатты да, адамды да құдай жаратты, яғни ол құқықты түбінде құдай берген. Сондықтан суверен, яғни мемлекет басшысы тіпті заңды түрде сотталған адамның өзіне де өзін-өзі жаралауға, өлтіруге оның өміріне қарсы әрекеттерге қарсы тұрмауға, тамақтанбауға, денсаулығына керек дәрілерді қолданбауға әмір ете алмайды, – дейді Гоббс [5, 238 б.]. Адамдардың заңы табиғаттың заңдарын теріске шығара алмайды. Сондықтан ондай әмір болған жағдайда «адам оған бағынбауға ерікті. Гоббстың негізгі шығармасы «Левиафан» 1651 жылы жарық көргеннен кейін бұрын жойылған корольдік билік қайта орнаған кезде Гоббсқа қарсы орасан сындар мен шабуылдар күшейген. Өйткені ол өз қағидасымен шіркеудің корольдің билігі құдайдың жердегі орнатқан тәртібі деп келген уағызын теріске шығарды.

Гоббс мемлекет басқарудың үш қана формасы: монархия, демократия және аристократия болуы мүмкін дейді. Тирания, олигархия, анархия деген түрлер жоқ. Олар тек монархия, демократия, аристократияның басқаша атаулары. Басқару формасы қандай болған күнде де олар алғашқы келісімнің негізінде қызмет атқаруы тиіс. Ол келісім атазаң іспетті.

Гоббс, бірақ, заң шығарушы, атқарушы, сот сияқты биліктің үш тармағы жөнінде анық пікір айта қойған жоқ. Парламент күштерінің жеңіліс тауып, корольдік билік қайта орнаған кезеңнің қатал қаһары үлкен кедергі болды ма деп ойлауға болады. Сондай жағдайлардың ықпалынан болуы мүмкін екінші бір тұжырым оның өз қағидасына қайшы келеді: билік

мұнарасының жоғарғы ұшында отырған суверенге келісімді бұзды деп қарсы әрекет етуге болмайды, себебі ешкім суверенмен келісім жасасқан жоқ, оған қатысқандар тек бір-бірімен келісім жасасты.

Осындай қағиданың өзі, бірақ, сол дәуірдегі үлкен жеңіс еді. Оның түп қазығы болып тұрған тұжырым – мемлекеттің адамдардың өз туындысы екендігі, оның адамдардың өз табиғатына сай келу керектігі. Оның айтуынша азаматтық заңдар барлық қажетті іс-әрекеттерді қамти алмайды. «Сувереннің алдын ала әмірімен көрсетпеген әрекеттерді оның қарамағындағылар істеуге де, істемеуге де ерікті» [5, 239 б.].

Мемлекеттің Гоббс көрсеткен үш басқару формасының ішінде оның ойынша ең қолайлысы монархия. Демократияда көптеген келісулер, талқылаулар шешім қабылдауды тым күрделілендіріп жібереді. Монархтың билігі, егер ол, әрине, келісімді берік ұстанатын болса, ондай ыңғайсыздықтарды азайтады.

Мемлекеттің келісімдік табиғаты туралы идеяны алғаш жария еткен Гоббс еді. Ол идеяны ол өз кезіндегі өмірден алынған бай материалмен дәлелдеуге тырысты. Күнделікті тіршілікте адамдардың қылықтары мен пиғыларына мұқият көңіл аударсақ, олардың сыртқа тікелей көріне бермейтін іштей жаулығын көресің дейді ол. Мүмкін болғанша өз үйін берік қамалға айналдыру, кетіп қаларда құлыптау сияқты ең қарапайым қылықтардың өзінен бүркемеленген түрде үнемі барлығының барлығына қарсы соғысы жүріп жатқанын көреміз. Адамдардың табиғаты сондай. Сондықтан олар ешқашан мемлекетсіз күн көре алмайды.

Мемлекеттің табиғатын, оның пайда болуының себебін адамдардың өзара келісімінен көретін кейінгі ойшылдар Гоббстің кейбір демократиялық идеяларын ілгері дамытты. Уақыт жағынан оған ең жақын Д.Локк (1632–1704) еді. Англия буржуазиялық революциясының белсенді қайраткері, мемлекеттік істерге тікелей араласты, әрі оны рухани жағынан дайындаушылардың бірі.

Локктың ойынша да адамдар алғашқы кезде мемлекетсіз қалыпта болған. Бірақ қоғамдасуда болды. Олар бір-бірімен

жаулық қатынаста емес, керісінше өзара мейірбандық, көмектестік жағдайында болған. Өйткені олар табиғатынан солай. Табиғи жағдайда да адамдарға ойлау, зерде, тіл. т. б. адамға тән қасиеттер болған. Тіпті мемлекет шыққанға дейінгі қоғамдасуды да Локк табиғи қалып деп біледі. Яғни табиғи жағдайда барлығының барлығына қарсы соғысы болмаған және ол мемлекеттің шығуының себебі емес.

Мемлекеттің шығуын Локк меншікпен байланыстырады. Шаруашылықтың көптеген түрлері, меншік, шаруашылық қатынастар мемлекеттен бұрын болған. Алғашқы жағдайда адамдар теңдік қалыпта өмір сүрді. Табиғат адамдарды тең етіп жаратқан. Біреу қара күш жағынан артық болса, екінші біреу – ақыл, зерде, достық т. б. жақтарынан одан басым болуы мүмкін. Ендеше, олар түбінде жалпы бір теңдікте. Әркім өз еңбегінің нәтижесін меншіктенеді. Уақыт оза келе әркімнің қабілеті, жігерлілігі, іске құштарлығы, табандылығы т.т. қасиеттері мүліктік теңсіздікке, әлеуметтік артықшылықтар мен кемшіліктерге душар етуі мүмкін және солай болады да. Адамдар арасындағы мүліктік теңсіздік, әлеуметтік артықшылықтар әртүрлі қайшылықтар мен өзара соқтығыстарға, зорлықтарға әкеле бастайды. Локктың түсіндіруі бойынша мемлекетті осы жағдайлар қажет етті. Адамдар арасындағы қайшылықтарды реттеп отыратын, әркімнің өз еңбегінің нәтижесін бейбітшілік жағдайда өзі пайдаланып отыруын қамтамасыз ететін мекеме, орган қажет болды.

Дж. Локк ең жоғары суверен деп ұлтты түсінді. Қандай да болмасын биліктің көзі – ұлт. Ұлт қана мемлекет құра алатын субъект. Мемлекеттің құрылуы бұрыннан қалыптасып қалған тәртіп, нормаларды бекіту қажеттілігінен өзінен өзі дерлік ұйымдасады. Адамдардың көпшілігі оны құруға іштей келіседі. Айрықша дауысқа салып, талқыланып та жатпауы мүмкін. Яғни, ол келісім адамдардың өз арасындағы түсіністік. Сондықтан үкіметке белгілі біреулерді таңдап, олардың ырзашылығымен тағайындай алады. Бірақ, биліктігілер мен халықтың арасында келісім болмайды. Биліктігілер келісімнің тек құқықты екінші жағы емес. Мемлекет азаматтардың құқықтық теңдігін, бостандығын қорғауы қажет. Дж. Локк биліктің заң шығарушы

және атқарушы тармақтарын бөліп ұйымдастыру идеясын алғаш ұсынушылардың бірі. Ал сот ісін ол атқарушы биліктен бөліп қараған жоқ. Мемлекеттің ең қолайлы басқару формасы деп Локк конституциялық парламенттік монархияны атады. Яғни, монарх биліктің басында, халық заң шығарушы парламентті сайлайды, барлығы да заң бойынша іс атқарады.

Егер ағылшын ойшылдары келешек азаматтық қоғам туралы ілімін белгілі бір тәжірибенің негізінде өрбітсе, мысалы парламенттің алғашқы нышандары XIV–XV ғасырларда көріне бастаса, Еуропа жағдайында ондай тәжірибе ол кезде жоқтың қасында еді. Франция, Германия ойшылдарына өз топырағының негізінде белгілі бір концепциялық тұғырдан өрбітуге тура келді. Әрине, олар ағылшын революциясының тәжірибесін ескерді, Гоббс пен Локктың ойларымен таныс болды. Оларға да қатынас әр түрлі болғаны белгілі. Билеуші топтарда корольдік билікті қолдаушылық әрине түсінікті, екінші жағынан ағылшын парламенті армиясына моральдық тірек болар күштер де қалыптаса бастаған. Кромвель бастаған парламент күштері бел алып, 1649 жылы король Карл 1-ші жазаға тартылған кездің өзінде де революциялық күштер толық жеңіске жете алмай, кейін қарсы күштердің бітімгерлігімен аяқталды.

Тарихтың ең ерте кезіндегі адамдардың қоғамдасусыз, мемлекетсіз, жеке-жеке ешбір байланыссыз тіршілік еткені туралы Гоббс идеясын Ж.Ж. Руссо да (1712–1778) қолдады. Бірақ, бір бірімен ешбір байланысы жоқ адамдар арасында жаулық та, достық, мейірбандық та болуы мүмкін емес. Олар бір біріне жат. Олар да ойлауға қабілет, зерде бар, бірақ, әлі нашар дамыған. Қауымдасу болмағандықтан сөйлеу де жоқ есепті. Әркім өз мұқтажын өзі табады, олар әрине барынша қарапайым. Адамдардың табиғи айырмашылықтары, яғни біреудің күшті, екіншінің әлсіздеу, саналуан қабілеттердің әртүрлілігі олар үшін маңызы жоқ. Теңдік не теңсіздіктер олардан туындамайды.

Өзге жануарларға қарағанда адамдарда үнемі жетіле беруге қабілет бар. Мұқтаждықтары да әр түрлі болып дами беретіндіктен оларды қамтамасыз ету белгілі кезеңде мүмкін

болмай қалады. Жеке өндірудің өсуі белгілі бір шекке тіреледі. Руссоның ойынша, әртүрлі өскелең мұқтаждықтарына қажет әртүрлі өнімдерді енді оқшауланған әрекетпен таба алмау бірте-бірте бірлесіп, ассоциация құруға итермелейді.

Жеке, оқшау тіршілікте адамдар, әрине, еркін. Өз мақсатын, оны іске асырудың жолдарын әркім өзі анықтайды. Ол дербес, ешкімге тәуелді де емес, ешкімге үстем де емес. Ассоциация құруға ешкім де әрине ықыласты емес бостандығынан айырылғысы келмейді. Бірақ, қалайша өз бостандығынан айырылмай, қайта оны нығайта, әрі күштерін үдете алу керек?

Руссо қоғамдасудың адамдар күшін еселеп арттыра алатынына көңіл аударады. Жеке-жеке адамдар қанша болса да, ешқандай атқара алмайтын істі олар жай қара күштерін біріктіргенде орындай алатынын бүкіл тарихтан білеміз дейді ол. Аса ірі шаруашылық орындарын, ғимараттарды, суғару жүйелерін олар ерте замандардан-ақ орнатқан.

Егер оқшау, ешкімге тәуелсіз өмірге үйренген адамдарда белгілі бір ортақ мүдде болмаса, онда, әрине, ешбір бірігу мүмкін болмас еді. Және ортақ мүдделерден басқа әркімнің өзіндік мүдделері болмаса, онда да бірігу мүмкін болмас еді. Осы қайшылықтың екі жағы да бірігуді қажет етеді екен. Егер тек қана ортақ мүдделер болса, онда ассоциация бір-бірінен айырмашылығы жоқ кілең біреулердің жай ғана суммасы болып шығады. Ондай адамдардың бір біріне деген ықыласы да болмайды, олар бірін екіншісі өзінің өзгешелігімен толықтыра алмайды. Яғни мүдделердің жай абстрактілік бірдейлігі қоғамдасуға ықылас туғызбайды. Ол бірдейліктің екінші жағы – мүдделердің, жеке мақсаттардың әртүрлілігі ассоциация құруға құштарландырады. Адамдар бастапқы табиғатынан тек өзін сақтау, қорғау, өз мұқтаждығын ғана білетіндіктен өзімшілдеу. Әр тірі тәнде оның биологиялық мұқтаждығы ғана бар. Ондай өзімшілдіктің табиғи қалыпта ешқандай моральдік сипаты жоқ. Ол жақсылық пен жамандықтан тыс. Қоғамдасу да ол осы мұқтаждықтарынан алаңсыз бас тарта алмайды. Әлеуметтік қатынастарда да бұл түпкі принцип болып қала береді. Жекеліктің табиғи құқықтары туралы теория жақтастарының барлығы да осылай дейді. Адам табиғатынан

еркін, одан туындайтын мұқтаждықтарына сай талап ету әркімнің табиғи құқықтары. Ал табиғаттың өзін жаратқан құдай болса, онда адамды құдай осындай еркін етіп жаратқан. Оны теріске шығаруға жердегі күштердің ешқандай қақысы жоқ.

Қауымдасып мемлекет құру оған қатысушылардың ортақ мүддесі негізінде барлық жеке ырықтарды біріктіріп бір ырық ету, әрқайсысының өмірін, меншігін қауіпсіздігін қорғау, бейбіт жағдай жасау. Сонымен қатар әркімнің басқалардың мүддесіне нұқсан келтірмейтін өзіндік мүдделеріне сай әрекет етуіне жол беру. Нәтижесінде Руссоның айтуынша мұндай ассоциацияда әркімнің өз ырық жалпы ортақ ырыққа кіргендіктен ол өз бостандығын сақтайды, ортақ ырықта ол басқа бір ырыққа емес, өзіне өзі бағынады.

Сонымен бірге қоғамдасу арқылы адамдар көп артықшылықтарға қол жеткізеді. Олардың қоғамдық мұқтаждықтары мен оларға жетудің жолдары мен амалдарын шексіз дамыта алатын болды. Адамдар өзара қатынастарын түзуде құқықтарына сай міндеттер мен жауапкершіліктерді білетін болды. Моральдық жүйе қалыптасты. Ойлаудың өткірлігі, ауқымдылығы шарықтады. Оның универсалдық формалары танымдық процесті тереңдетіп, өрісін айрықша кеңейтті. Жеке-жеке адамдар бірте-бірте бірлесіп, халыққа айналды. Жасампаздық қабілеттер көркем өнер, саясат, құқық, дін, философия салаларын туғызды.

Бірақ, солармен қатар адамдардың өзіншілдіктері айрықша қарыштап, олардың арасындағы бәсекелестікті ғана емес, бұрын болып көрмеген өзара қайшылықтары мен өшпенділіктерді де дүниеге әкелді.

Ортақ ырық мемлекет азаматтарының, тұрғындарының бәріне бірдей тәртіп, нормалар, яғни жалпы заңдар болып орнығуы тиіс, оны азаматтардың барлығы қолдап, бекітуі қажет. Күнделікті істерде сол заңдарды нақты іске асырып, атқарып отыратын магистратуралар керек. Сот істері де солай.

Адамдардың ортақ ырық Руссо суверен деп атайды. Яғни, ешкімге тәуелсіз, өзіне өзі ие билік. Барлық мемлекет құрушылардың бірге билігі – мемлекеттегі негізгі заңдарды,

оның жалпы принциптерін суверен ғана бекітіп және өзгерте алуы тиіс. Ортақ ырықтың бірігуі оны құрғандардың бірауызды шешіммен ғана іске аса алады. Бір ғана дауыстың қарсы болуы оны іске асырмайды. Руссо мұнда мемлекет құрылуының принципін, түпкі ережесін ешбір іліксіз таза қалпында баяндап отыр. Бұл қалып ертедегі грек мемлекеттері сияқты өте шағын қауымдастықта ғана болуы мүмкін. Ең таза қалпында ол принцип тек ой жүзінде бір идеалдық жағдайды ғана ескереді. Сондықтан ол әр азаматтың ортақ ырықты іске асыруда тікелей қатысуын ескереді. Бұл жалпы идея осы түрінде оның ең негізгі «Қоғамдық келісім жөнінде немесе саяси құқықтың принциптері» деген еңбегінде баяндалған. Кейінгі бір еңбектерінде халық саны көп үлкен мемлекеттерде азаматтардың жоғарғы жалпы істерді орындауға тікелей қатыса алмайтынын ескеріп, ол үшін өкілетті органдарды құру керек екендігі туралы айтқан.

Барлық азаматтар құқықтық тұрғыдан тең, өйткені олар табиғатынан тең адамдар. Адамдар тумасынан еркін, бірақ неге олар бәрі де бұғауда? – деп сұрақ қояды Руссо. Олардың ортақ ырқын орындайтындар қалай билеуші мырзаларға айналып кетті? Яғни бағыныштылар бағындырушылар болып шықты? Қазіргі корольдер, монархтар, патшалар бірте-бірте үстемдік етушілер болып шығып, мемлекеттің бүкіл түпкі табиғатын өзгертіп, мазмұнын теріс айналдырып жіберді. Оған адамдардың жай халықтың өзінің де енжарлығы себепші болды. Мұны Руссо жаттану дейді. Жаттанудың мазмұны – адамдардың өз туыдысының өзіне қарсы, өзіне үстемдік ететін күшке айналуы, яғни барлығының шоғырланған өз ырқы өздеріне жат болып шықты. Халықтың сол ырқын билеуші белгілі бір топ, тіпті жеке бір адам иемденіп, өз ырқына айналдырады.

Руссо ешқандай күш қолдану, яғни зорлық құқықты туғыза алмайды дейді. Ешкім табиғатынан құл емес, бұл туралы Аристотельдің айтқаны дұрыс емес. Егер күштінің зорлығына бағынуға тура келсе, ол – қажеттілік, бірақ құқық емес. Құқық адамның өз табиғатынан шығатын өзіне тиістіні талап ету. Табиғатынан тиістісі – еркіндік, өз өмірін, меншігін, қауіпсіздігін өзінің табиғи талабы деп қабылдау, оларды басқа

ешкімнің иемденуіне қақысы жоқ. «Күшке мойынсұну, ол – қажеттілік актісі, – дейді Руссо, – ырықтың актісі емес; әрі кетсе, ол – амалсыздықтың шарасы. Қандай мағынада бұл міндет бола алады?», [6, 120 б.] «сонымен ешкімнің табиғатынан өзі сияқ-тыларға билігі жоқ болса және де күш ешқандай құқықты туғыза алмайтын болса, онда қандай да болмасын заңды биліктің негізі келісім ғана бола алады» [6, 121 б.]. Сувереннің негізгі қамы – ортақ игілікті сақтау, қорғау. Ал ол не? Ол өмір сүруді, өмір сүруге қажет нәрселерді ғана қамтамасыз ету емес, олар құлдық жағдайда да бола алады. Ортақ игілік – мемлекет мүшелерінің барлығының еркіндігі. Өз әрекеттерін шектейтін құрсаулар болмаса, адамдар өз өміріне қажет нәрселерді өздері өндіре алады. Тұтас бір халық не үшін корольге, монархқа немесе бір топқа құлдыққа енуі керек, егер олар еркіндік жағдайды қамтамасыз етпейтін болса? Күн көруге қажет нәрселерді биліктегілер халыққа бере алмайды. Керісінше, халық оларды асырайды. Құлдық бұл тұрғыда халыққа ештеңе бере алмайды, яғни оның заңды билік бола алатын ешбір негізі жоқ.

Сувереннің мүшесі ретінде әр мемлекет мүшесі, яғни оны құрушы жалпы заңдарды өзгертуге, бекітуге қатысады, бұл тұрғыдан ол – азамат, ал заңдарға бағынушы ретінде оның қоластындағы, барлық мүшелер бірге – халық, бейбіт жағдайда – мемлекет, азаматтық қоғам, басқа мемлекеттерге қатынаста – тұтас бір субъект, яғни жеке адамның басқалармен қатынасындағы субъектілігі сияқты қызмет атқарады. Әр мемлекет құқық тұрғысынан басқа мемлекеттермен қатынаста тең, еркін субъект. Ал іс жүзінде ондай теңдіктің болмай жатқанын Руссо біледі де, айтқанда: мәселе олардың, жалпы адамдардың түпкі табиғатынан туатын тиісті қатынастарында. Адамдардың табиғатынан басқаға билігі бола алмайтыны сияқты, халықтар құратын мемлекеттер де сондай болуы тиіс.

Қоғамдасудың нәтижесінде адамдар өзін сақтаудың инстинкттерін әділеттілікпен, құқықтылықпен, теңдік ұғымдарымен ауыстырды, яғни белгілі бір мағынада табиғи мақұлықтан адамдық деңгейге көтерілді.

Руссоның айтуынша, егер халық жоғарғы суверен ретінде негізгі заңдарды анықтап отыратын болса, басқару формасы-

ның қандай болғаны маңызды емес. Егер монарх сол заңдарды орындап, соларға бағынып отыратын болса, ол да заңды. Онда монарх өз үстемдігін құрушы тиран, тек өз мүддесіне ғана қызмет ететін деспот емес, халықтың жалдап алған ең жоғарғы қызметшісі.

Бұл идеялар абсолюттік монархия әлі үстем Францияда, тіпті демократиялық республика болып отырған Женевада да орасан зор ашу-ыза туғызды. Автор қудалауға түсті. Парижде парламенттің шешімімен «Эмиль», Женевада «Қоғамдық келісім...» өртелді.

Барлық азаматтардың біріккен ортақ жалпы ырқы – суверен тек өзіне, суверенге қатысты мәселені шешеді. Яғни бүтін ырық бүтін ырықтың мәселелерімен айналысады. Ал оларды нақты орындау, нақты мәселелерді, соның ішінде жеке адамдарға қатысты шешімдерді атқарушы билік шешу керек. Олар, магистратуралар, немесе үкімет сайланған немесе тағайындалған жалдамалы қызметкерлер.

Жеке адамдар жалпы суверендік істерден басқа өз жағдайын өздері жасауға тиіс. Олардың осы жеке мүдделері және үкіметтің атқару қызметтері де өз ауқымын кеңейтуге ұмтылады. Бұл, әрине, жалпы Сувереннің қызметіне қайшы. Сондықтан осындай әрекеттер Сувереннің өзінің кейбір жағдайларда жоғалу қаупін туғызады. Әсіресе, бұл үкімет, атқарушы биліктің экспансиясы жағынан тууы мүмкін. Басқаша айтқанда, жалпы ортақ мүддеге жеке, өзімшілдік мүдделер жағынан үнемі белгілі қауіп бар.

Өмірді, қоғамдасуды демократиялық жолмен құру идеялары неміс топырағына біршама кейін келді. Англиядағы, Франциядағы революциялық өзгерістер, оларды әлеуметтік ойда дайындаған ойшылдардың идеялары, әрине, Германияда да жаңғырық тауып жатты. Бірақ, әлеуметтік өзгерістерде ол әлдеқайда кешеуілдеп қалған болатын. Әсіресе, Ұлы Франция революциясының дүмпулері Германияда рухани шарықтаушылық сезімдерін, ой жүйелерінің өрістеуін туғызғаны мәлім. Бұл неміс классикалық философиясында ең айқын көрініс тапты.

Қоғамдық өзгерістер мен құрылымдарды басқа, сыртқы ықпалдардан емес, адамдардың өз табиғатынан түсіндіру бағы-

тының басында И. Кант (1724–1804) тұрды. Егер Гоббс, Локк, Вольтер, Руссо т. б. Еуропа ойшылдарының социологиялық, саяси идеялары философиялық ойлармен біршама ғана әріптесіп жүрсе, И.Кант олардың түп негіздерінен қарауға тырысты. Мемлекеттің келісімдік табиғаты идеясын ұсынғандардың басты принциптерін: адамдардың алғашқы табиғи жеке-жеке өмір сүру қалпын, келісім-шарттарын, оның негізгі нәтижелерін Кант та қолдады. Ол әсіресе, Руссоның көзқарастарын дұрыс деп есептеді. Адамдардың табиғи құқықтарына заңдар жүйесіндегі жеке бас құқықтары саласы сәйкес келеді дей отырып, ол адамдардың бұрынғы табиғи қалпына қоғамдық емес, азаматтық қалыпты қарсы қояды. Ең алғашқы осы өзгерістің қалай болғанын біз енді біле алмаймыз дейді ол.

Гоббс, Локк т. б. сияқты Кант та адамдардың түпкі табиғаты туралы идеяны қолдайды. Және оның не нәрсе екендігін метафизикалық, жалпы философиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізді. Ол негізгі мәнінде ешқашан өзгермейді. Канттың қағидасы бойынша адамның осы түпкі табиғаты – еркіндік. Адамдар тарихта әртүрлі жақтарда қанша өзгерістерге ұшырамасын, бірақ негізгі мәнінде өзгермейді. Басқа жануарлардан өзінің түпкі өзгешелігі сақтала береді. Еркіндікті (басқаның мойындатуға деген ықпалынан тәуелсіздігін) логикалық танымдық қисын тұрғысынан түсіну мүмкін емес, өйткені, себеп-салдарлық схема заңымен сыйыспайды. Ол жалпы ақыл заңымен сай басқалардың да еркіндігімен сәйкестікте бола алатындықтан әр адамның ең алғашқы табиғи құқығы. Әрине, ол адамзат тегіне жататындықтан.

Еркіндік өз ырқының сыртқы әрекеттік көрінулерінде мүмкін болып тұрған түрлі максималардың ішінен белгілі бір мазмұнды ақылында, зердесінде қалау, таңдай алу қасиеті: Таңдау – ақыл немесе зерденің қасиеті, бірақ сезімдер, дәлірек айтса, құштарлықтың қасиеті емес.

Кант практикалық зерде (разум) ілімінде зерденің негізгі принциптері онда қашаннан бар, ол принциптерсіз зерде болмайды, яғни ол принциптер бастапқы, тәжірибе атаулыдан алаңсыз тәуелсіз, ешбір тәжірибеден туындамайды, олардан бұрын, априорлық принциптер. Егер жаратылыста-

ну ғылымдарында тәжірибеден бұрын, зерденің о бастан бар бүкілжалпы ұғымдары мен принциптері бар деген болсақ, практикалық зердеде бұл әсіресе анық, – дейді ол. «Практикалық зердеге сында», әсіресе «Мінез-құлық метафизикасында» ол зерденің заңдарының шығу көзі мен мүмкіндіктері жөнінде біз тіпті сауал қоя алмаймыз, тек зерденің өзі сондай дей аламыз. Мүмкін, сол заңдардың өзі зерде жүйесін құрайтын болар. Зерде үшін ең алғашқы, басқа принциптерінің бәрінің негізінде жатқан, оның атқаратын барлық функцияларының түп қазығы – осы еркіндік. Осы зердеде ғана біз оның барлық мазмұндарын, элементтерін, әсіресе әртүрлі сезімдік әсерлер мен жан құбылыстарын қалауымызша сан түрлі тәртіпке, ұғымдарымыз бен принциптерімізге сай жүйелеп немесе жүйелей алмай да жатамыз.

Мемлекеттің келісімдік табиғатын ұстанатын ойшылдар үшін еркіндік ұғымы, әрине, ең бастапқы. Бірақ, Кантқа дейінгі ойшылдар оның мағынасын ең жалпы, күнделікті қолданыстық деңгейде ғана айтып, оның мағынасы онсыз да белгілі сөз ғой дейтіндей жол-жөнекей тоқталмай өтіп кетіп жүрді. Гоббс еркіндікті тіпті біздің жалған адасушылық әсеріміз, ал шынында тек қажеттілік қана бар деген мағынада айтып кетті. Руссо еркіндікті адамның о бастапқы табиғаты деп білгенмен, ол жөнінде: Мен философ емеспін, сондықтан ол жөнінде метафизикалық шытырман талдауларға бара алмаймын деген. Кант болса, практикалық өмір метафизикасының бүкіл тұтас жүйесін осы ұғымынан өрбітті. Зерденің басқа априорлық принциптері мен ұғымдары екінші орында. «Еркіндік ұғымы, – дейді Кант, – зерденің таза ұғымы, сондықтан да ол теориялық философия үшін трансцендентті, яғни оған болуы мүмкін тәжірибеде ешбір мысал сай келе алмайды, олай болса бізде болуы мүмкін ешқандай да теориялық танымның пәні бола алмайды және біз үшін конститутивтік емес, тек реттеушілік принцип ретінде маңызы бар, атап айтқанда спекулятивтік (тек таза ойлаудың аясында) зерденің сезімдік ұмтылыстарды анықтайтын эмпирикалық жағдайлардан тәуелсіз және таза практикалық зерденің себептілігінің және адамгершілік ұғымдар мен заңдар бастау алатын таза ырықтың бар екендігінің

заң ретінде көрінетін практикалық түпкі тұжырымдарының көмегімен айқындайды [7, 264–278 бб.].

Канттың ойынша зерденің ұғымдары мен принциптерін таза деу сезімдерден таза, тек логикалық дегенді білдіреді. Ендеше біріншіден, сезімдер дүниесінде еркіндік бола алмайды; екіншіден, сол кездегі философтар – Кант та солай – ойлауды негізінде тек таным деп есептеуге бейім. Философия бұл тұрғыдан тек ғылым, өз алдына дербес рухани қызмет емес; үшіншіден, Кант осы тұрғыдан ойлауды, зердені жаңа нәрселер тудыратын, өмірде әлі жоқ жаңа құбылыстардың идеяларын тудыратын творчестволық қызмет деуден алыс. Сондықтан да ол еркіндік ұғымын конститутивтік (жасампаздық) емес, тек реттеуші (регулятивтік) принцип деп отыр. Еркіндік идеясы олай болса жаңалық әкелуге емес, зерденің заңдарының шеңберінде ғана таңдаулар жасауға, бағыттауға қызмет етеді. Ойлауды тек адамның танымдық қызметі деу, оны тек өзінен тысқы объектіні бейнелеу деп түсінуден шығады. Кантта априорлық зерделік формалар туралы мәселенің орны басқа солай дей тұра Кант еркіндікті сипаттауында оны жасампаздықтың бастауы сияқты көрсетеді. Оның сипаттауы бойынша еркіндік зерденің түпкі принципі ретінде ойлауды белгілі бір нормаға бағындырып, шектеуден гөрі, яғни бар объектіні бейнелеп, қайталаудан гөрі өмірде жоқ, бірақ, болуға тиіс бір нәрсені атқаруға бағыттайды. Еркіндік практикалық зерденің түпкі принципі ретінде сырттай әрекетке ауысу сәтінде өзін жария етеді, яғни тілекке қабілет түрінде. Тілекке қабілет зерденің қабілеті ретінде сезімділікті емес. Сезімділік (әртүрлі құмарлықтар) адамның таңдауына белгілі бір түрде әсер етеді, бірақ, әйтседе іске асыруға ұмтылыс түбінде бәрі бір зердеден туындайды. Канттың ойынша практикалық зерденің ойлауда басты болатыны – іс-әрекеттерге тартатын барлық ұмтылыстар осында туындайды. Яғни, ойлаудың түкпірінде туындайтын тілектер іс-әрекеттерге, оларды іске асыруға құштарлық олардың соны тілеушінің өмірінде әлі жоқ екендігінің көрінісі. Керек нәрсенің идеалдық бейнесінің болуы адамды алаңсыз қанағаттандыра алмайды. Ал сол бейнесін реалдыққа, яғни бар нәрсеге, болмыстыққа айналды-

руы тиіс. Олай болса, Канттың бұл жерде сипаттап отырғаны шын мағынасында творчестволық процесс, тек бейнелеу ғана емес. Сондықтан да практикалық зерде спекулятивтік зердені өзінің құрамды бөлігі етіп тұрады. Мазмұны жағынан осындай творчестволық қызметті Кант, бірақ, жасампаздық процесс дей алған жоқ. Солай бола тұра осы еркіндік идеясын билік етудің шығар көзі деуге ол өте жақын келді.

Осылай шешуші қадамды бір жағынан жасай отырып, екінші жағынан сәл тоқтап қалды. Кантты еркіндікті ғылыми тұрғыдан тану мүмкін емес деуге мәжбүр етті деп ойлаймын. Өйткені, Канттың ойынша, ғылым, таным процесі таным объектісін себептілік принципінің тұрғысынан түсіндіреді. Ол принцип бойынша әр нәрсенің болуының себебі я өзі, я басқа бір нәрсе. Өз себебі өзі болған күнде де адамның осы сәттегі қалпы оның істерінің, шешімдерінің себебі болып тұруы тиіс. Бірақ, адамның осы сәттегі қалпы оның сол сәттегі іс-әрекеттерін, шешімдерін түсіндіруге негіз бола алмайды.

Сондай априорлық заңның бірі, мысалы: «Бүкілжалпы заңдық күші бола аларлық максимаға сай әрекет қыл» [7, 264–278 бб.].

Әрине әркім өз максимасын өзі таңдай алады, олар іс жүзінде әртүрлі әрі көп жағдайда адамдардың табиғи өзімшілдігінен де туып жатады. Айтылған заң зерденің принципі ретінде өзімшілдікті алаңсыз теріске шығару емес, оған белгілі бір шек қою.

Егер еркіндікті адам зердесі табиғаттан, өзінен тыс әлемнен ала алмайтын болса және ол зерденің түпкі табиғаты болса, онда бұл зерденің өзімен бара-бар қасиет. Еркіндік бар болса ғана зерде бар, зерде бар болса адам бар. Адам, ол тек тірі тән ғана емес қой! Зердесін жоғалтқанда тірі тән адам болудан қалады.

Яғни еркіндік адамдарда кейде болып, кейде болмайтын кездейсоқ көп белгілерінің бірі емес. Еркіндік жоғалғанда адам да жоғалады. Тек еркін таңдаудың негізінде пиғылдар мен мақсаттар пайда бола алады. Өйткені пиғылдар не нәрсені жеке адам өзі үшін ең құнды, ең бағалы деп түсінуіне байланысты. Адамдардың сезімдері мен эмоциялары оның ең баға-

лы деп қабылдайтын нәрсесіне байланысты. Егер мысалы, ең қымбат нәрсе тірі болу, тірі қалу деп қабылданса, ондай адам сол үшін барлығын да құрбан етуі ықтимал. Тарихтан белгілі: Нюрнбергте адамшылыққа қарсы қылмыс жасады деген айыптаумен сотталған Гитлер фашизміне қызмет еткен генералдар: егер концлагерлер құрып, онда адамдарды жаппай азаптап өлтіргенде жоғары биліктің бұйрығын орындадық, олай етпесек біздің өзімізді жоятын еді деп ақталуға тырысқаны белгілі. Яғни өз өмірін сақтау үшін басқалалардың бәрін де өлтіруге болады екен.

Яғни адамның жалған таңдауы. Өз таңдауының қандай екендігіне байланысты әрбір адам басқалардың алдында да, өз ар-ожданының алдында да жауапты, өйткені таңдау сенің еркін болғандықтан оның әлемдегі жалғыз иесі, тек сен өзіңсің. Оның артында басқа ешбір себеп, фактор жоқ.

Осы көзқарасты белгілі дәрежеде ХХ ғасырда дамытқан Ж.П. Сартр болды. Ол әрбір адам өзі өзінің жобасы, әркім ол жобаны өзі еркін таңдаған, адам еркін ғана емес, ол еркіндікке байланған, ол өзін таңдамаған күнде де таңдайды, өмір сүру өз мәнінен бұрын және өз мәнін өзі таңдайды және сол үшін жауапты дейтін ойларды дамытты. Бірақ, Сартр Канттың еркіндік тек зердеге, яғни логикалық ойлауға тән дейтін тұжырыммен келіспейді, таза ырық идеясы да онда қолдау таппайды. Оның ойынша пиғылдар мен мақсаттар еркін таңдаудың нәтижесі, адамдар алдымен мақсаттарды таңдайды, ал сезімдер мен құмарлықтар мақсаттар мен пиғылдардың көрінісі. Ырық осылардың сыртқы іс-әрекеттерге өту алдындағы ақырғы форма. Ол қабылданған мақсатқа жетудің жолдары мен амалдарын да қарастырып, оған деген интенция (ұмтылыс, тілек).

Практикалық зерденің о бастан түпкі бастауы еркіндік болғандықтан адамдар құрған өз дүниесінде моральдық ұғымдар міндеттейтін заңдар түрінде, яғни бар дүниенің бейнесі емес, болуға тиісті қылықтарды талап ету түрінде көрінеді. Оларды ол категориялы императив» (бұлжымас әмір) деп атады. Ол ұғымдар немесе моральдық категориялар: адамгершілік, борыш, әділеттілік, жақсылық, ізгілік, мейірбандық, теңдік, қажеттілік т.т. Олар әдет-құрып, мінез-

құлық саласын қамтиды. Адамдар таңдауға қабілетті ерікті болған жағдайда ғана олар бір-біріне осындай талаптар қоя алады. Егер ол сыртқы бір қажеттілік (мысалы, табиғат заңдары немесе құдіретті жаратушы бар болып, соның әмірі арқылы ғана әрекет ететін болса, оларға ешбір талап қоюға болмас еді. Онда олар сыртқы себептердің салдары ғана, дәлірек айтса, ішкі де (мысалы өз тәнінің мұқтаждықтары) себептерден әрекет ете алатын болса. Мінез-құлық нормалары этикалық және заңдық екі саладан тұрады. Заңдық нормалар немесе тәртіптер жалпы заңдылыққа сай сыртқы әрекеттерді талап етеді. Олар көбінесе мемлекеттің орнатқан тәртібі түрінде бекітіледі. Бұлар қажет болса, күш қолдану арқылы іске асып жатады. Сондықтан ондай заңдар адамдарға сырттай таңылған, олардың тарапынан іштей илануын күте бермейді. Тек оларды орындауды талап етеді. Әрине мемлекет азаматтардың оларды іштей қолдап, илану арқылы орындағанын күтеді, солай болғанына мүдделі. Бұл заңдар әсіресе шын әділдікке, халықтың көпшілігінің көңілінен құптау тапса, оңайырақ іске асары хақ. «Табиғат заңдарынан өзгеше бұлар моральдық заңдар деп аталады. Тек сыртқы іс-әрекеттерге және заңдылыққа сай екендігіне қатысты болса, олар юридикалық заңдар деп аталады, егер ол заңдардың іс-әрекеттердің өздерінің анықтаушы негіздері болуы талап етілетін болса, олар этикалық деп аталады. Юридикалық заңдарға қатысты еркіндік тең сыртқы іс-әрекеттерде қолданылатын еркіндік; ал екіншілеріне қатысты еркіндік зерденің заңдарымен анықталатын болғандықтан ырықтың сыртқы да, ішкі де қолданысының еркіндігі [7, 133 б.]. Осы екі сала да моральды құрайды. Олардың айырмашылығы: этикалық заңдар іс-әрекетті борышқа, ол борышты іс-әрекеттің пиғылына айналдырады; этикалық әрекеттің борыштан басқа пиғылы болмайды, ол борышты орындаудан басқа ешбір басқа нәтижеге ұмтылмайды. Этикалық әрекетте заңның өзі мақсат болып тұруы керек. Моральдық заңдар тәжірибеден тұмайтын, қайта тәжірибенің өзін тудыруға бағытталғандықтан адамгершілік парызды орындауда ешбір кедергілермен ақталуды мойындамайды. Оларды орындауға мүмкіндік жоқ болып тұрса да, орындауға ұмтылу қажет. Егер адам

мүмкіндіктердің жоқтығына қарамай парызды орындауға барлық күшін жұмсап, жеңіліс тапса да, оны ақтауға болады. Мәселе әрекет жасауда, ол нәтижеге жете алды ма, негізгі емес. Әрекеттің өзі мақсат.

Канттың ойынша адамдар арасындағы келісімнің алғашқы нышандары азаматтық қалыптан әлдеқайда ертерек құрыла бастаған болуы керек. Ертедегі қауымдық, әлі мемлекеті жоқ құрылымдарда бірігіп тіршілік етудің жалпы шарттары пайда болады. Бірақ, олар әлі адамдардың ондай бірлігін халық ете алмайды. Яғни олар әлі азаматтық қалып емес. Азаматтың жағдайға әкелетін шарттары басқаша. «Халықтың өзінің сол арқылы мемлекет болып құрылуының, атап айтқанда мемлекет идеясының заңды екендігін мойындататын акт – алғашқы келісім, ал оның мазмұны бойынша (om nesetsinguli) халықтың құрамында сыртқы бостандықтан бас тартып, бірліктің, яғни мемлекет (universi) деп қаралатын халықтың мүшесі болып сол сәтте-ақ қайта иелену, және мемлекет немесе мемлекеттегі адам белгілі бір мақсат үшін өзінің табиғи бостандығының бір бөлігін құрбан етті деуге болмайды; заңға негізделген тәуелділіктің ауқымында, яғни құқықтық жағдайда өз бостандығын толық деңгейде қайтып алу үшін заңға негізделмеген, тағылық бостандықтан алаңсыз бас тартты, себебі мұндай тәуелділік оның өзінің әмір етуші ырқынан туындайды» [7, 120–121]. Яғни алғашқы келісімді түсінуде Кант Руссоға жақын. Бірақ ол азаматтық жағдай туралы келісімге дейін басқаша келісім болған дейді. Азаматтың қалып туралы келісім бұрынғы ортақ тіршіліктің әлі міндетті емес шарттарын міндетті заңдарға, сыртқы (ресми) құқықтың ережелеріне айналдырады. Мұндай бірлік мемлекет деп аталады. Осы актінің нәтижесінде жеке-жеке ырықтар ортақ бір ырыққа, суверенге айналады.

Бұдан шығатын ең табиғи тұжырым – жоғарғы билік қашанда болсын, тек Ортақ ырыққа, яғни суверенге тиісті. Суверен ол – халық. Кез-келген бірліктер адамдарды халық ете алмайды. Әртүрлі шаруашылық, т. б. мұқтаждықтардан адамдар әртүрлі ұйымдарға бірігуі мүмкін. Бірақ олар бірігуді қажет қылған мұқтаждық жоғалғанда тарқап кетеді. Адамдардың мемлекет құрып халыққа айналуы таза практикалық зерденің

түпкі идеясынан шығады, яғни категорияларық императив. Ол әрі жалпы, әрі қажетті идея. Бұдан туындайтын мемлекеттің формасы – мемлекеттің түпкі табиғаты, мемлекет атаулының бірден бір формасы.

Канттың осы соңғы қорытындысы мемлекеттің келісімдік табиғаты идеясын ұстанушылардың басқа өкілдерінде жоқ. Қазіргі тілмен айтқанда оны мемлекеттің демократиялық құрылымы дер едік. Кант оны азаматтық қалып дейді. Қандай да болмасын басқа формалар мемлекеттің шын табиғатынан ауытқу болады, ал кейбір басқару формалары оған тіпті қарама-қарсы. Ең қарсы форма – деспотиялық басқару, Канттың айтуынша, әкелік деп аталып жүрген форма, басқаша оны патерналистік дейді. Мұндай басқару билеуші қарамағындағыларға әкенің балаларына билік жүргізгеніндей: қарамағындар әлі жетілмеген, ненің игілік, жақсы, ал ненің жаман екенінен әлі хабары жоқ секілді қатынас жасайды. Мұнда қарамағындағылар бар, бірақ азаматтар жоқ. Қарамағындағылар – бағыныштылар, оларда ешқандай құқық жоқ.

Канттың теориясында шын басқару формасы – отандық, патриоттық. Онда азаматтар – мемлекеттің мүшелері, яғни ортақ ырыққа қатысушылар. Олар мемлекетті құрушылар. Олардың барлығы бірге мемлекет. Азаматтар тек өздері құптаған заңдарға ғана бағынуы тиіс. Азаматтар – заң шығарушылар, немесе заң шығарушы билікті құрушылар, яғни сайлаушылар. Заңдар әр азаматтың ортақ мүдделерге, басқалардың бостандығына зиян келтірмеуге ғана шек қоюға тиіс. Ал оның шеңберінде әркімнің еркін әрекет етуіне кеңістік болуға тиіс. Яғни заңдар барлық азаматтардың іс, қызметтерінің, белсенділігіне қажет ең бастапқы негіздерді анықтайды. Олар барлығына бірдей, тең болуы қажет. Ал ол бастаулардан әркімнің белсенділігі, яғни таланты, жігері, ынталығы, табандылығы, әрине, әртүрлі бола беретіні анық, яғни іс жүзінде адамдар бірдей емес. Ендеше олардың қоғамдық, экономикалық, саяси т. б. жағдайлары, деңгейі нәтижелері әртүрлі болатындығы түсінікті. Заң негізіндегі теңдік адамдарды барлық жағынан бірдей етуге мәжбүрлей алмайды. Бастапқы ортақ жағдайлар ғана бірдей, тең бола алады. «Со-

нымен, – дейді Кант, – тең құқықтық деп қаралатын азаматтық қалып төменгі үш априорлық принципке негізделген:

- 1) Қоғамның әр мүшесінің адам ретіндегі еркіндігі;
- 2) Оның қарамағындағы (подданный) ретіндегі әркімнің әрбір басқамен теңдігі;
- 3) Әрбір қоғам мүшесінің азамат ретіндегі дербестігі.

Бұл принциптер құрылған мемлекеттің шығарған заңдары ретінде ғана емес, таза зердеден шығатын адамдардың жалпы сыртқы құқығының принциптеріне сай келетін тек солардың негізінде ғана мемлекеттің құрылуы мүмкін болатын заңдар» [7, 236, 237 бб.].

Сонымен Жаңа дәуір ойшылдары әсіресе философиялық еңбектерінде демократиялық қоғамның басқару формаларының, жалпы оның құрылымына қатысты идеяларды жан-жақты дерлік өрбітті. Олар биліктің бір-біріне тәуелсіз үш тармағы (заң шығарушы, атқарушы, сот) туралы ойларды да ұсынды. Мемлекеттің басқару формаларының оның (мемлекеттің) түпкі мәніне (бүкіл жалпы ортақ ырыққа) тәуелді болуы, сәйкес келуі идеясының философиялық мазмұнын ашты.

3 МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСҚАРУ ФОРМАСЫНЫҢ АДАМ МӘНІНЕ НЕҒҰРЛЫМ САЙ ФОРМАСЫ ЖӨНІНДЕ (Маркстік теория)

Мемлекет мәселесіне байланысты концепцияларда маркстік қағида айрықша орын алады. Әуелі оның негізгі ерекшелігін жәй атап қана өтсек, 1-ден мемлекеттің шығу көзін адамдар қоғамымен байланысты қарайды; 2-ден адамдар қоғамын, оның ішінде мемлекетті, жалпы тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіруге бағытталған; 3-ден мемлекеттің жалпы табиғатын күшпен, тек үстемдікпен, зорлықпен байланыстырады. Ең соңғы ерекшелік, меніңше, марксизмнің басқа тұжырымдарының жалпы дүниетанымдық негізі. Оның себебі марксизм адамдардың ойлауын, қоғамын, мемлекетін, жалпы қоғамдық құбылыстарды, тарихты материалистік тану тұрғысында түсіндіреді.

Ең алдымен бұл тұрғыдан адамзат тарихының шығуы, өзгерістері, дамуы экономикалық мұқтаждықтардың ықпалынан болады. Ғылыммен, дінмен, философиямен, көркем-өнермен т. б. рухани қызметтермен айналыспас бұрын адамдарға күнкөріске қажет өнімдер керек, суықтан, ыстықтан қорғану үшін киім, баспана керек, ал олардың бәрін жасау, өндіру қажет, өндіру үшін құралдар жасай алу керек т.т. Мұның барлығы, әрине, ешбір дау туғызбайтын қарапайым фактілер. Өндіруден басқа функциялардың барлығы белгілі дәрежеде жануарларда да бар. Сондықтан марксизмше тарихтың, қоғамның, адамның пайда болуы осы өндірістен бастау алады. Өндіріс ол – материалдық, я экономикалық процесс. Себебі, ол адамдардың тікелей өмірлік мұқтаждықтарын өтейді. Ол процесстің екі жағы бар: өндіргіш күштер – өндірісті іске асыратын адамдар және олардың арасында пайда болатын өндірістік қатынастар. Екі жақтың тұтасқан бірлігі – мате-

риалдық игіліктерді өндіру тәсілін құрайды. Адамдардың, олардың қоғамының материалдық негізі осы. Материалдық негіз өзгерсе, қоғам да өзгереді. Мұнда Маркс материалдық өнімдер өндіру адамдардың өмір сүру мұқтаждықтарынан шығаратын сияқты көрінеді. Бірақ, ол мұқтаждықтар тек қана биологиялық мұқтаждықтар емес қой! Адамдардың тек тәнінің мұқтаждықтарының өзі биологиялық қалпын енді өзгерткен. Жаңа биологиялық, тікелей тәндік мұқтаждықтар жануарларда өндіріс процесін туғызбайды. Адамдарда даму процесінде пайда болған мұқтаждықтар енді көбінесе идеалдық, тіпті рухани сипатта. Және олар белгілі бір материалдық процестердің бейнесі емес.

Бірақ, Маркстың айтуы бойынша өз өмірін қоғамдық өндіру процесінде адамдар өзара белгілі бір қажетті, олардың өздеріне тәуелсіз қатынастарға, өндірістік қатынастарға, түседі, ал бұл қатынастар қоғамның экономикалық базисі, олардың үстіне – саяси, философиялық, діни, моральдық, яғни идеологиялық қондырмалар орнайды. Экономикалық базис немесе өндірістік қатынастар – қоғамдық болмыс, ал қоғамдық сананың формалары сол болмысты бейнелейді, ендеше оларды осы болмыс тудырады. Болмыс өзгерсе, соған сай сана да өзгереді. Идеалдық нәрсе, адамдардың болмысының бейнесі, туындысы, көшірмесі. Идеалдық ол адам басына өткен, сонда өзгертілген материалдық. Маркстік материалистік көзқарас бойынша ойлау, сана тек қана бейне, объектінің суреті, көшірмесі, ал егер онда бір творчестволық сипат болса, ол ойлаудың түпкі табиғаты емес, оның түпкі табиғаты – материалдың процестерді, объектілерді идеалдық түрде қайталау. Маркстың тарихты материалистік тұрғыда түсіну туралы теориясына осы жолдардың авторы бұрынғы орыс тілінде шыққан еңбектерінде (*) сыни талдаулар жасаған болатын. Яғни менің қорытындым бойынша, бұл теория ақиқаттан алыс, адасушылық. Себебі, адамдар іс-әрекеттері тарихты құрайтын болса, ол іс-әрекеттерде қоғамдық болмыс олардың санасынан, жалпы ойлауынан бұрын бола алмайды. Керісінше, қандай да болмыстық форманы адамдар өз құндылықтарына, мүдделеріне, мақсаттарына сай түзеді. Әрине, ол құндылықтар қаншалықты дұрыс және қаншалықты

дұрыс түзіледі, ол – басқа мәселе. Адамдардың сыртқы қимыл-әрекеттерінің нәтижелері көбінесе материалдық, заттық формада көрінеді. Жұмыстағы құрал-саймандардан бастап, сан түрлі құрылыстар, ғасырлар бойы салынған қалалар, жазылған кітаптар, музыка, дыбыстық сөйлеу, театрлық қойылымдар т.т. Осындай қимыл-әрекеттердің заттық қалыпқа ауысқан түрін Маркстың өзі де болмыстық форма деп атаған. Жұмысшы тарапында белсенді қимыл түрінде болған нәрсе енді тыныштық қалпындағы заттық қасиеттерге, болмыстық формаға ауысады дейді, – ол «Капиталдың» бірінші томында. Сол томда ол: ең нашар архитектордың ең шебер арадан айырмашылығы – үйді салмас бұрын ол оны, үйді, өз басында, яғни идеалдық түрде түзеді дейді. Идеалдық форма, ендеше, үнемі алда жүреді. Ерте заманда пайда болған тас балтадан бастап қазіргі ракеталарға дейін олардың идеясы біреудің немесе бірлеудердің басында тұңғыш рет пайда болды. Ол идеялар өмірде бар балта мен ракетаның ойдағы бейнесі ретінде туындамайды. Біздің ойларымыз, ұғымдарымыз, идеяларымыз өмірде бар нәрселердің ғана көшірмесі болатын болса, онда ойлаудың біз үшін қажеттілігінің өзі шамалы болған болар еді. Ойлаудың негізгі атқаратын қызметі тек бейнелеу деп есептеу («Ленинская теория отражения») үлкен қателік, өйткені ойлау дүниедегі бар нәрселердің ғана бейнелеуі болса, онда тіпті адамзат тарихы мүмкін болмас еді. Ол тек бар нәрселерді қайталау болған болар еді.

Материя бірінші, ал сана екінші деген Энгельстің тұжырымы жалпы марксизмнен бұрынғы материалистердің көзқарасына тура келеді. Бұрынғы материализм ойлаудың қоғамдық болмысқа қатынасы емес, оның бүкіл табиғатқа қатынасы жалпы материалдық дүниемен байланысы туралы мәселені қойған. Табиғат, әрине, адам ойлауынан бұрын, алғашқы, адам ойына тәуелсіз, адам ойында бейнеленеді. Ол даусыз және жұрттың бәріне дерлік белгілі нәрсе. Ал адамның ойлауы қалай пайда болды, адамның өзі қалай қалыптасты дейтін мәселе философиядан көрі адамды зерттейтін нақты ғылымдардың үлесі деу дұрыс сияқты. Философия болса адамның ойлау қызметінің табиғатын зерттеуі тиіс. Сондықтан да ойлаудың

болмысқа қатынасы туралы, әсіресе ойлаудың материяға қатынасы туралы мәселе қою тым жалпы абстрактылы деп қарау керек. Біз білетін ойлау – ол адамның ойлауы. Әлемдік басқа ойлау жоқ. Еңдеше мәселені нақтырақ қою керек болса, онда философияның негізгі мәселесін – адамның ойлауының оның болмысына қатынасы деп қойған дұрыс сияқты. Мемлекет мәселесіне, оның басқару формаларына осы жалпы философиялық ойлардың қандай қатысы бар деген сұрақ тууы мүмкін. Бұл сұраққа бұған дейінгі талдауларымызда белгілі дәрежеде жауап беріп келе жатқан сияқтымыз? Бірақ, шынында тарихты материалистік не идеалистік тұрғыда түсінудің мемлекеттің формаларын ажыратудағы рөлі қандай дегенге тікелей жауап айта кеткенде дұрыс шығар. Бұл маркстік философияда, біздіңше, айқын көрінеді.

Бұрынғы ойшылдардың философиялық жүйелеріне қарасақ, адамның еркіндігін, оның бостандығын көбінесе идеалистік бағыттағы ойшылдар үнемі алға тартып отырған. Оның себебі де біздіңше түсінікті. Идеализм, егер ол адам ойлауын оның өмірінің шешуші факторы деп қарауға жақын болса, оның бостандығына үлкен мән береді. Руссоны, Кантты т. т. еске алсақ, жеткілікті. Тіпті адамның ойлауын оның табиғатының немесе жаратушының туындысы деп қараса да. Егер адамды, оның ойлауы арқылы түсіндірсе, онда ойлау бостандықтың, еркіндіктің адамның түпкі табиғаты екендігі айқын болады.

Адамның ойлауы тек объектілерді бейнелеу деп түсіндірісе, онда оны табиғатынан, түпкі мәнінен еркін деген қорытынды шықпайды. Тек қана бейнелеу, объектінің қандай екендігін неғұрлым дәл көрсету, оның тек көшірмесі болу еркіндік емес. Материализмнің қандай екендігіне қарамастан ондай көзқарасқа тән тұрғы адамды тек одан тыс жағдайлардың, себептердің, факторлардың нәтижесі, салдары, туындысы дейтін пайымдау. Маркстік философия да осыдан алыс кеткен жоқ. Бұрынғы материалистік философиядан оның айырмашылығы – ол қоғамдық болмыс деген ұғым кіргізді. Ал қоғамдық болмыс – ол адамдар әрекетінің барлық – заттық, материалдық нәтижелері екен. Дәлірек айтқанда, тек заттық, материалдық өнімдері ғана емес, өндірістік қатынастар, сол өнімдерді өндіру

процесінің, оның формаларының, тәсілдерінің өзі болмыстың негізгі жақтары. Олай болса, адамдардың қоғамдық өмірінде көзбен көруге, қолмен ұстауға, естуге, жалпы сезім органдарымен қабылдауға болатын көріністердің немесе формалардың бәрі де болмыстық жүйені құрайды.

Бірақ олардың бәрі де адам ойларының, идеяларының, тілектерінің т. т. идеалдық ұмтылыстарының белгілі дәрежеде іске асқан формалары ғой. Оны жоғарыда айттық. Онда ол болмыс сананың іске асқан түрі болса, тек сол іске асқан түрде ғана бір адамның жан дүниесі, ойы басқа адамдардың да аңдауына, сезіну қабілеттеріне әсер ете алады. Оған дейін, яғни сыртқы бір заттық, физикалық қимыл, естілетін дыбыс түріне өтпей тұрып, бір адамның жан сырлары екінші адамға белгісіз күйінде қалар еді. Жалпы сондай жағдай бола қалған күнде. Тіпті адамның бет жүзінің қозғалыстары да (мимика) ол туралы хабар бере алады. Осының барлығы идеалдық процесстің реальдық формаға ауысуы. Тек осы жолмен ғана адам мен адамның арасында түсіністік байланыстар орнайды, түштеп келгенде қоғамдық қатынастар пайда бола алады. Адамдар қоғамдаса алады. Егер тарихта, күнделікті өмірде болмыстық форма идеалдық формадан туатын болса, онда қалай адамдар санасы қоғамдық болмыстың тек бейнесі, тек көшірмесі бола алады? Бұл процестерден қалай тарихты түсінудің материалистік қағидасы шығуы мүмкін?

Бұл процесте адамдардың болмысы сыртқы, оларға тәуелсіз табиғаттың немесе Құдайдың болмысы емес. Олардың өздері жасайтын, өздері тудыратын болмыс. Маркстың өзі қоғамдық, яғни адамзаттың болмысы деп отыр. Іс-әрекеттер заттану (опредмечивание) және затсыздану (распредмечивание) жақтарынан тұрады. Біріншісі қимыл-әрекеттің (яғни ойлаудың да) затқа айналуы, ал екінші жағы – заттық формалардың қайтадан қимыл-әрекет аясына тартылып (яғни ойлау формасына да) ауысуы. Бұрын жасалған реалдық формалар қайтадан идеалдық формаларға тартылып жатуы белгілі нәрсе. Әрбір құрал-саймандарды істе қолданғанда, кітапты оқығанда, археологиялық қазбаларда табылған мүліктерді қай мәдениеттің туындысы екенін анықтауда, архитектуралық

стильдерден (мысалы – готика) оны жасағандардың қандай діни немесе жалпы дүниетанымдық көзқарастарды білдіргенін т. т. сезімдері мен идеяларын заттардың формасы арқылы тікелей, кейде жанама, емеурінді сипатта білдіретінін білеміз. Яғни, басқаша айтсақ, адамдардың болмысы олардың санасын анықтап тұратын, тіпті соны тудыратын оларға тәуелсіз күш емес, керісінше, олардың ой дүниесінен хабар беретін, өз формасымен адамдық белгілі бір мазмұнды білдіре алатын жол. Тәжірибелі археологтар көп тастардың арасынан табылған бір тастың табиғи емес, кезінде адам қолынан өткен нәрсе екенін бірден таниды.

Адамдар өз қолдарымен жасаған дүниені өздері танып, зерттеп, барлай алады. Сонымен әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар қалыптасады. Бұл, әрине, таным процесі.

Таным қызметі негізінде бейнелеу. Танылатын объектінің неғұрлым дәл, өзіндік болмысына сәйкес болмысын, мазмұнын бере білу. Табиғаттану саласында бұл дәл осылай. Объект қандай болса, сондай образын түзуге ұмтылу. Табиғаттанудың объектілері адамдардан тыс, оларға тәуелсіз бар дүние.

Ал адамтану, қоғамтануда ше? Біз мұнда тіпті басқаша қатынасты көреміз. Танылуға тиіс объектінің танушы субъектіден тәуелсіздігі мұнда да сақталады. Бірақ, танылатын объект енді материалдық, заттық емес идеалдық объектілер. Мұнда адамдар жасаған туғызған құбылыстардың қандай заттарда, материалдарда болса, сол заттардың табиғатын, физикалық, химиялық, механикалық ерекшеліктерін, қасиеттерін тексеріп жатпаймыз, оларда қандай адамдық ой, сезім, идеялар көрініс тапты, қандай тілектер мен армандар ұшқындайды, – танылатын объектілер осылар. Қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар тарихта жасалған, реалдық формаларында белгілі дәрежеде сақталған идеалдық мазмұндарды, құндылықтарды зерттейді. Ал табиғаттану ғылымдарының объектілері идеалдық емес, материалдық табиғи объектілер.

Осы айтылғандар Маркстың өзінің тарихи концепциясынан туындайды. Оның өзі «Экономическо-философские рукописи 1844 г.» деген еңбегінде «...Өнеркәсіптің тарихы және өнеркәсіптің қалыптасқан заттық болмысы біздің көз алды-

мызда ашылып тұрған адамдық мәндік күштердің кітабы, алдымызда сезіммен қабылдауға болатын адамдық психология... Кәдімгі материалдық өнеркәсіпте... біз өз алдымызда сезіммен қабылдауға болатын, бөтен, пайдалы заттар түрінде, бөтенделген түрде адамның затқа айналған мәндік күштерін көреміз» [8, 594 б.]. Біз Платон, Гегель айтатындай адамнан, әлемнен тыс мәңгілік идеялар дүниесін немесе абсолюттік идеяны білмейміз. Ал табиғатта адамдар ойларында туындап жататын идеялар мен құндылықтардың түпнұсқаларын таппаймыз. Адамдар өз тарихында әрқашан бұрынғы өмірінде болмаған көп нәрселерді бірінші рет жасап жатады. Бұрын болмаған құрал-саймандар, техника ғана емес, жаңа қоғамдық қатынастар, тәртіптер мен нормалар, көркем шығармалар, дәстүрлер мен ойлау формалары, қоғамдасу мен ұйымдасудың жаңа түрлері. Олардың табиғатта да, бұрынғы тарихта бар баламалары жоқ. Бұрын болмаған жаңа мұқтаждықтар, тілектер, мақсаттар, армандар т.т. туындап жатады. Ж.П. Сартр айтатындай әрбір жеке адам өзін-өзі жобалайды, келешекте қандай болғысы келетінін өзі анықтайды немесе анықтамайды. Өздері өздерін жасайды немесе жасаудан бас тартады. Онсыз тарихтың болуы мүмкін емес. Оның айтуынша сан өз мәнін (сущность) өзі тудырады, әрі оның тірегі де өзі.

Осылардың барлығы ойлаусыз, ойлаудың ешбір қатысуынсыз бола ма? Маркстың болмыс сананы анықтайды деген материалистік қағидасы бойынша солай болуға тиіс. Яғни адамды да оның әлеуметтік-тарихи қалыптасқан болмысы анықтауға тиіс. Егер материалдық-экономикалық болмыс ойлауды, адамдардың өздерін анықтаушы фактор болса, онда ол болмыс адамдарсыз, олардың іс-әрекетінсіз пайда болған нәрсе. Ойлау оны тек бейнелейтін болса, ол да болмыстан кейін болатын қызмет. Бірақ, жоғарыда келтірілген Маркстың өз сөздері бойынша материалдық өнімдер адамдардың заттың формада іске асқан субъективтік қабілеттері мен ойлары, сезімдері.

Сонымен Маркстік материалистік қағида ешбір логикалық сын көтермейтін, өзіне-өзі қайшы келетін, ақылға сыйымсыз түзім. Марксизмнің осы түпкі қағидасы Гегельдің мифологиялық, қияли деп бағаланып жүретін (әсіресе марксистер-

де) Абсолютті идеясынан да мифологиялық, қияли сипатта. Маркстың өзі де, басқа белгілі марксистерде осы қағиданы жан-жақты логикалық немесе нақты фактілерді талдау арқылы жүйелі, дәлелді түрде өрбіткен емес. Ол көбінесе жалпы түрде жариялану деңгейінде болып жүрді. Оған қоса, бұрынырақ айтқандай Маркс алғашқы еңбектерінде ғана емес, кейінгі еңбектерінде де материализмге қайшы идеалистік мағынадағы сөздерді айтып жүрді. Және де таң қаларлық жәйт – ол қайшылықтарды автордың өзі де, басқа маркстік теорияшылар да байқамайды.

Біздің қарастырып отырған мемлекет мәселесіне бұл көзқарастың тікелей қатысты жағы – адам тарихты, қоғамды материалистік түсіну тұрғысынан негізінде еркін жан емес. Ол – тәуелді, өз болмысының нәтижесі. Сыртқы және өз тәнінің табиғатына емес. Өзі жасайтын болмыстың туындысы. Бұл тұрғыдан тіпті бұрынғы материалистердің ой жүйесінде де қайта белгілі бір тұрақтылық пен логикалық бірізділік бар.

Заттық іс-әрекет, адам істерінің материалдық дүниені де өзін де өзгертуге бағытталған белсенді қатынас екендігін алға тарту марксизмнің ең құнды жаңалығы еді. Сол белсенді қатынас адамдарды еркін субъект ретінде көрсетуге жол ашатын еді. Маркстік философияда соған сілтейтін ұмтылыс та жоқ емес еді. Менің ойымша осы бағытта ол философия жарты жолда мүдірді. Ол мүдірістің себебі материалистік қағида болып шықты. Материалдық себептердің туындысы адамның өзі болса, ол қалай субъект болар еді?

Адам дүниені және өзін өзгертеді дейтін ұстанымның жаратымпаздық сипатын ең алдымен ойлау процесіне телу заңды тұжырым болған болар еді. Өйткені ойлаусыз, алдынала белгілі бір мақсатсыз іс-әрекет бола алмайтыны айқын. Бірақ, материализмнің ойлауда жасампаздық қасиетті көре алмайтыны да анық. Ойлау екінші, ол тек барды бейнелей алады, жоқ нәрсені бейнелей алмайды. Жоқ нәрсені бар ету, ештеңеден бірдеңе туғызу, ол – творчество, жаратымпаздық. Ал ол ойсыз жалаң істе, тек таза физикалық қимылда бола ма? Олай ойлау дүниедегі ең шексіз қиялда ғана мүмкін. Ал, адам осындай болса, онда қандай еркіндік бола алады. Адамның

ойлауы тек бейнелеу болса, бұл негізінде таным процесіне тән. Танымның дербес қызметке айналған деңгейі – ғылым. Марксизм осы жағынан бұрынғы материализмнің, белгілі мағынада жалпы бұрынғы философиялық дәстүрде қалды деп ойлаймын. Себебі, классикалық идеалистік жүйелерде де танымды, ғылымды ойлаудың ең биік асуы деп қарауға бейімділік бар еді. Осыған сәйкес философияның тарихында адам ойлауының меніңше ең түпкі, ең басты қызметіне, оның жоқтың, бірақ қажет нәрсенің бейнесін түзетін жағына жөнді көңіл аударылмаған. Ойлаудың жаратушылық қызметі өмірде жоқ, бірақ болуға тиісті, қажет, болуы мақсат, арман, ең қымбат нәрселердің бейнесін құруы, құруға ұмтылуы. Сыртқы физикалық қимыл, әрекет – сол бейнелерді идеалдық формадан реалдық формаларға айналдыру. Жаратымпаздық функция негізінде ойлауға ғана тән, іс-әрекет сол ойлаудың тікелей басқаруымен оны жалғастырып, іске асырады, болмысқа ие етеді. Сонымен осы жолдар авторының негізгі түйіні – адам ойлауының басты қызметі бейнелеу емес, жаратымпаздық (творчество). Бейнелеу, сөз жоқ, ойлаудың өте маңызды қасиеті, бірақ жаратымпаздық қызметіне бағынышты, соның қажетін өтеуге тиіс, екінші қатардағы қасиет немесе қызмет.

Материалистік тұрғыдан қаншалықты ақылға сиымсыз көрінсе де жаратымпаздық, ол – ештеңеден бірдеңе жарату. Біз мысалы бұрын болмаған бір құрал жасайтын болсақ, оны, әрине, бұрыннан бар бір материалдардан жасаймыз, бірақ ол материалдарда бұрын болмаған, бұрын жоқ жаңа бір функцияға сай форма береміз. Ал бұл ештеңеден ештеңе шықпайды» дейтін көзқарасты теріске шығарады.

Табиғатта да жаңа нәрселер туындап жатады. Бірақ, табиғатта пайда болатын жаңа құбылыс – мысалы тірі тіршілік – қалыптасқан жағдайлардан қажетті түрде туатын нәрсе болуға тиіс. Оны жаратымпаздық деуге келмейді. Ол объективтік себептіліктің нәтижесі. Егер қажетті жағдайлар бар болса, ол болмай қалмайтын салдар болуы керек.

Ал адамзат тарихында болып жататын нәрселер табиғатта болмайтын, бола алмайтын құбылыстар. Адамдар дүниесінде болып жатқан қоғамдық формалар: ойлау, адам, қоғамдық

қатынастар, қоғамдық сана формалары, мемлекет т. т. барлығы табиғатта жоқ, болуы мүмкін емес. Табиғатта моральдық нормалар мен талаптар болмайды.

Оларды түзу немесе түзбеу, қабылдау немесе қабылдамау, өздері үшін заң орнату немесе орнатпай бұлтартпас табиғи заңдарға емес, адамдардың өз ырқына, өз шешімдеріне байланысты. Қалыптасқан заңдарын да олар қажет деп тапса, өзгерте береді. Осылардың барлығы – бар нәрселерді тек бейнелеу емес, жаңа нәрселерді жарату. Яғни адамдардың жаратымпаздығы олардың о бастан түпкі бостандығының немесе еркіндігінің көрінісі. Жаратымпаздық жаңа нәрсенің пайда болуы ғана емес, ол – еркіндік. Ол табиғи қажеттілікке түпкі мәнінен кереғар қызмет. Ол тек адам ойлауының түпкі қасиеті. Бұл тұрғыда И. Канттың адам өзіне-өзі заң беретін бірден-бір мақлұқ дегенімен келісуге болады. Өзіне өзі заң беру өз тәнінің немесе бір сәттік пайда болған мұқтаждықтың жетегінде кете беру ғана емес. Әрине мұндай бола беретін болса да. Ол өз сезімдерін ақыл таразысымен өлшеп, байсалды шешім қабылдауда да. Мәселе адамдардың, дұрыс болсын, теріс болсын, әр кез өзі шешетіндігінде. Сондықтан да шешімдер сан түрлі. Басқаша айтқанда, еркіндік барлық уақытта жақсылыққа жетелейді деген қорытынды бұдан тұмайды. Онда ол еркіндік емес, бұлтартпас қажеттілік болған болар еді. Маркстік материализм адамның жан дүниесін, ойлауын қоғамдық болмысқа, оның дамуына тәуелді деп тану арқылы адамның еркіндігін мойындамайды. Егер олар, бұрын да айтқандай, қоғамдық өндірісте белгілі бір қажетті, олардың еркіне тәуелсіз қатынастарда болуға тиіс болса, әрине, еркіндік туралы сөз болуы мүмкін емес. Еркіндікті марксизм, бірақ, белгілі бір мағынада мойындайды. Ол тек таным процесінде.

Еркіндік марксизм түсінуінде танылған және сол арқылы іс жүзінде қолданылатын қажеттілік. Егер біз табиғаттың немесе қоғамның белгілі бір заңдарын түсініп, ой жүзінде және іс жүзінде өз мақсаттарымызға пайдаланып жатсақ – еркіндік сол.

Бұл, әрине, өмірде бар, болып жататын нәрсе. Мұнда еркіндік бар, бірақ адамда болатын да, болмайтын да қасиет. Ол болмаған күйде де адам өзінің адамдығын жоғалтпайды. Яғни,

еркіндік бұл тұрғыдан түпкі анықтаушы қасиеті емес. Оның үстіне осылай түсіну адамды негізінде тәуелділік жағынан сипаттап тұр. Маркстың төмендегідей сөздері бұған айқындық бере алады: «Ақша – бейтұлғалық билік. Ақша түрінде мен қалтама бүкілжылпы қоғамдық қуатты, бүкілжалпы қоғамдық байланысты, қоғамдық субстанцияны салып жүремін. Ақша қоғамдық билікті зат түрінде жеке адамның қолына ұстатады, ал ол бұл билікті жеке адамдық қалпында қолданады. Қоғамдық байланыстың өзі, қоғамдық айрыбастың өзі ақша түрінде тіпті бір сыртқы, өзінің иесіне ешқандай жеке қатынасы жоқ нәрседей болып тұрады, сондықтан да оның иесі үшін осы билік алаңсыз кездейсоқ, сыртқы нәрсе ретінде іске асырылады [8, 411 б.]. «Капиталист пен жериеленушілердің тұлғаларын мен мадақтамаймын. Бірақ Маркс үшін жеке категориялардың баламасынан белгілі бір таптық қатынастар мен мүдделердің тұлғалық бейнесі ретінде ғана сөз болады. Оның көзқарасы бойынша экономикалық қоғамдық формацияның дамуын табиғи-тарихи процесс, сондықтан да бұл тұрғыдан қандай да болмасын басқа көзқарастарға қарағанда да жеке адамды субъективтік жағынан ол өзі өнімі болып тұрған жағдайлардан қаншалықты биік тұрмасын сол жағдайлар үшін неғұрлым азырақ жауапты деп есептеуге болады.

Егер адамдар марксизмнің толық қалыптасқан кезіндегі еңбектерінде тарихи жағдайлардың «өнімі» (продукты) деп қаралса, онда мемлекеттің шығуы, түпкі мәні, басқару формалары да осы бағытта анықталатыны заңды. Мемлекеттің келісімдік табиғаты концепциясы авторларынан Маркс жалпы ырық пен жеке ырықтардың қайшылығы туралы идеяны белгілі дәрежеде қабылдаған. Бірақ ол қайшылық антагонистік сипатта. Себебі бізге белгілі тарихтың басты қозғаушы күші – таптардың күресі: Бүкіл философия тарихында мемлекет, билік туралы қағидалардың барлығынан дерлік Маркстік қоғам, мемлекет жөніндегі теориясы жалпы зорлық, күш қолдану, үстемдік, жаулық, өшпенділік идеясына құрылған. Барлық жеке мүдделер мен ырықтардың бірігіп жалпы ырыққа айналуын Маркс оны жеке бір әлеуметтік топтардың оларды өз мүддесі үшін қолданатын тарихи жаттану фактілерімен

шатастырған. Жаттанған форманы, яғни мемлекеттің табиғатынан алшақтауды, оның табиғатының бұзылған түрін ол мемлекеттің бірден-бір түпкі табиғаты деп қабылдайды. Егер мысалы, Руссо адам еркін болып туады, бірақ ол барлық жерде бұғауда деп, оны мемлекеттің шын табиғатының бұзылуы деп қараса, Маркс оны керісінше, оның түпкі табиғаты, мәні деп түсіндіреді. Яғни тарихта, эмпирикалық өмірде шын болған, болып отырған мемлекеттің өзін тудырған суверенге қарсы жаттанған күшке айналуын Маркс мемлекеттің түпкі мәні деп есептейді. Егер мемлекет бар болса, ол міндетті түрде бір таптың басқа тапқа немесе таптарға үстемдігінің органы, үстемдік етушілердің бағыныштыларды басып ұстаудың құралы, аппараты бола алады. Мемлекет басқаша бола алмайды. Германия социал-демократиялық партиясының Готт программасына жазған сынында Германиядағы полициялық деспотизмді сипаттай келіп, Маркс былай деген: «Тіпті демократиялық республиканы құдіреттің жер бетіндегі жұмағындай көретін, буржуазиялық қоғамның тап осы соңғы мемлекеттік формасында таптар күресі мәселені қарудың күшімен шешетінін сезбейтін дәреке демократия да полициялық лұқсымен ғана болып отырған демократизмнің сортынан өлшеусіз биік тұр» [8, 28 б.]. Яғни биліктің өңі айналған, оның жалған формасын ол оның шын формасы ретінде қабылдайды.

Сондықтан Маркстың келешек туралы идеясы бойынша пролетариат осы жаттанған форманы өз мақсаты үшін қолдануға мәжбүр. Пролетариат буржуазиялық қанаудың құралы болып отырған буржуазиялық мемлекетті күш қолдану, қарулы күрес арқылы қиратып, өзінің, пролетариаттың диктатурасын орнатуы тиіс. Өз диктатурасын ол жеке меншіктің буржуазиялық формасын жою үшін және ақырысында буржуазия тобын әрі өзін, пролетариатты, тап ретінде жою үшін пайдаланады. Сөйтіп тапсыз, мемлекетсіз өзін-өзі басқаратын еңбекшілер қоғамын орнатады. Онда өндіріс істерін басқаратын орган болады, бірақ, ондай органдар билік, мемлекет емес. Өйткені олар адамның адамға үстемдігі түрінде болмайды. Сонда ғана әрбір адамның дамуы барлығының еркін дамуының шарты болып тұрады.

Бұрынғы философия мен әлеуметтік теорияларда айқындалған адамның түпкі ешбір шартсыз еркін жан екендігін Маркс түсіне алған жоқ. Әсіресе еркіндіктің адамның түпкі табиғаты, мәні екендігі және түпкі мәні еркін болғандықтан ғана адамның өзі қоғамдық мақлұқ, қоғамдық жүйе құра алатынын И. Канттың метафизикалық, жалпы философиялық тереңдікте негізделген ойлар жүйесі Маркс үшін жат деңгей болып қалды. Канттың осы идеясы жөнінде ол былай дейді. «Шын таптық мүдделерге негізделген француз либерализмінің Германияда қандай түрге ие болғанын біз тағы да Канттан табамыз. Оның өзі де, ол өзі мүдделерін көркемдеп көрсетуші болған неміс бюргерлері де буржуазияның осы теориялық ойларының негізінде белгілі бір материалдық мүдделер жатқандығын және белгілі бір материалдық өндірістік қатынастармен анықталған ырық тұрғанын байқаған жоқ; сондықтан да Кант осы теориялық көріністі ондағы көрінген мүдделерден бөліп алып, француз буржуазиясының материалдық пейілдерімен анықталған ырқының айқындықтарын өз-өздігіндегі, өзінде және өзі үшін ырықтың, адамдық ырықтың айқындықтарына айналдырды, сөйтіп олардан осылай ұғымдардың айқындықтарын, моральдық постулаттар жасады» [8, 184 б.]. Яғни Маркстың түсінуінше адамдар да (бюргерлерде), Кант та мұндай жағдайлардың экономикалық қажеттіліктің құлдары екенін өздері де сезбейді, сөйтіп қияли жүйе жасайды. Нақты адамдар қашанда белгілі бір тарихи жағдайлардың жемісі (өнімі). Ал адам дегеніміз не, оның барлық уақытта (қанша өзгерсе де) болатын айнымас мәні (сущность) бар ма деген сұраққа бой алдыру – догматизмнің нышаны, ол жалаң абстракция екен. Субстанция адамның өзі емес, адам тек акциденция. Акциденция туралы ұғым бола алмайды, яғни адам өз-өзінің негізі емес. Онда сондай адамдардың белгілі бір тобы – пролетариат тобы – қалай капитализмнің көрін қазушы бола алады? Маркстың айтуы бойынша пролетариат та, буржуазия да капиталистік өндірістік қатынастардың туындысы, басқаша айтқанда ол материалдық қатынастар олардан бұрын қалыптасуы керек, тек содан кейін ғана айтылмыш таптар пайда бола алады, себебі ол қатынастар адамдардың

ырқына тәуелсіз, объективтік қажеттіліктер. Солай бола тұрса да ол өндірістік қатынастар – адамдардың өзара қатынастары. Қалайша адамдардың өз қатынастары олардың өздерін туғыза алады? Онда ол қатынастар – субъект, адамдар – объект, адамдар объективтік қажеттіліктің қимылға келтіретін немесе қимылдарын тоқтататын тірі автоматтары болып шығады. Олар өз ойлауында сол қажеттіліктерді бейнелейді, идеалдық түрде тек қайталайды. Сол қажеттіліктер олардың тілектері мен мақсаттарының мазмұнын құрайды. Жоғарыда келтірілген Маркстың сөздерінің түпкі мазмұны меніңше осындай. Тарихи материализмнің түпкі қағидасы. Адамдардың санасы тарихта тек танымдық қызмет атқарады. Оларға онда творчестволық, жаратымпаздық қасиет тән емес. Солай бола тұра, егер Кант концепциясы емес, Маркстың теориясы дұрыс болатын болса, онда пролетариат диктатурасы, оның мемлекеттік формасы, социалистік демократия, саяси үстемдігі идеяларының барлық жүйесі адамдардың еркінсіз, ойлауының, санасының қатысуынсыз қалыптасқан объективтік қажеттіліктің, яғни экономикалық қажеттіліктің тек идеалдық көрінісі. Ол экономикалық қажеттілік ешбір ойлаудың, идеялардың іске асқан түрі емес. Ол қажеттіліктің сол кездегі мазмұны – капиталистік қана емес, қандай да болмасын жеке меншіктің жойылып, қоғамдық ортақ меншікке өтуі. Осы қажеттілікті іске асыратын бірден-бір күш – ешқандай меншігі жоқ жалдамалы жұмысшылар.

Бірақ, егер объективтік қажеттілік – бұл тұста жеке меншікті жойып қоғамдық ортақ меншікті орнату – қалайша меншігі жоқ өндірісте жалдамалы жұмыс істейтіндердің мүддесіне, яғни идеалдық мұқтаждығына айнала алады? Ортақ меншікке оларды ынталы ететін не нәрсе? Өздерінде ешбір меншіктің жоқтығы ма? Бұл сұрақтарды Маркс пен Энгельс тәптіштеп талдап жатпайды. Оларға жауап өзі өзінен-ақ түсінікті деп есептелетін сияқты. Ал ол анықталмайтын, онсыз да айқын сияқты жауап тек төмендегідей ғана болуы мүмкін: ешқандай меншігі жоқ адамдардың әрқайсысының өмір сүруге қажетті нәрселерге деген тәни мұқтаждықтары бар. Меншігі жоқтар ол жағдайда осы мұқтаждығын өтей алмайды. Бірақ неге бұдан

ортақ меншікке деген ұмтылыс туындау керек? Қайта әркімдегі өз тәнінде ғана бар жеке-жеке мұқтаждықтарға сай жеке-жеке меншіктердің болуы табиғи емес пе? Немесе керісінше, өндіріс процесі шоғырланып, қоғамдық түс алу бағыты күшейе берген жағдайда оны иелену жеке меншік түрінде қала беруі ішкі қайшылықты күшейтіп дамуға тосқауыл болып жатқаны қарапайым жұмысшыларды қоғамдық меншікке ынталы ете ме? Бұл да бірақ күмәнді. Өйткені, ол үшін жоғары деңгейдегі таным, ғылыми ойлау қажет. Оның үстіне бұл қоғамдық болмыс қоғамдық сананы анықтайды дейтін қағидаға соншалықты сәйкес емес. Өйткені көптеген ойшылдар. Әсіресе, И. Кант әрбір жанның автономдық субъект болып қалыптасуы осы буржуазиялық дәуірде күшейе түскенін дәлелдеген. Оның әлеуметтік саяси билік формасы – демократия екендігі олар үшін анық еді. Маркс пен Энгельс те пролетариат революциясында демократияға қол жеткізу керек, себебі буржуазиялық қоғамда бостандық жоқ, ол бостандық тек бәсекелестікке бостандық дейді. Жоғарыда келтірілген сөздерінде Маркс жалпы «ерікті ырық» идеясына қарсы екенін көреміз. Әрине экономикалық қажеттілікпен анықталатын ырық ерікті бола алмайды. Бірақ, солай болса, демократияның қандай орны бар? Саяси билік те сол қажеттіліктің көрінісі ғана емес пе? Мемлекет арқылы сол қажеттілікті пролетариат іске асыруға тиіс болады. Осы тұрғыдан мемлекетті бір таптың екінші таптарға үстемдігі деп түсіну табиғи. Пролетариат диктатурасы да солай. Ол бірте-бірте қарсылықтардың бәрін жеңіп, адамдардың бәрі тең, ортақ, жалпы бірдей (теңдік тек осы мағынада) жағдайға, коммунизмге жетудің жағдайларын жасайды. Мемлекет сонда жоғалады.

Ал іс жүзінде социализмнің өрістеу тарихы нені көрсетті? Мемлекет туралы маркстік қағида бойынша мемлекеттің пайда болуы антагонистік қайшылықтардың нәтижесі. Антагонистік қайшылық қарама-қарсы жақтардың бірлігі емес, олардың бірін екіншісі түпкі негізінен теріске шығару деген мағынаны білдіреді. Маркс «Неміс идеологиясында» буржуазия мен пролетариат қарама-қарсылықтар, бірақ олар бірінсіз екіншісі бола алмайды, сондықтан пролетариат қанаудан құтылу

үшін сол қоғамды, яғни буржуазияны да, өзін де тап ретінде жою керек деп есептеді. Керісінше, буржуазия сол жүйені сақтауға ұмтылады, олар бірін екіншісі тудырады, әрі бірін-бірі түбегейлі түрде теріске шығарады, осы теріске шығару – абсолюттік, өйткені ол өзгерістің, дамудың негізі, революцияшыл жағы, ал оны сақтауға бағытталғаны – консервативтік жағы [8, 78 б.]. Маркс пен Энгельстің түсінуінде тап күресі – тек антагонистік қайшылық, яғни бітіспес жаулық мұндай қоғамның дамуының қозғаушы күші. Олай болса, бітіспес жаулық тарихта позитивтік роль атқарған. Онсыз қоғам дамуы болмас еді. Пролетариат, бірақ, осы антагонизмді жойып, өз үстемдігін орнату арқылы келешекте тапсыз қоғам орнатуы керек. Ол да тұтас бір дәуірді құрауы тиіс. Жекеменшіктің орнына жалпы қоғамдық меншік орнайды, мемлекет те бірте-бірте жойылады. Яғни, қайшылықсыз бітіскен тату еңбекшілер қоғамы келуі керек.

Егер тарихты материалистік тұрғыдан түсіну шын ақиқат теория болатын болса, оның авторлары осы тұрғыны берік ұстанған болса, бұл көзқарас та өмірде бар, орныққан коммунистік экономикалық қатынастардың тек санада көрінген бейнесі болуы керек. Ондай коммунистік қатынастар өмірде жоқ. Олардың болуы тек тарихи қажеттілік түрінде ғана негізделген болады. Және ол қажеттіліктің өзі бұлдыр, шын айғақтығы жоқ.

Бұрынғы қағидалардың көпшілігі Аристотельден бастап мемлекет адамдардың барлығын ортақ жалпы мүдденің негізінде бітістіріп, соны қорғау үшін пайда болады десе, Маркстік концепция бітіспес жаулықты оның негізі ретінде қарайды. Сонымен қатар, Маркстік концепция таптық бірлікті адамдардың басқа барлық бірліктерінен жоғары да шешуші деп түсінеді. Әсіресе ұлттық бірлік таптық бірліктен кемшін, ұлттың мүдделерінен таптық мүдделер, әсіресе пролетариаттың мүддесі, жоғары болуы керек. Пролетариат халықаралық көлемде бірігуі керек болса, ұлттық мүдделерді, ұлттық бірлікті соның жолында құрбан етуге болады. Ол тұрғыда пролетариат диктатурасына ірі буржуазия ғана емес, ұсақ меншікті еңбекшілердің бұқарасы да қарсы болып

есептелгендіктен олар да бірте-бірте жоғалуы тиіс. Пролетариат диктатурасы сондықтан да Маркс пен Энгельстің ойынша ең жоғары өндірістік даму деңгейінде тұрған елдерде бірдей іске асуы тиіс. Бірақ большевиктердің көсемі Ленин Маркстың пролетариат төңкеріс капиталистік өнеркәсіптің ең дамыған, жалдамалы жұмысшылардың халықтың үлкен тобын, тіпті басым көпшілігін құрайтын елдерде біршама бір мезгілде іске асуы қажет дегендей қорытындысын «дамытып», империализм дәуірінде ол революция капиталистік нашар дамыған елде де, халықаралық империализмнің бір «осал» буынында да орын ала алады деген еді. Оның ойында осындай ел – Ресей. Ресей пролетариаты халықтың өте аз бөлігін құраса да өте берік топтасқан, жауынгер. Лениннің мемлекет билігін зорлыққа негізделген деген қағидасына сай осы азғантай топ халықтың көпшілігінің патша билігіне деген наразылығын пайдалана отырып өз диктатурасын күшпен орната алады. Оның ойынша пролетариат буржуазиялық революция да әлі іске аспаған елде төңкерістің гегемоны, яғни бастаушы күші болғандықтан әуелі буржуазиялық өзгерістерді жол-жөнекей атқара отырып, оны тоқтаусыз түрде пролетарлық өзгерістерге ұластырады. Сол арқылы Ресей пролетариаты басқа елдердегі, әсіресе дамыған елдердегі пролетариатты буржуазиялық билікке қарсы көтерілуге рухтандырады. Сөйтіп пролетарлық төңкеріс халықаралық көлемде өрбиді.

Сонымен Маркстік концепция және оны жаңа тарихи кезеңде дамытты деп есептелетін Лениннің тұжырымдары формальдық жағынан қаншалықты мүлтіксіз көрінгенімен түпкі бастауларынан жалған. Өйткені қоғамды, мемлекетті үнемі соғыс жағдайындағы қалып деп қарайды. Тұтас халықтық, ұлттық бірлік бұл тұрғыдан жалған көрініс, ол көріністің ешбір түбегейлі құндылығы жоқ. Пролетарлық халықаралық бірлік одан шексіз жоғары. Мемлекет халықтық, ұлттық бірлікті қамтамасыз ете алмайды, ол – керісінше, үстемдіктің, құралы. Осы жалғандықтың ар жағындағы ең түпкі жалған тұрғы – адамдарды, олардың әртүрлі ұйымдасу формаларын – халықты, ұлтты, таптық ұйымдасудың, мемлекетті т. т. қоғамдық формаларды тек экономикалық жағдайлардың, себептердің,

Маркстің түсінуінше материалдық субстанцияның туындысы, яғни салдары, жемісі деп білу. Бұрында да айтқандай, қоғамды, ойлауды материалистік мағынада түсіну. Материалдық, яғни экономикалық жағдайды өзгертсе, адамдарды да өзгертуге болады. Ал материалдық жағдайды өзгерту үшін сол өзгерту туралы адамдар санасында одан бұрынырақ қалыптасқан идеялар болу керек екендігін және өздері де сол тұрғыдан революциялық әрекеттер жасап жатқандығын теориялық деңгейде тіпті ескермейді. Өздерінің атқарып жатқан іс-әрекеттерінің идеалистік тұрғыда екендігі шын мәнінде сол теорияны терістеу еді. Бүкіл адамзат тарихының үдерісі, соның ішінде большевиктік әлеуметтік революцияның іс жүзіндегі нәтижелері адамдардың түпкі еркіндік табиғатының көрінісі екендігінің айғағы. Большевиктік революцияның ақырысында жеңіліс табуының да түпкі себебі осында, яғни ол адамның түпкі мәніне қайшы.

Марксизмнің мемлекет және билік туралы теориясының тоталитаристік мәні оны дамытқан большевиктік нұсқада ашықтан-ашық зорлық, қиянат түріне ауысты. Еуропа елдеріне қарағанда өнеркәсібі нашар дамыған Ресейде пролетариат диктатурасы делінген, бірақ шын мәнінде большевиктер тобының билігі халықтың еңбекші шаруа табы үшін, Ресейдің отарлық басқыншылығымен қосып алған басқа ұлттар үшін шексіз зорлық болып шықты. Түркістан аймағында, мысалы, яғни пролетариат жоқ жерде бұл үстемдік патша заманындағы отаршылдықтан да зұлым, ал Қазақстан жерінде қазақтарды халық ретінде жою әрекетіне дейін жетті.

Тап күресінің тарихтың қозғаушы күші, пролетариат табының прогрессивті рөлі, мемлекеттің тек үстемдіктің органы екендігі туралы Маркстың қағидалары ешбір дәйекті түрде дәлелденбеген, тек жорамал деңгейіндегі түйін ретінде қалды. Олар туралы қаншалықты көп жазылса да, түпкі қағида тек жалпы да үстірт күйінде қайталанып отырды. Неліктен, мысалы, пролетариат табы жеке меншікке негізделген жүйені жойып, қоғамдық ортақ меншікке мүдделі? Маркстың дәлелі: 1) себебі пролетариат та ешбір меншік жоқ, 2) өнеркәсіптің дамуы мен капиталдардың бәсекелестік тартысы байлықтың

шоғырланып, қоғамдық сипатқа ене беруі мен оны иеленудің жеке меншіктік түріне қайшы келе беруі. Ал буржуазиялық мемлекет жеке капиталистік меншікті қорғаушы және негіздеуші орган. Сондықтан пролетариаттың бұл қоғамды жоюға ниеттілігі өндірістің осы қоғамдық сипат ала беру тенденциясынан нәр алады.

Ең алдымен ешбір меншігі жоқ адамдардың меншіктенудің қоғамдық формасына міндетті түрде мүдделі болуы иландырмайды. Олар тек өз еңбегіне сай үлесін алуға мүдделі болуға тиіс. Ал ол жеке меншіктің бір түрі. Олар қанаушыларға қарсы күрес жүргізсе, өз үлесінің әділетті дәрежеде болуы үшін ғана. Ол күрестен ортақ, жалпы қоғамдық меншікке ұмтылудың шығуы неғайбыл. Жалпы меншік ұғымының өзі әрбір адамның қоғамдық байлыққа қосатын үлесін әрі соған ие болуын білдіреді. Қауымдық қоғамдағы рулық, тайпалық иемдену күрделі дамыған қоғамда белгілі бір салаларда ғана бола алады. Оны иемденуге әрбір еңбекшінің тікелей қатысуы мүмкін болмағандықтан оларды басқару сайланып отырылатын демократиялық органдарға тапсырыла алады. Бірақ ондай орган бір таптың ғана мүддесін көздейтін аппарат болуға тиіс емес. Ал большевиктердің құрған қоғамы К. Маркстың қағидаларында айтылған принциптерге ешбір сәйкес келмеді. Оның ең негізгі белгісі – шын мағынасында пролетариаттың диктатурасы орнаған жоқ. Оның орнына жұмысшы табының, ал кейін жалпы халық өкілдері деп есептелетін кеңестердің сайлауы шын билікке әкелген жоқ. Шын билік Кеңес органдарында емес, большевиктік сипаттағы партия органдарының, әсіресе оның саяси бюросының қолында қалды. 72 жылдай Кеңестер одағында халық тарапынан ешбір сайланбайтын билік орын алды. Ал оны пролетариаттың диктатурасы деуге келмейді. Ал кеңес органдары шын билікке ие болған жоқ. Кеңестердің сайлауы демократияның жалған көрінісін жасаудың жолы ғана еді. Маркстің келешек коммунистік қоғамның, оның бірінші сатысы – социализмнің идеясының өзінде де ұзақ уақыт жеке адамның, оның тұлғалық дербестігінің белгісі жоқ. Оның бірінші сатысы – тарихи-экономикалық қажеттіліктің патшалығы. Тек жоғарғы коммунистік қатынастардың ая-

сында ғана еркін тұлғалар (свободные индивидуальности) қалыптаса алады, себебі экономикалық мұқтаждықтардың қысымы сонда ғана жоғала бастайды да, адамдардың барлық дерлік мұқтаждықтары әрі дамиды, әрі қанағаттандырылады. Экономикалық мұқтаждықтар емін-еркін қанағаттанып жатса, рухани мәдениет соның негізінде, соның бейнесі ретінде гүлденеді. Өйткені ол экономикалық базистің үстіңгі қондырмасы ғана ғой.

Іс жүзінде орныққан социализм деп аталған қоғам шын табиғаты жағынан адамдардың дербестігіне, еркіндігіне, автономдығына бұғау, оларға жат жүйе болып шықты. Егер қоғамды, тарихты материалистік тұрғыдан түсіну бойынша адамдар, олардың ойлауы экономикалық жағдайлардың туындысы, не тек көрінісі болатын болса, ал коммунизмнің алғашқы сатысы – социализмнің – әлі жетілмеген сатысы болғандықтан адамдардың ойлауы да соған сай жетілмеген, маркстың өз сөзі бойынша әлі де буржуазиялық жеке өзімшілдіктен толық арыла алмайтын болса, онда неліктен адамдарды сондай көзқарастары үшін қудалау қажет болды?

Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің негізінде құрылған Маркстың жалпы коммунистік қоғам, оның төменгі және жоғарғы фазалары жөніндегі принциптері негізінде қияли арманның туындысы екендігі айқын. Егер, мысалы буржуазиялық меншік формаларынан қоғамдық меншікке ауысқан жағдайда жалпы ортақ өндіріс процесін, тіпті жалпы қоғамдық үдерістерді басқарып, бағыттап, реттеп т. т. отыруға еңбекшілердің барлығының қатысып отыруы мүмкін еместігі анық. Ол ең алғашқы шағын қауымдастықтарда болғаны табиғи еді. Одан кейінгі соншалықты күрделіленген процестерді шолып, танып, келешегін анықтап отыру үшін соған арналған белгілі бір органдар болуы тиіс. Ол органдар ондай міндеттерді орындау үшін оларда мемлекеттік биліктің сипаты болуға тиіс. Және де ол органдарды халық сайлап, ауыстырып отырса ғана ол халықтық билік бола алады. Коммунизмнің – фазасында, социализмді орнату дәуірінде ол органдар – пролетариат диктатурасы. Сайланып отыратын билік, тіпті ол пролетариаттың билігі болса да, демократиялық республика болмай, қандай

форма болуы мүмкін? Ол қалай диктатура бола алады? Ал Маркс өзінің «Критика Готской программы» деген еңбегінде былай дейді: «Даже вульгарная демократия, которая в демократической республике видит осуществление царства на земле и совсем не подозревает, что именно в этой последней государственной форме буржуазного общества классовая борьба и должна быть окончательно решена оружием – даже она стоит все же неизмеримо выше такого сорта демократизма, который держится в пределах полицейски дозволенного и логически допустимого» [8, 28 б.]. «Полицейски дозволенного» деп ол сол кездегі (1875 ж.) жартылай феодалдық Германия мемлекетін айтып отыр.

Яғни демократиялық республика пролетариат диктатурасынан төмен форма екен. Өйткені тым қарапайым, тым тұрпайы. Өйткені бостандық байларға да, кедейлерге де беріле береді екен. Бәрі де саяси жағынан тең. Зорлық, үстемдік идеясы ХХ ғасырда тіпті демократиялық ең дамыған делінетін Еуропаның кейбір елдерінде фашизм түрінде де көрінді. Ал Кеңестер одағында большевиктер орнатқан билік, әсіресе, Сталин билікте болған кезеңде осы сипатта болды. Онда пролетариатқа қарсы таптар ғана емес, тұтас халықтар, ұлттар қуғын-сүргінге ұшырады, кейбіреулері жоқ болып кетті. Байларды тәркілеу, коллективтендіру науқандарының нәтижесінде тарихи әртүрлі деректерге қарағанда қазақтарда 3 млн-дай адам аштан өлген. Ұлттық дербес мемлекет құруды арман еткен Алаш қозғалысының өкілдері түгелімен дерлік жойылып, ұлттық азғантай интеллигенттер тобы жоғалды. Алаш партиясының программасына сәйкес ол дербес мемлекеттің басқару формасы демократиялық республика болуға тиіс еді.

Әдебиеттер

- 1 Платон. Сочинения в трех томах. Т. 3. Ч. 2. – М, 1972. – С. 169.
- 2 Әлемдік философиялық мұра. Аристотель философиясы.– Алматы: Жазушы, 2005. – 314 б.
- 3 Гегель. Энциклопедия философских наук. Т. 3. Философия духа. – М, 1977. – С. 371.

4 Ницше Ф. Билікке ырық. Батыс философиясының онтологиясы. – Алматы, 2002. – 255 б.

5 Томас Гоббс. Избранные произведения в двух томах. Т. 2. – М., 1965. – С. 238.

6 Руссо Ж.Ж. Қоғамдық келісім жөнінде немесе саяси құқықтың принциптері // Батыс философиясының онтологиясы. – Алматы, 2002. – 120 б.

7 Кант И. Метафизика нравов в двух частях. Соч. В 6 ти томах. Т. 4. – ч. 2. – М., 1965. – С. 128–129.

8 Маркс К., Энгельс Ф. Избранные произведения. – М., 1956. – С. 594.

4 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қазіргі таңда «демократия» ұғымы адамдардың ыңғайлы өмір сүруі үшін қалыптасқан жасанды орта деп түсініледі. Біздің санамыздағы «демократия» Америка Құрама Штаттарының күреспенен өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, еркіндік пен бостандықтың идеалдарын құрумен тікелей байланысты болып келеді. Бұл тұжырымды дәлелдей отырып, демократияның шын мәнісінде адамдардың тұрмыстық қарым-қатынастарының нәтижесінде емес, ал халықтардың идеологиялық және идеялық деңгейде өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасатын дүниетанымдық азық болып табылатынын атап өту керек. Мәселен, қазіргі жағдайда демократия адамдардың бойында тұтынушылық психологияны дамытса, бастапқы демократия адамдардың қоршаған ортаны танып, зерттеуі арқасында қалыптасқан дүниетанымдық ілім болып саналды.

Адамзат тарихы барысында біртұтас дүниетаным құру, әлемді біртұтастық ретінде түсіну, адамның қоршаған әлемге деген қатынасының мәнін ашып көрсету және де осындай қатынасқа түсетін әрбір адамның рөлін түрліше түсіну әр алуан теориялық және тарихи салдарға әкеліп соқтырды. Мәселен, адамның рөлін асыра сілтеу «әлем» ұғымы мәнінің шайылып кетуіне және де антропоцентристік сипаттағы теориялардың (адамды қоршаған әлем оның қажеттіліктерін қанағаттандыру құралына айналған жағдайда) пайда болуына әкеліп соқтырады. Мұндай түсініктің логикалық түйіні экологиялық апат, атомдық соғыстың қаупі болып табылады. Ал адам рөлінің маңыздылығын дұрыс бағаламау, оны біртұтастық, яғни микрокосм ретінде түсінбеу оның қандай да бір механизмнің қосалқы бөлігіне айналуына әкеліп соқтырады. Сәйкесінше, ол

айқын тоталитаристік сипаттағы теориялардың пайда болуына септігін тигізеді.

Дегенмен, аталмыш теориялық салдарды белгілі бір зұлым адамдардың қолынан келген әрекет деп қарастырмау керек. Адамзат тарихы барысында адам өмір сүруінің нақты тарихи формалары оны микрокосм сияқты біртұтас, әмбебап, ерікті жан ретінде қарастырмады [1].

Тоталитаризмнің антропологиялық компоненті адамның идеологиялық қалыптарға сәйкес толықтай өзгеруіне әкеліп соқтырады. Адамзат тарихын өзгертуге бағытталған идеялар мен механизмдердің кешенінде адамның санасы мен оның ойларына қатаң бақылау жүргізу маңызды орын алады. Осыған қатысты Дж. Оруэлл өзінің келесі ойын білдірген болатын: «Тоталитаризм ой еркіндігіне қолын сұға бастады. Осы орайда оның бақылауы тыйым салушылық қана емес, сонымен қатар конструктивті мақсатты да ұстанады. Белгілі бір ойларды білдіруге тыйым салынбақ түгіл, тиісті ойлар мәжбүрленіп, адамның қабылдауы тиіс идеология құрылып, ол өз кезегінде оның әрекеті мен ойларын үлгілейді. Ол сыртқы әлемнен оқшауланып, адамдарды жасанды ортада ұстауға тырысады [2]. Сонымен, адамның жеке дара қасиеттері бастамасының стандартизациясы мен унификациясы, оның қалың бұқарада шайылуы жолымен өзгеру мақсаты қойылды.

Тоталитарлы жүйенің маңызды сипаттамасы адамдардың бірыңғайлығы, қоғамның барлық салаларындағы біртұтас бірлік болып табылады. Ол өз кезегінде тоталитаризмнің заманауи батыс өркениетінің орталық элементі, яғни азаматтық қоғам мен оның институттарын жоққа шығаруынан көрініс тапты. Азаматтық қоғам – адамдардың бір-бірінен және мемлекеттен тәуелсіз формада өмір сүретін әлеуметтік кеңістік. Азаматтық қоғамның негізі – өркениетті, жауапты және толық құқықты адам [3]. Тоталитарлы жүйенің азаматтық қоғамның гуманистік қағидаларын жоққа шығаруы, оның қызмет етуіне ғана емес, сонымен қатар тарихи мән-маңыздылығына балта шапты. Кез келген қоғамның экономикалық және саяси тұрғыдан күшеюі тоталитарлы билік орнатуға әкеліп соқтырды. Мұның басты себебі осыған дейін жиған-тергенді біртұтас-

тықта, қатаң бақылауда ұстап тұру болды. Мұндай мысалдар әрбір елдің тарихында екі түрлі нұсқа түрінде іске асырылған: тоталитарлы билік демократияның алғышарты немесе тоталитаризм демократияның салдары болып табылды.

Қазіргі таңда Қазақ хандығының тарихы мен мемлекеттік басқару үрдістеріне талдау жүргізетін зерттеулердің кең етек жаюы Қазақ тарихының жаңғыртылуы мен өткен шақ пен қазіргі кезеңнің арасында өзара байланыс орнату әрекеттерінің жақсы әдетке айналғанын білдіреді. Осы орайда қазіргі қоғамда көрініс тауып жатқан құбылыстардың алғышарттарын ежелгі, ортағасырлық Қазақстан тарихынан іздеп, не болмаса оны Жаңа тарих пен қазіргі заман оқиғаларының теориялық тұжырымдамасы ретінде қарастырудың тиімділігі басты мәселе болып отыр.

Әрбір мемлекеттің саяси режимі мен билік формалары сол мемлекеттің орналасу мекені мен халықтың айналысатын шаруашылығына байланысты қалыптасып, қоғамдық қатынастар жүйесінің негізін құрайды. Мәселен, натуралдық шаруашылыққа негізделген отырықшы мекендерде феодалдық құрылым үстем етіп, мемлекеттік биліктің іргетасын қалады. Ол өз кезегінде қоғамда мүдделері әр түрлі таптардың пайда болып, бір таптың екінші тапты жаныштап, өзгіге түсіруіне себеп болды. Мұндай формадағы қарым-қатынастар бір таптың екінші тапқа экономикалық тұрғыдан тәуелді болуына (салық төлеу) негізделіп, басқару аппаратының деспотиялық формасын қалыптастырды.

Көшпенді халықтарда мемлекеттік басқару құрылымы адамдардың еркіндігін мойындаудан бастау алады. Халыққа еркіндік беру оларды бақылаусыз, не қараусыз қалдырып, мемлекетті хаостық күйге әкеліп соқтыруды білдірмейді. Халыққа еркіндік беру ең алдымен көшпенді шаруашылықты жүргізудің басты шарты болып табылады. Тарихи деректер бойынша Әбілқайыр өз хандығында қатал тәртіп енгізіп, қоғамдық қатынастарды реттеуде деспотиялық схемаға сүйене бастады. Бұған наразылық білдірген халықтың көп бөлігі Жәнібек пен Керей бастаған қарсылас топтардың қатарына қосылып, Шу мен Іле өзенінің бойында Қазақ хандығын құрайды. Осы

орайда адамдардың өз еріктері мен еркіндігін білдіруі, яғни өз құқықтарын қорғауы өз кезегінде тарихи байлығы зор мемлекеттің құрылуына тікелей ықпал етті.

Қазақ хандығы туралы бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Жалпы бұл еңбек Моғолстан хандығы тарихына арналған. Алайда сол кездегі саяси жағдайға байланысты Қазақ хандығы туралы да көп мәлімет келтірілген. Абулғазы, Қадырғали Жалайыри өз еңбектерінде Қазақ хандығы, оның билеушілері туралы мәліметтер қалдырды. Сонымен қатар Қазақ хандығы кезеңіне байланысты шығыс деректерінің маңызы зор. Қазақ хандығы – шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ – қазақ халқының негізінде бірігуі арқылы XV-ғасырдың орта шеңінде құрылды.

Көшпенді шаруашылық жағдайында орталықсыздандырылған басқару формасының балаңдық формалары айқын көрініс табады. Кез келген рулық қауымдастық өз араларынан беделді және тәжірибесі мол адамды таңдап алып, жергілікті әлеуметтік және экономикалық мәселелерді эскалациялық шарықтау шегіне жеткізбей, жергілікті деңгейде уақытында шешіп отыратын. Әдетте рулық қауымдастықты өз жетекшілігіне билер алатын. Олардың басты функциясы адамдардың арасында әр түрлі дауларға объективті баға беріп, олардың дұрыс шешімін табуға негізделетін.

Рулық қауымдастықтардың қалыптасуы және әр қауымдастыққа белгілі бір өкілдің бекітілуі сол кездің өзінде ақ өкілетті демократияның алғышарттары болғанын көрсетеді. Дәл осы өкіл адамдар үш жүздің жиналысында халықтың мүддесін қорғап, иерархия жүйесінің ең жоғарғы баспалдақтарында тұратын билік өкілдерінің деспотиялық әрекеттеріне жол бермейтін. Халықтың өз өкілдеріне сенім артып, Ханның билігіне легитимдік қатынас білдіруі бұрындары Жан Жак Руссо негізін салған «қоғамдық келісім» сияқты модельдің де Қазақ хандығында кең етек жайғанын білдіреді.

Қазақ хандығындағы саяси жүйенің өз ішіндегі әлеуметтік жүйесімен өзара қарым-қатынас орнату үрдістерінен демократиялық құрылымның алғышарттарын көруге болады. Ондағы заң шығарушы билік кейпіндегі хан мен билер, атқарушы билік өкілдері болып табылатын хан айналасындағы уәзірлер мен сұлтандар, сот билігін қолға алған би алқасының қызметтері тежеу және тосқауылдау ұстанымына (система сдержек и противовесов) сүйенді. Мемлекеттік органдар жүйесінде ең жоғарғы билікті хан иеленетін. Әдетте руларды сол рудан шыққан ақсақалдар басқарды немесе кейбір жағдайларда төрелер хан көтеріліп басқару құқығына ие болды. Ру ақсақалының юрисдикциясына ішкі сот, өзара көмек беру, рудың ішкі қатынастарының мәселелері жатты. Әскер құру принципінде Керей салған жүйе хандық билік жойылғанша сақталып отырды деп айтуға толық негіз бар. Қазақ әскерінің негізін еркін көшпеліден тұратын жасақ құрады. Жасақ рулық тайпалық принцип бойынша құрылды. Бас қолбасшы болып хан сайланды. Кейде бас қолбасшылық міндеттері сайлау негізінде өзін дарынды көрсете алған адамдарға өтетін.

1473–1480 жылдары билік құрған Жәнібек Түркістан өңірінде ықпалын күшейтуге тырысты. Қазақ хандарының мемлекет өмірінің алғашқы кезеңіндегі маңызды реформалары бұдан кейінгі дәуірдегі хандықтың дамуы мен өркендеуіне қуатты негіз қалыптастырды. Қазақтың тұңғыш билерінің бірі – Асан қайғы саяси тұрақтылық пен бейбіт өмірді жақтаушы. Ол геостратегиялық тұрғыдан Қазақ хандары үшін ең маңызды орын алуы керек жәйт – Батыс пен Шығысты жалғастырып, Шыңғыс хан дәуіріндегі мәдени, рухани орталық болып табылған Еділ мен Жайықты иеленуді ұсынады. Бұл жырау тілімен айтқанда Жерұйық түсінігіне саяды.

Асан қайғы – хандық биліктің жақтаушысы, әрі жыршысы. Жырау үшін халықтың жағдайын жақсартудың көзі – монарх. Кез келген жағдайда Асан қайғы реформаның жоғарыдан жасалуын қалайды, яғни эволюциялық дамуды қолдайды. Қазтуғанның саяси-құқықтық ойлары туған жер, атамекенді қорғау, ата жұртты мадақтау, елдің тыныш өмірін жақтау екендігі айқын. Ол Еділ мен Жайыққа жетер жер жоқ

екендігін, Ноғайлы қазаққа жететін халық жоқ екендігін, бірақ халықтың бұрынғыдай дәстүрлі өмір кешуіне қауіп төніп келе жатқандығын баса айтады [4].

Заманның өзгерісін ескеріп, жаңа заман талаптарына сай өмір сүру керек. Халық бірлігі – басты құндылық. Саяси және құқықтық ойлардың ішінде Қазтуған ойларының ерекшелігі сонда, көп жылдар алдын ала болатын жәйларды болжаған жырау, халық тағдырын дәл табады. Дәл тауып қана қоймайды, осы жағдайлардың орын алуына ықпал еткен себеп-салдарды қарастырады. Бодандықтан аман қалудың жалғыз жолы – рухы тәуелсіз, күшті келешек буын, ұрпақ қалыптастыруда. Алайда, түрлі тарихи процестер нәтижесінде бодандыққа түскен қазақ халқының өзі де бұл мәселелерден алшақ қала алмады. Жастарды тәрбиелеуде ұлттық нышандарды ескермеу, ұлттық ділдің, діннің, тілдің қолдану аясынан шығып кетуі ұлттың аман қалуына қауіп төндірді. Бұл қауіп еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де жойылған жоқ. Қазтуған шығармалары мен саяси-құқықтық көзқарасы бүгінгі күні де өз маңыздылығын жойған жоқ. Жыраудың ұлттық мемлекетке деген көзқарасы бүгін Қазақстан үшін ғана емес, саяси тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізген барлық мемлекеттер үшін ерекше. Билікті орталықтандыру және қалалық өркениетті дамыту Қасым ханның ойы бойынша мемлекеттің беріктігін қамтамасыз ететін факторлар болды. Осыған байланысты Қасым өз жоспарларына Қазақ хандығының құрамына Сыр өңіріндегі бекініс қалаларды енгізуді мақсат етіп қояды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев былай деп жазады: «Кезінде «қоныс алу» үрдісін шапшаң жүргізген көрнекті хандардың бірі Қасым еді. Оның сыртқы саясаттағы сәтті қадамы Сырдария бойындағы қалаларға қазақ билігін бекіте түсу жолындағы күрес болды».

Қасым хан дәуіріндегі сыртқы саясаттың тағы бір векторы Ресей болып белгіленді. Құқықтық реформаларына тоқталар болсақ, Шыңғысхан заманынан бері кодификацияланбаған Яссыларды жүйелеп, нормативті актілердің жаңа жинағы «Қасым ханның қасқа жолының» шығуына ықпал етті. Бұл құқық жүйесі бүкіл халқы бір қазақ ұлысы болған үш жүзге түгел таралды». Заңдар жинағы бес тараудан тұрды:

«1. Мүлік заңдары (мал, мүлік, жер дауы мәселелері).

2. Қылмыс заңдары (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық мәселелері).

3. Әскери заңдар (қосын, аламан, әскери міндет, тұлпар ат, қара қазан мәселелері).

4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, сыпайылық, әдептілік).

5. Жұртшылық заңы (ас, той, мереке, жасауыл және т. б.)». Хақназардың негізгі саяси-құқықтық мақсаты хандықтың тұтастығын сақтап, көршілерінен қорғану болатын [4, 124].

Тәуекел ханның негізгі ойы Қазақ хандығын қуатты, күшті мемлекет етіп қана қою емес, оны Орта Азияны біріктіретін алпауыт империяға айналдыру еді.

Заңгер-ғалым М. Сәрсембаев Тәуекел хан Мәскеуге өз елшісін әскери одақ құру үшін жіберген деген дерек келтіреді: «Посол казахского хана Тевеккеля Кул-Мухамед в 1594 году прибыл в Московское государство для заключения военного союза».

Есім ханның сыртқы саясаттағы бағыты Тәуекел ханның сыртқы саясатының заңды жалғасы болып табылды. «1580–1594 жылдары Сырдария қалаларын, Түркістан жерін құтқару үшін өзбек хандарымен шайқастар үздіксіз жалғасып жатты. Нәтижесінде Есім ханның (1598–1628) тұсында Ташкенттен бастап, Сырдария бойындағы қалалар Қазақ хандығының билігіне өтті» [4, 152].

«Есім ханның ескі жолы» нормативті актілерінің жиынтығы Қазақ хандығында кең қанат жайып келе жатқан жаңа қатынастарды реттеуге бағытталды. Қасым хан қағидаларынан ауытқымай, оны келесідей баптармен нығайтты.

«1. Хан болсын, ханға лайық заң болсын (яғни, хан өз мемлекетінің қолайына жаққан заңды белгілеуге құқылы).

2. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын (яғни, ер-азамат жау алдынан белсеніп шығуға, әрі жауды жеңіп қайтуға тиіс).

3. Абыз болсын, абыз сайлау парыз болсын (яғни, білімді кісілерді құрмет тұтуға тиіс).

4. Би болсын, би түсетін үй болсын (яғни, билер өздерінің іс басқару аппараттарын құрғаны ләзім)».

Тәуке ханның 1680 ж. билікке келуі қазақ қоғамында бұрын-соңды орын алмаған кең қоғамдық саяси реформаларға жол ашты. Профессор Б. Кенжебаев Тәуке ханның қазақтың бірлігін қалыптастыруға, жауынгерлік күш-қуатын күшейту, ел басқару ісін тәртіптеу мақсатында мынадай заң шығарды дейді: «1) жыл сайын рубасылар мен ақсақалдардың кеңесі болсын, ол ханның қатысуымен халық тұрмысының аса маңызды мәселелерін қарап шешсін; 2) кеңеске қатысатындар тегіс қару-жарақты болсын, қару жарағы жоқтарға кеңесте дауыс берілмейді; 3) хан тұқымдарынан басқа қару-жарақ асынуға жарайтындар жыл сайын мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде салық төлесін, бұл ханның қазынасына түсіп, халық ісін басқаруға жұмсалсын» [4].

Тәуке ханның реформаторлық қызметінің шырқау шегін «оның Қазақ даласындағы нормативтік құқықтық актілерді кодификациялауы» деп қарастыруға болады. «Жеті жарғы» негізінде жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын, қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы. Олар: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен орталық биліктік органдардың өкілеттігін айқындау. «Жеті жарғыдағы» әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, мұрагерлік, меншіктік құқықтар мен алым-салық, рухани, әлеуметтік, саяси өмір қағидалары бүкіл қазақты бір шаңырақ, орталықтанған мемлекет туы астына топтастыру, хандық аппаратын нығайту, жамағатты бір заңға бағындыру, сол арқылы халықтың саяси-әлеуметтік салаларын қорғауға бағышталған еді». Есім ханның тұсындағы саяси процестердің күрделенуі бір топ жырауларды тарих сахнасына шығарды. Солардың бірі – Марқасқа жырау. Есімді Қазақ хандығын нығайтушы деп қарастырып, қолы келгенше осы ханның жеке билігін нығайтуға үлес қосқандығын ескерсек, жыраудың монархиялық бағытты қолдайтындығын айқындау аса қиынға соқпас. Есім хан партиясының белді өкілі: «Ей, Қатағанның хан Тұрсын, Кім арамды ант ұрсын! Жазықсыз елді еңіретіп, Жер тәңірісіп жатырсың» – деп саяси көзқарастарын жеке адамға байланыстырып емес, қайта еркіндік пен бейбітшілік идея-

ларына басымдық беретіндігін білдіреді. Қазақ қоғамындағы билердің саяси-құқықтық ойлары туралы А.Қ. Нурлин былай дейді: «Қазақ қоғамындағы билердің саяси құқықтық көзқарастарында әділеттілік, теңдік, әділетті басқару ерекше орын алған. Билердің шешімдерінде адамға, адамның өміріне деген құрмет те, адамгершілік ұлы сезім де, көпшілікті кісілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеуді мұрат тұтқан аталық, даналық мәселесі де бар». Төле бидің саяси-құқықтық көзқарастары Қазақ хандығының дамуындағы ең ауыр кезеңде қалыптасады. Қазақ халқының ауыр тұрмысы тек жоңғар шапқыншылығымен емес, Орта Азия хандықтары тарапынан көрсетіліп отырған қарсылық әрекеттерінен де көрініс табады. Қазақтың басына төнген қауіпті Төле:

«Бұлай барсаң Қоқан бар,

Қоқаңдаған жең бар.

Бұлай барсаң қалмақ бар,

Күшіңді ептеп салмақтар...» – деп айқындады. Төле би бір

жағы өз билігін нығайту мақсатында, екінші жағынан ықпалы күннен күнге күшейіп келе жатқан, жаңа функцияларды иеленген билер мен батырлар билігін нығайту үшін теңдік принципін тереңдетуге тырысады. Дала жағдайында би алдында бәрі тең ғана емес, оның шешімін орындауға міндетті. Ақсүйек тұқымы төре де белді бидің айтқан сөзін жерге тастап кете алмайды [5].

Төле бидің гендерлік саясаты мен жесір дауына байланысты қолданған шешімдері туралы заңгер-ғалым Н.Қ. Мыңбатырова былай дейді: « ... Ел арасында кең тараған «Ананың тікенектей арқасы балаға мамықтай», «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі», «Емшегінің сүті кетпесін бауырыңның жылуы кетпесін» сияқты қанатты да нақыл сөздері осы ойымыздың куәгерлері». Төле би тек ішкі даулармен шектелмей, халықаралық арбитраж функциясын да атқарған. Бұған дәлел Ресей патшалығының елшісі К. Миллермен болған оқиға куә [6].

Ең басты мақсаттардың бірі ретінде Қазыбек би ауызбірлік пен ұлттың азаттығын алғашқы орынға қояды. «Жоңғар басқыншыларына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған Қазыбек би елдің азаттығы жолында аянбай тер

төгеді». Оның қызметінің негізгі бөлігі қазақ-жоңғар қатынастарын реттеуші, бейбіт әрі тең қатынастарды қолдаушы адам ретінде белгілі. «Біз қарастырып отырған және одан бұрынғы тарихи кезеңдерде қазақ қоғамында елшілік қызметі негізінен билердің үлесіне тиді». Қазыбек бидің бірнеше дүркін елшілікке баруы заманының ішкі және халықаралық құқық принциптерін анықтауға мүмкіндік бар. Ең бірінші әрі маңызды принцип – мемлекет үшін ең басты байлық адам мен оның денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары. Екіншіден, Қазақ хандығы егеменді теңдік принципіне сәйкес, тең іргелі мемлекетке елшілік жіберді. Үшіншіден қазақ хандығы ешкімді басынбайды, өзін де ешкімге басындырмайды. Қоғамның құқығы жеке адамдардың құқықтарынан құралады. Жеке адамның еркіндігі – қоғам еркіндігі. Сондықтан, жәбір көрген қаңдастың құқықтары қорғалып қана қоймай, толық мөлшерде ұшыраған шығындар қалпына келуі керек. Қазыбек би үш жүздің басын біріктіру ісін, күш қолданбастан, әділдік принциптеріне негізделе отырып, жүзеге асыруды қолдайды. «Үш жүздің ішінде шешілуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы-қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай-ақ ақылымен жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген». Жастайынан саяси, билік істеріне араласқан Әйтеке қазақ қоғамында құқықтың негізгі принциптерін айқындаған «Жеті жарғыны» жазуға ат салысып, адамдардың заң, сот алдындағы теңдік принциптеріне жол ашқан белді саяси қайраткер. Руаралық қатынастарда ежелден маңызды болып саналатыны – жер дауы мен жесір дауы. Мұндағы Әйтекенің көзқарасы ұлттық бірлік идеясы тұрғанда, жеке адамның еркі ештеңе де тұрмайтындығын байқатады. Халық бірлігі үшін жеке адамның құқықтары бұзылуы мүмкін. Әйтеке үшін ең маңыздысы жүзаралық ауызбіршілікті сақтау. Әйтеке – дәстүршіл би. Дәстүр мен әдет-ғұрып нормалары Әйтеке үшін негізгі қайнар көз. Біртұтас нормативті база ислам құқығын да құрметтейді, дегенмен ислам құқығын дала жағдайына икемдеп қолданады. Бидің ойы бойынша Ұлы даланың құқықтық жүйесінің негізгі мақсаты әділеттік ор-

нату. Әйтеке бидің соғыс құқығын жақсы біліп, бірқатар моральды нормаларды ұстағандығы белгілі. Әйтеке би қазақ қоғамындағы эволюциялық процестерге жете мән беріп, заң шығарушы орган болып табылатын хан кеңесінің алдында жауап беретін орталық органдар жүйесін құруды өзінің негізгі мақсаттарының бірі деп қабылдағандығы айқын. Уақыт өте келе бидің Ресей бағытын айқындап, Қазақ хандығы мен Ресей империясының тең құқықты қатынастар құруына ықпал еткен тұлға ретінде қалары сөзсіз. «Осы орайда, 1694 жылғы Тәуке ханның орыс патшасына елшілік жіберуінде, ханның сол жылғы орыс елшілігін Түркістанда қабылдауында Әйтеке бидің тікелей қатысы бар деп қарағанды жөнге келер деп ойлаймыз» [4].

Ел басқару және билік жүйесіне қатысты атаулардың дені қоғамның құқықтық өмірінің әртүрлі буынын бейнелейді және ол атаулардың өзгеруі тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі мемлекеттің, қоғамдағы саяси жүйенің даму бағытына көбірек тәуелді болады.

Сайып келгенде, осы сыртқы факторлардың нәтижесінде тілге жаңа билік институттарының атаулары үздіксіз еніп жатады. Қазақ хандығында далалық демократияға негізделген сондай билік институтының бірі *билер кеңесі* деп аталған. Билер институты бұл қазақ қоғамындағы парламентаризм дәстүрлерінің құқықтық негіздерінің тым әріде жатқанын көрсетеді. Көрнекті түрколог Лев Гумилев «Республикалық құрылыс» деп атаған хандық құрылыс кезінде, яғни, қазақ мемлекетінде абсолюттік монархия ешқашан да болған емес. Өйткені, хан биліктің ең жоғарғы тұтқасы болып де-юре есептелгенмен, де-факто билер кеңесі оның шешімдеріне вето қоя алатын. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, *билер кеңесі* деген күрделі атаудың құрамына қарап, сол кездегі қазақ әдеби тілінің атаужасам қабілетінің ерте байқалғанын анықтауға негіз бар.

Билер кеңесі бұған дейінгі *хан кеңесі* деген атаулық тіркестің үлгісінде дүниеге келген деп жорамал жасауға болатын тәрізді. Күрделі атау жасауға негіз болып тұрған модель сөз – *кеңес* орта түркі кезеңінен бері мемлекеттік ел басқару атауы ретінде қолданылып, *кәнеш* тұлғасында билеушінің канцеляриясы де-

ген мағына берген. Қазақ хандығы тұсында үлкен ел жиындарын «кеңес» деп атаған. Айталық, «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген аталы сөз содан қалған. Ал **би** сөзінің мағынасына келсек, қазақ тілінде ол бірнеше мағына беретіні белгілі. Егер бұған дейін **би** сөзі әлеуметтік категорияны білдіретін **бек** сөзінен туындап, сол мағынада ұғынылса, алғашқы ұлттық мемлекет құрылған сәттен бастап **би** сөзінің мән-мағынасы кеңейді. Біріншіден, ол **хан кеңесшісі** деген мағынаны берді. Екіншіден, Қазақ хандығының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының нәтижесінде елші болып баратын ресми өкілдер билерден құралатын болды. Үшіншіден, би сот билігін жүзеге асырушы адам болып есептелінді. Төртіншіден, бидің алдыңғы міндетін атқаруға қажетті қасиеттердің негізінде оның сөзге ұста, шешен деген лексикалық мағынасы қалыптасты.

Қазақ хандығының саяси кеңістігінде түрлі азаматтық және қоғамдық институттардың қызмет етпеуі демократиялық алғышарттардың орын алуына кедергі келтірмеді. Халық мүддесі өкілетті демократия арқылы ескерілді. Қазақ даласындағы мұндай үрдістер құлдық, бодандық және отарлық режимдермен салыстырғанда «адам еркіндігі» өркениетінің ұлықты екенін дәлеледі.

Әдебиеттер

- 1 Человек в мире отчуждения. – Алматы: Ғылым, 1996. – С. 144
- 2 Оруэлл Дж. «1984» и эссе разных лет. – М., 1989. – С. 245
- 3 Человек в мире отчуждения. – Алматы: Ғылым, 1996. – С. 262.
- 4 Аяган Б.Ф. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы, 2011. – 320 б.
- 5 Нурлин А.К. Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесіндегі билер институты (XVIII-XIX ғасыр). Заң ғ.к. дисс. – А., 2004. – 136 б.
- 6 Мыңбатырова Н.К. Төле бидің соттық шешімдері және қазақтың әдет ғұрып құқығы. Алматы, 2003.

5 М. ШОҚАЙ КЕЛЕШЕК ТҮРКІСТАН ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАСЫ ТУРАЛЫ

Келешек тәуелсіз Түркістанда болуы мүмкін қоғамдық және мемлекеттік түзілім туралы М. Шоқайдың жариялымдарындағы ойлары көп емес. Бұл, бірақ, біріншіден тікелей мемлекеттік басқарудың құрылымы қандай болғаны дұрыс деген концепциялық деңгейде алғанда солай. Ал жалпы тәуелсіздік үшін күреске араласа бастаған Петербурттағы кезеңдерінен бастап бұл жөніндегі ұлы күрескердің көзқарасы толық айқын болды деп айтуға болады. Екіншіден, Түркістан келешекте тәуелсіздік ала алған жағдайда ондағы жеке ұлыстар (қазақтар, өзбектер, қырғыздар, түркімендер т. б.) тұтас бір унитарлық құрылым болғаны дұрыс па, әлде федерация, конфедерация түрінде болғаны жөн бе деген мәселе бойынша кесіп айта бермегендей. Ол әрине, түсінікті де. Бұл, әсіресе, соңғысы ол кезде тікелей шешілуін күтіп тұрған мәселе емес еді.

Ақпан төңкерісі қарсаңындағы әртүрлі саяси қозғалыстарға араласып, патшалық жүйеге қарсы әртүрлі партиялардың жоспарымен таныс болуы, Алаш көсемдерімен тығыз байланыста қарым-қатынастары, мемлекеттік Думаның мұсылман бюросында Ә. Бөкейхановтың ұсынуымен хатшылық қызмет атқарғаны, батыстың XVII–XVIII ғасырлардағы демократиялық ойымен кең түрде танысып жүруі тағы басқа жағдайлар бұл бағыттағы саяси-әлеуметтік тұрғысын бекітті. Сол бағыттағылар бір кезде өздерін «вольтершілдерміз» дейтін еді дейді ол кейінгі бір еске түсірулерінде.

Яғни, Алаш көсемдері де, солардың ішінде М. Шоқай да ұлтының келешектегі тәуелсіздікке жетуінің, жеткен күндегі оны бекітіп іске асырудың бірден-бір жолы деп демократияны таңдағаны белгілі. Бұл ешбір шүбә туғызбайтын факт. Өйткені, бұрын да жазып жүргеніміздей, патшалық монархиялық

биліктің шеңберінде ұлттық құқықтардың ешқайсысы да іске аса алмайтынын олар жақсы білетін. Сондықтан төңкерістің нәтижесінде Ресейде демократиялық қоғамдық тәртіп орнанды ғана тәуелді халықтар оған автономия түрінде кіру керектігі туралы тұрғы осыдан шығады. Бұл көзқарасын олар Алаш партиясының бағдарламасында анық көрсетті, онда демократиялық федеративтік Ресейдің мемлекеттік басқару формасы парламенттік республика болу керек делінген. Бағдарламаны қабылдаған құрылтайдың жұмысына М. Шоқайдың белсенді қатысқаны белгілі.

Бұдан көретініміз, алаш партиясы өз бағдарламасында Ресей үшін мемлекеттік басқарудың ең демократиялық, кең көлемдегі еркіндік бере алатын формасын қалайтындықтарын көрсетті. Яғни, олар парламент депутаттарын сайлаудан бөлек президентті сайлауды онша қаламаған. Өйткені сайланған халық өкілдерінен бөлек президентті сайлау, оны парламенттен тәуелсіз, ал кейде тіпті одан жоғарырақ өкілетті етуге жол ашуы мүмкін. Ал ондай жол өз тарапында президенттің жеке билігіне алып баруға оңтайлы форма. Патша кезіндегі жеке биліктің зардабын жақсы білетін ұлттық дана басшылары осындай қауіпті алдын ала көре білген деуге болады. Ал парламенттік республика ондай қауіптің жолдарын жабуға тиіс болатын.

Бұл тұрғыда Алаш қозғалысы көсемдері белгілі мағынада Орыс төңкерісшіл демократтарынан да ілгері кеткен деуге толық негіз бар. Оны орыс демократтарының, солардың ішіндегі ең белгілілері – А.Ф. Керенский мен П.А. Милюковтардың саяси эволюциясы, саяси іс-әрекеттері көрсетті. Олардың көпшілігі орыс емес ұлттардың Ресей империясынан бөлініп, дербес мемлекет құруына қарсы шыққандары белгілі.

Ал бұл демократиялық дүниетанымның түпқазықтарының бірі және Ресейдің орыс емес халықтарының аумақтық автономия деңгейінде болу құқығын Уақытша үкімет, оның кейін басшысы болған Керенский де кезінде мойындаған болатын. Бірақ шет елде эмиграцияда жүрген жылдары осы қайраткер ғана емес, тіпті оңшыл, солшыл социалистер де біртұтас, бөлінбейтін Ресей империясы пиғылына ойысып

кетті. Қысқасы орыс демократтары шынайы демократиялық тұрғыдан белгілі кезеңде кері шегініп, жарты жолда қалып қойды. Ал түпкі мағынасында Ресей империясындағы орыс емес халықтардың ұлттық дербестігін мансұқ ету жалпы демократиялық әлеуметтік тұрғыға теріс айналу еді.

Түркістан халқының келешегін, оның бодандықтан құтылуының мемлекеттік, қоғамдық формаларын басқа жолдан көргендер де болғаны мәлім. Мұны әсіресе «Шуро-и-Улема» тобы мен «Шуро-и-Исламия» ұйымдарының бағыт-бағдарының айырмашылығынан-ақ көруге болады. «Шуро-и-улема» бағытының өкілдері Түркістан халқының келешегін Шариғат заңдарына негізделген қоғамдық жүйеден көрген еді. Егер осы талап қабылданса, олар Ресейдегі бұрынғы әлеуметтік, тіпті большевиктік жүйеге де мойынұсынуға даяр екендігін көрсеткен.

М. Шоқай және жақтастарының осындай көңіл-күйдегі топтармен түсіністікке жол табу үшін қаншалықты күш жұмсауға тура келгендігі оның «Естеліктерінде..» айтылған. «Біздер, керек десеңіз, материалистер, өзімізше «Вольтершілдер» болдық. Біз алдыңғы қатарға саяси азаттық пен әлеуметтік шындық мәселелерін қойдық. Халықтың діни сеніміне аса зор құрметпен қарай отырып, біздер Шариғатты ұлтты азат ету құралы деп есептемедік», – деп жазды ол [1].

Революцияның нәтижесінде Ресейде федеративтік парламенттік республика орнауы тиіс дейтін идеяға М. Шоқай мен оның жақтастары соңғы сәтке адалдық танытты. Олардың ұлттық тәуелсіздікке деген барлық мұраттары соған байланысты еді. Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкіметтің ұйымдастыруымен өткен Құрылтай жиналысына, яғни Ресейде тұңғыш бостандық жағдайында өткен парламент сайлауында Түркістан өлкесінен 33 кісі сайланған болатын.

Келешек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы Ресейді федеративтік республикалар одағы деп жариялайтынына сенді. Түркістан сол құраманың бір бөлігі, яғни аумақтық автономиялық тең құқықты республикалардың бірі болады деп есептелген. Уақытша үкімет басшылары да солай болады деп есептеген. Бірақ, Құрылтай жиналысы өзінің тұңғыш оты-

рысына большевиктер басқарған Кеңес үкіметі орнағаннан бір айдан астам уақыт кейін жинала алды. «Тағдыр бізге құрылтай жиналысына баруды бұйыртпады, – деп жазды М. Шоқай. 1918 жылғы қаңтарда кеңес өкіметі дәуірінде өткен құрылтай жиналысының ашылуына біз бармадық, еліміз Түркістанда қалдық. Құрылтай жиналысы өзінің мәжілісінде Ресейдің республикалар федерациясы болғаны туралы ғана заң шығара алды. 6 қаңтар күні таңертең большевиктер оны таратып жіберді. Сол тұстағы Ресейдің қарамағындағы барша халықтар үміт күткен құрылтай жиналысы жойылып, мәңгілік құрыды. Біздің сол кездегі бір одаққа бірігеміз деген үмітіміз де мәңгілік үзілді...» [1, 318 б.].

Бүкіл Ресейде демократиялық күштердің ақырында жеңіліс тауып, жаңа бір тоталитарлық күштің үстемдікке келуіне орыс демократтарының жартыкеш демократиялы тұрғыда болуы негізгі себеп болды деуге болар еді. Өйткені олардың өзі халықтың басым көпшілігінің ең көкейкесті мүдделеріне жауап бере алмады. Империялық пиғылдан толық арыла алмаған олар соғысты бітімгершілікпен аяқтаудың орнына оны жеңіске жеткенге дейін жалғастыра беруді ұстанды. Шаруалар үшін жер мәселесін шешудің айқын жоспарын ұсына алмады. Сол себепті халықтың басым көпшілігі болған шаруалардың белсенді қолдауына ие бола алмады. Ресейдің орыс емес халықтарының Ресейден бөлініп, дербес мемлекет құруы мәселесінде де олардың басым көпшілігінің ұстанымы екіұшты болатын.

М. Шоқайдың Ресей құрамындағы Түркістан автономиясы қандай болу керек екендігі жөніндегі көзқарастары да осы парламенттік республика құрылымына сай болған. Яғни, М. Шоқай мен оның жақтастары Түркістан автономиясының да мемлекеттік басқару формасы парламенттік республика болуы керек деп есептеген. Оған оның «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген еңбегіндегі мына сөздері дәлел бола алады деп ойлаймыз: «Біз құрылтайларымызда автономия туралы ашық айта алмадық. Тек ұлттық орталығымызда, облыстық комитеттерімізде көп талқылаған тақырыбымыз осы. Біз сол тұста автономияны былай түсінетінбіз: Түркістанның дербес

ел басқаратын мекемелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті және іс жүргізетін үкіметі болуға тиіс деп ойлайтынбыз. Сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істер Бүкілресей федерациясы үкіметінің ісі деп есептейтінбіз. Оқу-ағарту жұмыстары, жергілікті жолдар мәселесі, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселелерінің бәрі жергілікті автономиялы үкіметтің ісі деп қарайтынбыз. Біз әсіресе жер мәселесіне ерекше мән беретінбіз. Әскери құрылыс мәселесіне де едәуір елеулі өзгерістер енгізбекші едік. Мәселен, Бүкілресей үшін құрылған әскери комиссариатта болумен бірге түркістандықтардың әскери қызметін Түркістанда құрып, Түркістанда қалдыру біз үшін маңызды мәселе еді [1, 289 б.].

Өзінің ұлттық өзгешеліктеріне өз заңдарын құра алатын, орталық билік органдарына да тең құқықта қатыса алатын, өз жері, өз қарулы күштері бар, өз істерін өзі басқаратын мұндай автономия ұлттық тәуелсіздікті шын мағынасында толық дерлік деңгейде қамтамасыз ете алар еді. Бұл, әрине, біз білетін Кеңес Одағындағы өз билігі өзінде жоқ республикалар емес. Әрине, Кеңестер одағы кезінде де одақтас республикалар тең құқықты деп сөз жүзінде, яғни конституцияда жазылатын.

Парламентаризм принципіне, яғни халықты биліктің түпкі субъектісі деп тануға беріктік Түркістан халқының 1917 жылғы 26 қарашада Қоқанда ашылған ІҮ-төтенше құрылтайында, оның шешімдерінде айқын көрінді. Құрылтайдың шешімдері бойынша «Түркістанды Ресей федеративтік демократиялық республикасымен біртұтас аумақтық автономия деп жариялап, дегенмен автономия формасын шешуді Түркістан Құрылтай жиналысының қарамағына қалдырады... [1, 289 б.]. Өз алдына Түркістан Құрылтай жиналысын шақыруды М. Шоқай «Ресейде үкіметтің жоқтығы себепті... Бүкілресейлік құрылтай жиналысының ұйымдастырылуы екіталай» болып отырғанымен түсіндіреді [1, 289 б.]. Яғни бұл Бүкілресейлік құрылтайға Түркістан өлкесінен сайланатын 33 депутаттан құралатын Түркістан Құрылтай жиналысы – заң шығарушы органы деп тану. Яғни халық сайлаған депутаттардың бірден бір заңды билік екенін мойындау. Сондықтан да Түркістан халқының ІҮ-төтенше съезі Түркістан Құрылтай жиналысы

шақырылғанға дейін билік жүргізу үшін Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық басқармасын (үкіметін) сайлады. Яғни олардың түсінуінше Түркістан Құрылтай жиналысы – Түркістан мемлекетінің жоғарғы заң шығарушы билігі, ол өзінің алғашқы жиналысында үкіметті де құруы тиіс.

Халық тарапынан ешқашан сайланбаған, билікті тек қарулы күшпен тартып алған большевиктер партиясы ешқашан өз билігін уақытша деп атаған емес, оның заңсыздығын мойындаған емес. М. Шоқай демократиялық жүйелердің бір халықтың жеке топтарының ерекшелігіне сай саяси басқарудың да құрылымдары өзгеріп немесе соған бейімделуі тиіс екендігін ескеріп отырған. Түркістан түріктерінің жеке ұлыстарының өзгешеліктеріне қарай ондағы демократиялық мемлекеттің федеративтік болу мүмкіндігін де теріске шығармаған. «Яш Түркістан» журналының 1939 жылғы 116–117 сандарында басылған «Түрік бірлігі төңірегінде көтерілген орынсыз айтысқа орай» деген мақаласында ол түрік бірлігін мәдени бірлік қана емес, мемлекеттік бірлік мағынасында айтқаны үшін айыптаған Аяз Исқақиға берген жауабында былай деп жазған: «...мен өзім және азшылықтағы түркістандықтар, тарихта Ресейдің басына бұрынсоңды көрмеген қара бұлт төнген кезенді пайдаланып ұлттық географиялық (қаласаңыз – «геосаяси») шарттар мүмкіндік берген шекара ішінде (Кавказия тәрізді маңызды және ұлы бірліктің конфедерациясы ма, жоқ әлде басқа бір түрдегі бірлескен мемлекет болса да мейлі) мейлінше ұлы «Түрік мемлекеттік бірлігінің» құрылуын ешқашан көзден таса еткен жоқпыз», – деп жазды [1, 241 б.]. М. Шоқайдың жұбайы Мария Шоқай да өз естеліктерінде ол ... Швейцария мемлекетінің үлгісімен федерация құрғым келеді» дейтін деп жазады [2, 406 б.].

Федерациялық құрылым, әрине, мемлекеттің демократиялық құрылысына, жалпы демократиялық мемлекеттік формаға қайшы келмейді. Керісінше, ол демократиялық принциптің белгісі. Ол әрбір жеке адам, азамат болсын немесе жеке әлеуметтік топ болсын, олардың жекелік дербестігін, субъектілігін құрметтеудің түрі. Ондай құрметтеуге әрбір жеке адамнан бастап қандай да болмасын халық, топ, тайпа, тап тағы басқа принцип жүзінде лайықты деп қаралуы тиіс. Іс

жүзінде тарихта бұл принцип көбінесе орындалған жоқ. Бірақ одан ол принциптің түпкі ақиқаттылығы жоғалмайды. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда, – деп жазды М. Шоқай, – жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ. Халықтың бәрі бірдей. Бірақ саяси тұрғыдан алғанда – мәселе басқашалау. Бұл салада халықтар өзінің саяси дайындығына, жалпы дайындық деңгейіне қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Әсіресе бұрынғы патшалық және қазіргі Кеңес Ресейі сияқты көп ұлттан құралған «құрама мемлекет» ішінде теңдік пен өзін-өзі билеу жолындағы күрес дәуірінде бұл айырмашылықтардың маңызы орасан зор... Біз қазіргі заманғы саяси құрылысы өзімізден әлдеқайда озық, үлкен бір халықтың шеңгеліне түсіп қалдық. Ол бізден анағұрлым бай, анағұрлым тығыз топтасқан әрі қай жағынан алғанда да бізден анағұрлым артық қаруланғанды» [1, 271 б.]. Өз сөзімен айтқанда «Вольтершіл», Руссоның, Канттың ойларына, тіпті Ницшенің идеясына да сілтеме жасап қана емес, сыни тұрғыда баға беріп отыратын М. Шоқайдың осы сөздерінің ар жағында тұтас бір философиялық негіз жатыр. Оның түпкі өзегі Руссода біршама нышандары көрінген, Канттың шығармашылығында метафизикалық мағынада өрбітілген адамның дүниеде болуының түпкі жолы, болу тәсілі еркіндік екендігі жайындағы идея. Тарихи дамудың қандай деңгейінде тұрмасын, адам еркіндікке ұмтылады. Егер ол өз еркіндігін қамтамасыз етуге жеткілікті деңгейде ұйымдаспаған, біліктілігі төмен, нашар қаруланған болса, бағынуға, тәуелділікке көнуі ықтимал. Белгілі бір кезеңге дейін. Адамдардың өзін-өзі анықтауға деген құқығы осы адамдар болмысының түпкі өзегі еркіндік екендігінен шығатынын бұрын да айтқанбыз. Егер философиялық, адамгершілік тұрғысынан адамдар, халықтар бірдей, тең болатын болса, ол теңдік олардың түпкі табиғатының, адамдық мәнінің бірдейлігінде. Яғни адам қандай деңгейде тұрмасын, бәрібір адам. Түпкі мәнділігі еркіндік болғандықтан олардың барлығының өзін-өзі билеуге, өзінің кім, қандай және қалай болатындығын өзі шешуге қақылы. Ол, XVIII ғасырдағы «табиғи құқық» теориясы өкілдері айтқандай, адамнан ажыратуға болмайтын қасиет. Өйткені одан ажыраған адам адам болудан қалады. М. Шоқайдың «жа-

ман халық», «жақсы халық», деген ұғымдар философияда жоқ деп отырғаны осы. Әрі бұл тұста философия да, адамгершілік те бір тұрғыда тоғысып тұр. Бұдан шығатын қорытынды: адамдарды адам ететін нәрсе – олардың қаншалықты деңгейде ұйымдасқандығы, топтасқандығы, қаруланғандығы, күштілігі, әлсіздігі секілді белгілері емес, олардың адамгершілік деңгейі. Олай болса қазіргі заманғы шынайы гуманизм, егер ол бар болса, адамның осы түпкі құндылығын қастерлеуі тиіс. Бүкіл адамдар аралық, халықаралық, мемлекетаралық қатынастар осы принциптерге орнығуы қажет.

Түркістан аймағындағы әлеуметтік тарихи ахуал

1917 жылдың ақпаны мен 1918 жылдың соңына дейінгі тарихи кезеңдегі Ресей және оның ішінде Түркістан аймағындағы әлеуметтік тарихи ахуалдың алаш қозғалысы мен Түркістан автономиясына аз да болса тиімді, ал негізінде өте зардапты ықпалдары айрықша көңіл аударарлық жағдай. Бұл ең алдымен Ресей демократиялық күштерінің, партияларының дәрменсіздігінен және демократиялық бағыттағы өрісінің тарлығынан еді. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде Уақытша өкіметте билікке келген кадет партиясының да, социалистік партиялардың да демократиялық мұраттарының империялық өктемдіктен әлі арылмағандығы айқын көрінді. Ресей халқының басым көпшілігі болып отырған шаруалар үшін ең көкейкесті мүддесі жер реформасы болатын. Ресей демократтарының бұл жөнінде де айқын да нақты жоспары болмады. Бұл жөнінде олардың ортақ тұрғысы қалыптаспады. Нәтижесінде қалың бұқара шаруаларды ынталандыратындай ешнәрсе ұсына алмады. Ал жалпы бостандық, демократия ұрандары оларды қанағаттандыра алған жоқ. Ресей шаруаларының көпшілігі сондықтан Ақпан революциясына бейтарап қалды.

Ресейге кіретін, оған көбіне отарлау жолымен қосылған басқа халықтар үшін бұл революция үлкен үміт тудырғаны рас. Олардың ішіндегі ең дамыған өлкелер – Польша мен Финляндия – Ресейден бөлініп дербес мемлекет болуды армандайтын. Басқа халықтардың біразы демократиялық Ресейдің құрамында автономия құруды көздейтін. Бірақ орыс ұлтынан шыққан, билікке келген демократтар бұл үміттерді де ақтай

алмай қалды. Қалың бұқараның, солардан шыққан солдаттардың ұзақ соғыстан қажығандығын ескермейтін Уақытша өкімет соғысты ақырғы жеңіске дейін жалғастыру туралы шешім қабылдағаны белгілі. Яғни, халықтың басым көпшілігінің мұң-мұқтажынан ол «демократтар» алыс болып шықты. Ұлттардың бостандығы мәселесінде олар автономия идеясын қолдағанымен, ұлттардың Ресейден бөлініп, дербес мемлекет құруына қарсы еді. Осы және тағы басқа себептерден бұл билік кең ауқымда қолдау таба алмай, құлап қалғандығы мәлім. Большевиктер болса жер-шаруаларға, фабрика-зауыттар-жұмысшыларға деген сияқты түбінде жалған, бірақ халықтың көпшілігінің көңіліне қонымды ұрандарды барынша пайдаланып билікке келіп алды.

Азамат соғысы кезеңіндегі өзара кескілескен монархиялық, анархиялық, большевиктік және басқа да күштердің ешқайсысы да Ресейге кіріптар ұлттардың мүддесін көздеген жоқ. Ал жаңа ғана өз ұлтының алғашқы билік нышандарын түзеп жатқан Алаш көсемдері мен Түркістан автономия басшыларының қолында оларға қарсы сондай әлуетті күштерге қарсы тұра алатындай қауқары жоқ, кадрлар тапшы болатын. Құрылғаннан кейінгі екі айдай ғана уақыт ішінде жеткілікті қарулы күштерді құра алмады. Басқа істердің бәріне де енді кірісу керек еді. Қазақстанда да, әсіресе Түркістанда да қалың бұқараның саяси белсенділігі өте төмен болды. Осы жағдайлардың барлығы бұл жаңа құрылған автономиялардың баянды болуына мүмкіндік бермеді. Тіпті Ресейдің өзінде де демократиялық жүйенің баянды бола алмағаны, онда енді басқа бір тоталитарлық бағыттың үстемдік алуы осыны көрсетеді.

Демократиялық идеяның ең өзекті жақтарының бірі – халық билігі, ұлттардың тәуелсіздігі, дербестігі. Империялық өктем болған ұлттардың шыққан демократтардың өздері осы бұрынғы кіріптар ұлттардың бостандығы, дербес мемлекет құруы мәселесінде көбінесе оңбай сүрінеді. Тап осы мәселеде Ресейдің «нағыз» демократтары ретінде атағы шыққан Милюков, Керенскийлердің империялық өктемдік пиғылдарының көріністеріне М. Шоқай әсіресе шет елде жүргенде куә болды. Әуелде Керенскийдің «Дни» және Милюковтың «Последние

новости» деп аталған газеттерінде қызметтес болып жүргенде олардың «бөлінбейтін бүтін Ресей» идеясына көңілдерінің қатты құлағанын, Түркістан халықтарына деген менсінбеушілік көзқарастарын көргеннен олардан іргесін толық ажыратқанын білеміз. Ол туралы М. Шоқай «Яш Түркістанда» бірнеше рет жазғанда болатын. Бұл жөнінде әсіресе А. Керенскийді қатаң сынға алған еді. «Керенскийдің «басында – бағдарлама, қолында – жұмыс» ұраны большевиктердің орнына келетін кез келген үкіметті, тіпті ол үкімет әскери диктатура болса да қабыл алу дегендікті білдіреді» [1, 145 б.].

М. Шоқайдың Еуропадағы қызметі, жалпы өмірі оны демократ ретінде шыңдай түсті. Орыс эмигранттарының көзқарастары мен істерін сынағандағы оның негізгі нысанасы да олардағы демократиялық ұстанымның жетімсіздігі болды. Ал шет елде, әсіресе, Парижде көп қоныс тапқан монархистермен оның жұмысы да болған жоқ.

Ал өз жүйесін демократияның ең жетілген типі санап жүретін большевиктердің теориясы мен практикасын сынауда оның барынша жаншыла әшкерелейтіні – халықтардың да, жеке азаматтардың да құқықтарын олардың аяққа басындығы еді. Большевиктердің пролетариат диктатурасы туралы негізгі идеясы және бірде бір пролетариат жоқ Түркістанда сондай диктатура дегенді орнатуы – большевиктік жүйенің дүниеде болмаған озбырлықтың үлгісі екенін ол бүкіл шығармашылығының, күресінің, идеясының басты тақырыбы етті. Ол тіпті Кеңестер одағында сол пролетариаттың диктатурасы емес, большевиктердің партиялық органдарының үстемдігі орнағанын да айтқан еді.

Шынында, тұтас бір таптың, әсіресе пролетариаттың халықтың басқа топтарының барлығына үстемдік ету идеясы, М. Шоқай айтқандай, ешбір қисынға келмейтін нәрсе. Оның о бастан зорлық екендігі бірден көрініп тұр. Ондай диктатура халықтың басқа барлық топтарына өз мүддесін, бағдарламасын, өз ырқын орындату, солар арқылы іске асыру деген сөз.

Алаш жетекшілерінің Ресейдегі Ақпан революциясын бұратана ұлттарға, соның ішінде Түркістан халқына да бос-таңдық әкеледі деген үлкен үмітпен қарсы алды дегенбіз.

Өйткені революция патша билігін, монархияны жойды. Ресей демократиялық партиялары – кадеттер, оңшыл және солшыл социалистер т. б. келешек Ресейді федеративтік демократиялық республикалар түрінде көруші еді. Яғни, Ресей империясына кіретін орыстар және тағы басқа халықтар өз республикаларын құрып, федерацияның тең мүшесі бола алады деп ойлайтын. Орыс демократтары осы өз атына сай халықтар теңдігі идеясына оң қарайтын. Бұл, әсіресе, А.Ф. Керенский, П.Н. Милюков сынды саяси қайраткерлердің Дума мінберіндегі сөйлеген сөздерінде көбірек айтылатын. Ақпан революциясының нәтижесінде билік басына келген демократтардың өздері құрған өкіметті уақытша деп атауы тегін емес еді. Олардың тұрғысынан қарағанда билік халықтың басым көпшілігінің ықтиярлығымен келген жоқ, орталықтағы төңкерістің нәтижесі ғана еді. Сондықтан да құрылған билік бүкіл халықтың ырқын білдіре алмайтындықтан бұл өкіметтің міндеті – биліктің бірден бір заңды түрі бола алатын Құрылтай жиналысының (парламенттің) сайлауын дайындап, өткізу деп есептеді. Құрылтай жиналысының сайланған депутаттары ғана халықтың еркін білдіретін шын билік бола алады, тек солар ғана атқару билігінің органы – өкіметті сайлайды. Осы Ресей тарихында бірінші рет болған, жалпы тең құқықтық жағдайда демократиялық жолмен сайланған ең бірінші парламентті октябрьде билікті қолына түсіріп алған большевиктер көсемі Лениннің нұсқауымен күшпен таратып жіберді. Оған дейін Құрылтай жиналысы идеясын Лениннің өзі, яғни большевиктер қолдап келген еді. Бірақ сайланған Құрылтай жиналысы депутаттарының көпшілігін большевиктер құрай алмады. Басқаша айтқанда Ресей халқының сайланған заңды билік органын халықтың азғантай тобы – фабрика-завод жұмысшыларының – қарулы көтерілісімен ғана келген большевиктер зорлықпен таратып жіберді. Осы Құрылтай жиналысының құрамында Түркістан халықтарынан сайланған депутаттар да бар еді. Солардың бірі Мұстафа Шоқай болатын. Большевиктердің демократияға жат күш екендігін олардың теориялық қағидаларын білмейтіндер үшін де айқын көрсете алатын ең сорақы факт осы болатын.

